***Irmekbaeva Elvira Erbulatovna¹** - Master's student, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: elvira_xdrive@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0004-1303-8486>

Baktygaliyeva Mendigul Elemesovna² - 1st category research teacher, secondary school № 16, Uralsk, Kazakhstan

E-mail: mendigul_b@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0001-6368-9891>

Abstract. The article is an overview of the experience of using the art therapy method in pedagogical and psychological practice of working with preschool children with speech retardation. In order to identify a number of the most effective forms, techniques and directions of correctional art therapy for children suffering from OCD, foreign and domestic scientific, theoretical and applied research in this field was analyzed. The problem of correcting speech retardation has become increasingly significant in recent decades, as evidenced by world statistics: the number of children with various speech development disorders is growing, including in Kazakhstan, and special education is constantly searching for the most effective ways and methods of correctional work. One of these methods is art therapy, which has been actively used in the practice of Russian teachers, psychologists, and speech therapists in recent decades. An excursion into the history of art therapy allowed us to draw a conclusion about its wide possibilities not only in traditional (clinical) psychotherapy. It is becoming a promising, effective means of correcting speech development disorders in children. We can definitely talk about the high degree of universality of this method and its wide possibilities not only for motivating a child's speaking, but also for his intellectual and emotional development. Fairly

tale therapy with the inclusion of other art therapy techniques is becoming one of the most effective forms. At the same time, as evidenced by the analysis of scientific and applied content on the problem, the importance of various types of correctional art therapy increases if it is used not only by specialists, but also in family education.

Key words: delayed speech development, speech skills, speech development, creative activity, correctional work, art therapy methods, fairy tale therapy.

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

БАЛАПАШЕВ Б.С.*, ХАЛИЛ Г.

*Балапашев Бекен Сарсенгалиевич – Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: beken.balapashhev@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7744-2008>

Халил Гюнай – PhD, Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: hall.gnany@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1503-7415>

Аңдатпа. Мақалада қазақ жастарының ұлттық рухын қалыптастырудың негізгі факторы ретінде Түркі дүниетанымы контекстіндегі білім беру мен тәрбиелеу проблемаларының маңызы қарастырылады. Автор білім мен тәрбие қоғам дамуының іргелі негіздері ретінде танылғанына қарамастан, олардың тиімділігі түркі философиясының өзегін құрайтын моральдық және рухани құндылықтармен үйлескенде ғана ашылатынын атап көрсетеді. Зерттеу барысында көрнекті ойшылдар — Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Шәкәрім, Абай және түркі зияткерлік дәстүрінің басқа да өкілдерінің рухани мұраларына талдау жасалады. Олардың білім мен адамгершіліктің үйлесімділігі, жеке тұлғаны рухани жетілдіру, жауапкершілікке тәрбиелеу және қоғамдық игілікке ұмтылу туралы көзқарастарына ерекше назар аударылады.

Жаһандану жағдайында ұлттық сана мен мәдени тұтастықты сақтау мәселесі қоғамның рухани негіздерінің тұрақтылығы құндылықтардың сабақтастығымен анықталатын түркі философиясы идеяларының объективті арқылы қарастырылады. Яссауидің ізгілік, рухани жетілу және әлеуметтік жауапкершілік туралы ілімі қазіргі жастарды тәрбиелеуде әдіснамалық тірек бола алатындығы дәлелденді. Мақалада сонымен қатар білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылықтардың, Ана тілі мен рухани-адамгершілік тәрбиенің рөлі ашылады. Талдау негізінде түркі дүниетанымына негізделген рухани-адамгершілік тәрбие ұлттық иммунитетті нығайтудың, бірегейлікті сақтаудың және орнықты ұлттық рухты қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: білім, ғылым, тәрбие, түркілік дүниетаным, философия.

Кіріспе.

Жаһандану мен қарқынды әлеуметтік өзгерістердің қазіргі дәуірінде білім мен тәрбие мәселелері ерекше өзектілікке ие болады, өйткені олар адами капиталдың сапасын, мәдени дәстүрлердің тұрақтылығын және қоғамның рухани даму дәрежесін анықтайды. Қазақстан үшін бай тарихи-философиялық мұрасы бар мемлекет ретінде ғасырлар бойы халқымыздың адамгершілік бағдарлары мен рухани құндылықтар жүйесін қалыптастырған түркі дүниетанымына Үндеу ерекше маңызға ие.

Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Абай, Шәкәрім және т.б. ойшылдардың еңбектерімен ұсынылған түркі философиясы білім, адамгершілік және рухани жетілу бірлігінің қажеттілігін баса көрсете отырып, адамның, қоғамның және әлемнің үйлесімділігі туралы тұтас түсінік береді. Бұл идеялар жаһандық мәдени әсерлер ұлттық бірегейлікті жоғалтуға, рухани бағдарлардың әлсіреуіне және Жастардың құндылық басымдықтарының деформациясына әкелуі мүмкін жағдайларда ерекше маңызға ие болады.

Қазақстанның қазіргі заманғы білім беру жүйесі білім беруді ғана емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік қасиеттерге, жоғары әлеуметтік жауапкершілікке және тұрақты ұлттық санаға ие тұлғаны қалыптастыруды өз міндетіне қояды. Осыған байланысты түркі дүниетанымына үндеу тәрбие процесін жаңғыртудың аса маңызды әдіснамалық негізіне айналады.

Осы зерттеу түркі ойшылдарының рухани мұрасын талдауға және оның қазіргі жағдайда қазақ жастарының ұлттық рухын нығайтудағы рөлін анықтауға бағытталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу материалдары түркі ойшылдарының философиялық, тарихи-мәдени және педагогикалық еңбектері, соның ішінде Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Абай, Шәкәрім

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
шығармалары, сондай-ақ жаһандану жағдайындағы рухани тәрбие, ұлттық бірегейлік және
білім беруді дамыту мәселелеріне арналған заманауи ғылыми еңбектері болды. Түркология,
мәдениеттану, акмеология және педагогикалық антропология саласындағы зерттеулер,
сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім беру саясатын реттейтін нормативтік құжаттар
Қосымша дереккөздер болды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі түркі дүниетанымын тұтас рухани-философиялық жүйе
ретінде қарастыруға мүмкіндік берген жүйелі, мәдени және тарихи-салыстырмалы тәсілдер
қағидаттары болып табылады. Ойшылдар еңбектерінің мазмұнын талдау үшін мазмұнды
талдау әдістері, герменевтикалық әдіс және философиялық-педагогикалық интерпретация
әдісі қолданылды, бұл тәрбие мен біліммен байланысты негізгі идеялар мен құндылықтарды
анықтауды қамтамасыз етті.

Салыстырмалы-аналитикалық әдіс рухани тәрбие туралы дәстүрлі түркі идеяларын
қазіргі білім беру тұжырымдамаларымен салыстыру үшін қолданылды. Аксиологиялық
талдау элементтері қазақ жастарының дүниетанымын қалыптастырудағы ұлттық
құндылықтар мен моральдық-этикалық нормалардың ролін анықтауға мүмкіндік берді. Осы
әдістердің кешені алынған нәтижелердің дұрыстығы мен ғылыми негізділігін қамтамасыз
етті.

Адамзат баласын алға жетелейтін және оның өлшемі болатын екі нәрсе бар. Ол – білім
мен тәрбие. Білімді адам, тәрбиелі ел қай уақытта болса да қоғамның алға жылжуына
септігін тигізеді. XX ғасырдың әлеуметтанушысы П. Сорокин: «Әрбір қоғамның тағдыры
оның адамдарының сапасына байланысты. Ақымақтар мен қабілетсіздерден тұратын қоғам
еш уақытта табысқа жетпейді. Олардың қолына керемет конституция, бағдарлама берсең де,
тамаша қоғам жасай алмайды. Керісінше, білімді, жігерлі адамдардан тұратын қоғам
жетістікке жеткізеді» [1].

XXI ғасыр білімділер мен ғылым ғасыры. Бірақ білім мен ғылымның келеңсіз жағы тым
әсер етіп, билік құруда. Осыны ерте байқаған ғұламаның бірі - Шәкәрімнің мынадай пікірі
бар: «Адамның табиғатын қандай игі күш-жігермен түзетуге болады? Білімді адамдар
кәсіптің құпияларын біледі, олардың шексіз мүмкіндіктері бар, алайда білімді адамдар
өздерінің білімін қайда, қай істе пайдаланады?» - деп сұрақ қойып оған өз көзқарасын
білдірді. «Менің білуімше - адамдар білімнің көмегімен өлім себетін қарулар жасауды
үйренді, улы газдарды ойлап тапты, бірін-бірі жабайы аңдарды атқандай қырып-жойды,
күштілері әлсіздерін құл етті, бүкіл планетамыз қанға бөкті». Осы мәселелер жөніндегі
пікірін Шәкәрім ары қарай былай жалғастырады: «Адамдарды еңбек етуге үйрету
қажет,білімді болуға үйрету қажет, бірақ адам бойындағы адамгершілік кемтарлықты жоюға
мұның бәрі жеткіліксіз. Адамды тәрбиелеу барысында ар-ождан ғылымын енгізу қажет.
Ғалымдар осы жөнінде ойлануы, бұл теорияны баршаға міндетті пән ретінде жасауы тиіс.
Адамдарда кішкентайынан бастап асқан парасаттылық, өзін-өзі құрметтеу сезімін тәрбиелеу
қажет, бұлар жануарларға тән инстинкттерді, зиянды құмарлықты жоюға көмектесуі тиіс.
Сонда ғана адам мен адамзаттың түзелетіне үміт артуға болады...» [2].

Білімді адам залалды немесе ізгілікті істі жүргізуі мүмкін. Сондықтан білім мен тәрбие
туралы мәселе көтергенде ізгілік бірінші орында тұруы керек. Антика заманының ойшылы
Сократ айтқан екен: «Нашар тамақ ішкен кезде адам ағзасының қалай бұзылатыны сияқты,
білім ізгілікті болмаса, адам да сондай рухани күйзеліске түседі». Әл Фараби болса,
«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп бекер айтпаса керек. Сондықтан
білімді деп – ізгілікті білімі бар адамды айтқанымыз орынды. Қазақстанның бүгінгі
жағдайында қазақ тілін білмеген, қазақ әдебиетін оқымаған, тарихтан бейхабар, қазақ
газеттерін қарамайтын адамды білімді деп айта алмаймыз. Білім дегенді нақты бір кеңістікте
қарастыратын болсақ, яғни Қазақстан жағдайында, елде тұратын азаматтар елдің 65 пайызын
құрайтын қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білмесе, оларды білімді адамдар
қатарына жатқызу дұрыс емес. Бұл жерде білім беру арқылы патриотизмді қалыптастыруға
негіз табуымыз қажет. Орыс ағартушысы Н.Г.Чернышевский «Өз Отанына салқын адам
бүкіл адамзатқа да опа бермейді» деген болатын. «Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
әрқашан аталарымыздың бойынан табылған. Мысалы, елімізде өмір сүріп жатқан өзге
этностар Абылай хан, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Ахмет, Әлихан, Мұстафа
Шоқайларды Отанын қорғаған батырлар ретінде танып, өз қаһармандары ретінде
қабылдаулары керек» [3].

Осы орайда қазіргі қазақ ұлтына жаны ашитын әрбір оқытушы болсын, үйретуші
болсын бірінші кезекте үйретуді ұлттық құндылықтан бастағаны дұрыс. Ол болмаса ұлттық
тәрбие, білім мен мәдениет болмай дамыған елдер қатарынан өзіміздің кім екенімізді
айқындап алу өте қиын. Біз даналардың, ғұламалардың ұрпағымыз. Ерте түркілерді
айтпағанның өзінде орта ғасырдағы – Әл Кинди, Әл Фараби, Ибн Сина, Әл Хорезмилардың
рухани саладағы еңбектерін қоспағанда ашқан жаңалықтары мен ғылымдағы жетістіктері де
жетіп артылады. Тоғызыншы ғасырда өмір сүрген мұсылман ғалымы Әл Хорезми алгебра
мен арифметика ғылымының жүйелі түрде негізін қалады. Көптеген зерттеу жұмыстарын
жүргізіп барып қолға алған «Әл Жәбр уәл-Мұқабалә» атты еңбегі он екі ғасырдан кейін өмір
сүрген күллі Батыстық математиктерге бағыт сілтеп, жол ашты. Ренессанс уақытының ірі
математигі Героламо Гардано Хорезмиді өмірден өткен он екі данышпанның біріне қосқан.
Нөл цифры алғаш рет Хорезмидің есеп өнері жайлы еңбектерінде кездескен. Хорезми егер
ондықтар қатарында сан болмаса, реттілікті сақтау үшін кішкене бір шеңбер қойылуды алға
тартқан. Ол шеңберді мұсылмандар «іші бос» деген мағынада сыфыр деп атаған. Профессор
Рислер өз еңбегінде былай дейді: «Мынаған баса назар аудару керек, соншалықты зерек,
ақылды бола тұрса да гректер де, мәдени деңгейі жоғары болса да римдіктер де ешқандай сан
жүйесін ойлап таба алмады. Бұрынғы адамдар саусақтарымен санайтын. Нөл табылғанына
350 жыл өткен соң ғана Европада есеп ғылымы қолға алына бастады» [4].

Мемлекеттің мықты болуы үшін рухани жағымыздың тамыры тереңде болуы керек. Ол
үшін «ұлттық иммунитет» қажет. Ұлттық иммунитет дегеніміз – сол халықтың ұлттық сана-
сезімі, салт-дәстүрі, ұлттық дүниетанымы, ұлттық рухы. Осыларды мектептен бастап оқыту
қажет. Қазақ руханиятында өзге ұлттардың мәдениеті мен тәрбиесі кіретіндей бос жер
болмауы керек, ол үшін қазақ ұрпағын өзге түркі халықтары секілді Яссаудің, Әл
Фарабидің, Баласағұнның, Игүнекийдің, Абайдың, Шәкәрімнің еңбектерімен оқытып,
тәрбиелеу керек. Мысалы: Англияда өздерінің ұлттық дүниетанымына, құндылығына,
рухына, дініне негізделген «английканская церковь» деген жас ұрпақты тәрбиелейтін орын
бар. Олар өздерінің құндылықтарын балабақшадан бастап оқытады. Сонда әлгілерден: «Неге
осыншама қаржы бөліп, діндеріңіз бен дәстүрлеріңізді балабақшадан бастап оқытасындар?»
деп сұрағанда, олар: «Егер біз осы кезден бастап ақша бөліп рухани құндылығымызды
оқытып үлгермесек, ертеңгі күні біздің ұрпақ өзге тәрбие ықпалына кеткен кезде, оларды
қайтаруға бұдан да бес есе артық қаражат кетеді» деп жауап берген. Бұл факт те шынымен
құптарлық жайт. Және де ол біздің елге қажет-ақ.

Кез келген ұлт өз ұрпағының парасатты, білімді болуы үшін өз халқының
философиясын оқытып, үйретеді. Осы орайда біздің де айтуға тұрарлық, өзгеге үлгі
боларлық философиямыз бар. Қазақ философиясы – даналық философиясы, даналықты
игерген түсінік философиясы болғандықтан, алдыңғы кезекте ұлтымыздың рухани дамып
жетілуін өзіне мақсат етіп қояды. Өткен ғасырлардағы ғұлама бабаларымыз халықты үнемі
рухани-адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл Фараби замандастарына
«қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Баласағұн қоғамда әрбір адамның
әділетті болуын көксеген, Абай пендеге арнап «Адам бол!» деп кеңесін берген, Шәкәрім
болса, ар-ұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген.
Қазақтардың ежелгі түркілік дәуірі кезеңінде дүниетанымы болғаны белгілі. Кез келген
әлеуметтік, рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам
үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің
әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Түркі бабаларымыздың даналыққа толы
құптарлығы мен тұжырымдары тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі тілдес
халықтарға, бүкіл түркі әлеміне, одан кеңірек алсақ, барлық адамзат баласына рухани бағдар
болып табылады. «Кеңестік дәуірден кейінгі уақытта қазақ және түркі философиясы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences арасындағы рухани-мәдени байланысты тереңдету мәселесі өзекті бола түсуде. Сонымен қатар, мәдени әртүрлілікке байланысты XX ғасырда кең дами бастаған философиялық ойлау мен пайымдау жаңа типтерін игеру қазіргі таңда маңызды болып отыр. Өйткені, оларда демократиялық мәдениеттің, азаматтық қоғамның қалыптасуы, рационалдықтың жаңа тәжірибесі жинақталған. Бұл тәжірибе біздің ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, ұлттық философиямыз бен ұлттық мәдениетімізді атамекенде өркендетуге теориялық-әдіснамалық негіз ретінде көмек береді, басқа мәдени кеңістіктермен тиімді сұхбаттық қатынаста болуға шақырады» [5].

Жалпы барша түркі тілдес халықтар рухани біріксе азғындық, менсінбеушілік, тәкаппарлық, нәпсі құмарлық, билік құмарлық секілді көптеген мәселелердің шешімі табылар еді. Негізгі мақсат қандай нәрсе болса да, оқиға болса да соның байыбына, негізіне, ақиқатына жету. Бұл арада атақты Араб философы атанған Әл Киндидің пікірінше, философия тарихына, бұрын өмір сүрген философтардың еңбектеріне, идеяларына ден қою қажетті қадам. «Ақиқатты қайдан болса да және кімнен болса да, мейлі ерте замандағы немесе бізбен көршілес емес халықтардың пікірі болсын – үйреніп, қабылдаудан қысылмау керек. Ақиқатты іздеушіге ақиқаттан артық ештеңе жоқ, ақиқаттан бас тартуға немесе ақиқатты ашқан не паш еткен адамдарға менмендікпен жоғарыдан төмен қарауға болмайды, ақиқатпен ешкімді кемсітуге болмайды, керісінше ақиқат адамның адамгершілігін арттырады» [6].

Білім мен тәрбие ісінде көп еңбек еткен ең алдымен зиялы қауым. Олардың да негізгі мақсаты қайткен күнде де өз ұлтымыздың төл мәдениеті мен таным-түсінігімізді сақтап қалып, болашақ ұрпаққа жеткізу болды. Кезінде қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Сондай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика мен методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп ұстаздың халық ағарту ісінде, жас ұрпаққа тәрбие беруде, жалпы еліміздің болашағы алдындағы орасан зор жауапкершілігін айқындап көрсеткен болатын. Адамзат тарихында білім-ғылым және тәрбие мәселелерінде түркілік әлем ойшылдарының еңбегі ерекше. Олардың ішінде Ахмет Яссауи мен Әл Фарабидің ілімдерінің маңыздылығын атап өтуге болады. «Ахмет Яссауидің ілімдеріне негізделе отырып, жаһанданудың ұлттық бірегейлік пен құндылықтарға тигізетін жағымсыз әсерлерін төрт санатқа бөлуге болады. Біріншіден, өзектен алшақтау және мағынаны жоғалту. Бұл тұрғыда Яссауи даналық пен өмірдің мәнін баса айтады. Жаһандану процесі, әсіресе жылдам өзгеріс, тұтынушылық мәдениет және материалдыққа бағытталу, жеке тұлғаларды дәстүрлі құндылықтар мен рухани өмірдің «өзегінен» алшақтатуы мүмкін. Пішінді ұстану және мағынаны жоғалту қаупі ұлттық құндылықтардың мазмұнынан айырылып, тек сыртқы пішіндердің сақталуына әкелуі мүмкін. Екіншіден, дарашылдыққа және ләззатқа шамадан тыс мән беру. Әлеуметтік ынтымақтастық пен «халыққа қызмет етуді» баса көрсететін Яссауидің сопылық жолы қазіргі заманғы дарашылдықтың және ләззатқа бағытталған өмір салтының таралуымен қайшы келуі мүмкін. Қалағанын таңдау еркіндігін абсолютті ету, жеке тұлғаны қоғамның моральдық шешімдерінен тәуелсіз етіп, ұлттық бірегейліктің негізін құрайтын ортақ құндылықтарды әлсіретуі мүмкін. Үшіншіден, дәстүрлі құндылықтардың маңызсыздығы. Жаһандану арқылы таралатын бөтен мәдени ықпалдар мен өмір салты ұлттық бірегейлікті құрайтын жергілікті дәстүрлердің, тілдің және моральдық принциптердің уақыт өте келе маңызсыз болып, ұмытылуына себеп болуы мүмкін. Яссауидің «Хикметтері» осы құндылықтарды қорғауға және сақтауға қызмет етті. Төртіншіден, «Кем Алат Иле Кемалат Олмас» (Жаман құралдармен кемелдікке жету мүмкін емес) қағидасының бұзылуы. "Жаман құралдармен кемелдікке жету мүмкін емес" деген мағынаны білдіретін бұл қағида, жаһандану әкелген құралдардың (технология, байланыс, медиа және т.б.) қате мақсаттармен немесе этикалық емес әдістермен қолданылуы ұлттық құндылықтар мен бірегейліктің тозуына әкелетінін көрсетеді» [7].

Қорытындылай келе, Ахмет Яссауидің рухани және моральдық құндылықтарға,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

әлеуметтік жауапкершілікке және даналыққа негізделген ілімдері жаһанданудың ұлттық бірегейлік пен құндылықтар тұрғысынан әкелуі мүмкін жағымсыз әсерлер ретінде материалдыққа бағытталу, мәдени эрозия, рухани бос орын және шамадан тыс дарашылдық сияқты элементтерді көруге мүмкіндік береді. Оның пікірінше, бұл жағымсыз әсерлердің қайтарымы (панцеясы) дұрыс рухани жетекшілік (даналық), дәстүрлі құндылықтарға беріктік және мағыналы өмір сүру болып табылады. Ахмет Яссауи іліміне және жалпы руханиятқа негізделген ой-тұжырым аясында, жаһандануға қарсы ұлттық бірегейлікті сақтау үшін жасалатын қадамдар, негізінен, білім, мәдениет және рухани өмір салаларына шоғырланады. Білім саласында ұлттық және рухани құндылықтарға баса назар аудару тарихи және мәдени сананы нығайтады. Алайда, бұл білім ана тілінде берілуі керек, себебі ана тілінің байлығын, нәзіктігін және рухани өлшемін үйрету қажет. Бұл жаһандық тіл әкелетін мәдени таяздыққа қарсы тұруға мүмкіндік береді. Білім беру барысында, Яссауидің «Хикметтеріндегідей», тек білімге ғана емес, сонымен қатар игі әдепке, парасаттылыққа және дұрыс өмір философиясына да бағытталған рухани тәрбие оқу бағдарламасына енгізілуі тиіс. Ұлттық бірегейліктің нақты көрінісі болып табылатын дәстүрлі өнер түрлерін (музыка, қолөнер, сәулет) қолдау және жастарды осы салаларға баулу – мәдени мұраны сақтаудың ең маңызды құралдарының бірі. Тағы бір құрал – ұлттық бірегейлікті айқындайтын және әлеуметтік байланыстарды нығайтатын мерекелерді, салт-дәстүрлерді және дәстүрлі іс-шараларды өзінің түпкі мәніне адал бола отырып, зор ықыласпен атап өту. Мәдени мұраны сақтау үшін қолданылатын соңғы құрал - мәдени өнімдерді жергіліктендіру. Басқаша айтқанда, жаһандық трендтерге соқыр еліктеудің орнына, ұлттық нақыштар мен құндылықтарды қамтитын төл мәдени өнімдерді (кино, әдебиет, музыка) шығаруды қолдау керек. Яссауи назар аударған соңғы сала – рухани өмір, ол әлеуметтік ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды нығайту үшін маңызды. Көршілік және туыстық қарым-қатынастарды жандандыру ерекше маңызды. Дарашылдықтың (индивидуализм) таралуының алдын алу үшін, Яссауи баса айтқан әлеуметтік қызмет, ынтымақтастық және өзара көмек мәдениетін (мысалы, імек (хашар) және садақа-и жария сияқты) қолдайтын әлеуметтік жобалар әзірленуі тиіс. Бұл қадамдар ұлттық бірегейлікті оқшаулаудың орнына, оны күшейтуді және рухани негізге отырғызу арқылы жаһандық ықпалдарға төзімді етуді көздейді. Демақаан Демирел 2014 жылы жарық көрген «Фарабидің Идеал Мемлекеті: Қайырымды Қала» атты мақаласында мұсылман ойшылы Фарабидің саясат философиясының негізгі тақырыбын құрайтын «Қайырымды Қала» (*Әл-Мәдинәтул Фазыла*) ұғымын зерттейді [8].

Демирел Фарабидің саясатқа деген көзқарасы адамға бағытталғанын айта келіп, қайырымды қаланың бастауы мен түпкі мақсаты абсолютті бақыт екенін білдірген. Сондай-ақ, Фараби адамның түпкі мақсаты – бақыт пен ізгілікке жету екенін және бұл тек қайырымды қоғамда ғана мүмкін болатынын атап көрсеткен. Ол ең жақсы мемлекет нағыз әділеттілікке негізделеді және әділеттілік әрбір құндылықтың негізінде жатқан басты элемент деп санаған. Фараби мемлекет теориясын органикалық көзқарасқа негіздеп түсіндіруге тырысқан және идеалды мемлекетті «қайырымды қала – мінсіз сау дене» ұғымымен сипаттаған. Жүректі басқару органы ретінде анықтағанындай, қайырымды қаланың билеушісін де өмір мен қозғалыстың қайнар көзі деп білген. Бұл көзқарас Платонның қала-мемлекетіндегі ынтымақтастыққа ұқсайды. Фараби мемлекеттерді қайырымды қалалар және қайырымды емес қалалар деп жіктейді. Тек бір ғана қайырымды қала бар, ол – білімді және ізгі адамдар тұратын орын. Қайырымды емес қалалардың төрт түрі бар: 1. Надан қала (Жаһил қала): Бақытты білмейтін және жақсы болып көрінетін нәрселердің (денсаулық, байлық, ләззаттар және т.б.) соңынан қуатын қала. 2. Бұзылған қала немесе азғын қала (Фасық қала): Теориялық тұрғыдан қайырымды қаланың идеяларына ие, бірақ іс-әрекеттері надан қала тұрғындарының іс-әрекеттеріне ұқсайтын қала. 3. Өзгерген қала (Мутаббәддал қала): Бір кездері қайырымды қаланың идеялары мен іс-әрекеттеріне ие болған, бірақ қазір өзгерген және басқаша болып кеткен қала. 4. Адасқан қала немесе жолдан тайып ауытқыған қала (Даалла қала): Дүниедегі өмірден кейінгі бақытты мақсат ететін, бірақ Құдай және белсенді ақыл туралы қате пікірлері бар және билеушісі өзіне уахи келді деп

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences мәлімдейтін қала. Фарабидің идеалды мемлекет туралы түсінігі – адамзат үшін әрі дүниелік, әрі рухани бақытты мақсат ететін ізгілікті мақсатқа жетудің құралы. Ол әрдайым игі істер, ізгілік, бақыт және білім арасында байланыс орнатады. Қайырымды қала – бақытты әрі жақсы өмір жолында ілгерілеудің және өзін кемелдендірудің басты себебі. Ежелгі Грек ойшылдары Платон мен Аристотельге ұқсас, Фараби де саясат философиясында ізгілік ұғымына назар аударған, әділеттілікті барлық басқа ізгіліктерді қамтитын ең жоғарғы ізгілік деп санаған және саяси ізгілік пен моральдық ізгіліктің өзара тығыз байланысты екенін дәлелдеген. Сондықтан «Қайырымды қала» ұғымының қазіргі Түркі дүниетанымы контекстінде Қазақстанда және азаматтық қоғам құру әрекеттері үшін қандай модель бола алатыны туралы толығырақ зерттелуі қажет. Қазіргі уақытта біздің елге сөзі мен ісі қатар жүретін ірі адамдардың қажеттілігі туындап отыр. «Мәдениет, өркениет, ғылым-білім дамыған сайын адам да өсіп жетіліп, биіктей түсуі керек еді. Бірақ адам іріленудің, тұлға болып өсудің орнына кері кетіп, ұсақталып барады. Қазіргі адамдар адамзаттың қиыршық құнына айналып кеткен (песок человечества)» [9].

Конфуцийдің ұлағатты сөзі бар: «Адам аяғынан басына дейін өлшенбейді, басынан бастап аспанға дейін өлшенеді» - деген. Адам бір күйде қалып қоймайды. Қаласа ол өседі, өзінен асып түседі. Оның өсіп жетілуіне шек қоюға болмайды. Сондықтан біздің елдің жастарының да рухани дамып жетілуіне, ұлттық рухының қалыптасуына ұлттық негізде түркілік дүниетанымды еркін меңгеруіне мүмкіндік берген дұрыс деп ойлаймыз.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Түркі ойшылдарының еңбектеріне жүргізілген талдау рухани-адамгершілік тәрбиенің мәнін айқындайтын негізгі философиялық-педагогикалық идеяларды анықтауға және олардың қазіргі қазақ жастарының ұлттық рухын қалыптастыру үшін маңыздылығын бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі түркі дүниетанымында Білім тек білімге апаратын жол ретінде ғана емес, сонымен бірге ішкі үйлесімділікті, ізгілік пен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру құралы ретінде қарастырылатындығын анықтау болды.

Әл-Фараби ілімі білім берудің заманауи құзыреттілік моделінің қағидаттарына сәйкес келетін ұтымды білімді адамның адамгершілік қалыптасуымен үйлестіру қажеттілігін атап көрсетеді. Ахмет Яссауидің еңбектерін талдау оның рухани кемелдік, кішіпейілділік, ізгілік және қоғамдық қызмет туралы идеялары тұрақты құндылық бағдарларына бағдарланған жастарды тәрбиелеу үшін өзекті болып қала беретінін көрсетті. Абай мен Шәкәрімнің қосқан үлесі өзін-өзі танудың, моральдық тазалық пен әлеуметтік белсенділіктің қазіргі заман жағдайындағы тұлғаның дамуының қажетті негізі ретіндегі рөлін ашады.

Салыстырмалы талдау түркі философиялық дәстүрі ұлттық бірегейлікті нығайту және жаһандану жағдайында мәдени тұрақтылықты арттыру қажеттілігін қоса алғанда, қазақстандық қоғамның қазіргі заманғы қажеттіліктерімен үйлесімді түрде салыстырылатынын анықтады. Ана тілінің, дәстүрлердің және ұлттық құндылықтардың рухани тұтастықты сақтау факторлары ретіндегі рөлі ерекше маңызға ие.

Нәтижелерді талқылау түркі дүниетанымының элементтерін білім беру процесіне қосу эмоционалды-адамгершілік саланың дамуына, тұрақты құндылық позициясын қалыптастыруға және мәдени бірігуге төтеп бере алатын тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ететіндігін көрсетті. Осылайша, түркі ойшылдарының идеялары рухани иммунитетті қалыптастыру және қазақ жастарының ұлттық рухын нығайту үшін тиімді әдіснамалық негіз бола алады.

Қорытынды

Философиялық тұрғысынан алғанда қазіргі қоғамның шынайылығы – бір жерден басқарылатын жаһанданған әлем құру, сол әлемнің ғана ғылымы мен техникасын дамытып, технологиясын меңгеру, сол кеңістікте ғана өмір сүре алатындармен бәсекеге түсу, табиғи емес, қолдан жасалған саяси-экономикалық сұрыпталу заңынан өту. Бұл Тәуелсіз мемлекет ретінде танылған біз үшін де, басқа да дамушы мемлекеттер үшін де оңай дүние емес. Ақпараттандырылу, технократизм, сциентизм кезеңіндегі рухани мүшкілдік мәселесін жою

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences үшін барлық түркі тілдес халықтарының мүддесін қорғайтын ақпараттық кеңістік құру жөн деп ойлаймыз. Жүргізілген зерттеу Түркі дүниетанымы жаһандану жағдайында қазақ жастарының ұлттық рухын қалыптастыру үшін маңызды әдіснамалық негіз бола алатын тұтас рухани-философиялық жүйе екенін анықтауға мүмкіндік берді. Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Абай, Шәкәрім және басқа да ойшылдардың еңбектерін талдау олардың білім мен адамгершіліктің бірлігі, рухани жетілу, әлеуметтік жауапкершілік пен ізгілік туралы идеялары қазіргі білім беру жүйесі үшін жоғары өзектілікті сақтайтынын көрсетті.

Түркі құндылықтарына негізделген рухани-адамгершілік тәрбие ұлттық бірегейлікті нығайтуға, орнықты құндылық ұстанымын дамытуға, жастардың гуманистік дүниетанымы мен мәдени тұрақтылығын қалыптастыруға ықпал ететіні анықталды. Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін және Ұлттық иммунитеттің негізі ретінде қызмет ететін ұлттық тіл, мәдени дәстүрлер мен рухани мұра ерекше маңызға ие. Алынған нәтижелер түркі философиясының элементтерін білім беру және тәрбие практикасына біріктіру қажеттілігін растайды. Бұл рухани-адамгершілік тәрбиенің тиімділігін арттыруға, ұлттық құндылықтардың рөлін күшейтуге және қазіргі заманғы сын-қатерлер контекстінде тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Айталы А. А. Рухани кемелдік. Ақтөбе.-2019 ж., 24 б.
2. Тайжанов А.Т. Білім философиясы мен социологиясы. Ақтөбе. – 2011., 4 б.
3. Сімітқов Ж., Нұрпейіс Т. Мәңгілік Ел болудың стратегиясы. Егемен Қазақстан.-17.07.2013, №172, 4 б.
4. «Иман» журналы., 2009 ж., №2., 18 б.
5. Нысанбаев Ә. Қазақ философиясының рухани бастаулары. Егемен Қазақстан-17.07.2013, №172, 3 б.
6. Рысқалиев Т.Х. Философия тарихына шолу. Орал. – 2005 ж., 97 б.
7. Bije, Hayati «Pîr-I Turkistan Hoca Ahmed Yesevî (Turkistan priest Khoja Ahmed Yasawi)». Ankara: Khoja Ahmed Yasawi University, 2016.
8. Demakaan Demirel. "Fârâbi'nin Ideal state: Erdemli Şehir (the ideal state of Farabi: The Good City)."Journal of Niğde University IIBF, 2014, 7(1): 358-369.
9. Ницше Ф., Рысқалиев Т.Х. «Құндылықтарды» жоққа шығарған ілімінің құнды жақтары. «Әлемдік философияның өзекті мәселелері: адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы». 2023 ж.

References

1. Aitaly A. A. Ruhani kemeldık. Aqtöbe.-2019 j., 24 b.
2. Taijanov A.T. Bılım filosofiasy men sosiologiasy. Aqtöbe. – 2011., 4 b.
3. Sımtıkov J., Nürpeıs T. Mäñgılık El boludyñ strategiasy. Egemen Qazaqstan.-17.07.2013, №172, 4 b.
4. «İman» jurnaly., 2009 j., №2., 18 b.
5. Nysanbaev Ä. Qazaq filosofiasynyñ ruhani bastaulary. Egemen Qazaqstan-17.07.2013, №172, 3 b.
6. Rysqaliev T.H. Filosofia tarihyna şolu. Oral. – 2005 j., 97 b.
7. Bije, Hayati «Pîr-I Turkistan Hoca Ahmed Yesevî (Turkistan priest Khoja Ahmed Yasawi)». Ankara: Khoja Ahmed Yasawi University, 2016.
8. Demakaan Demirel «Fârâbi'nin Ideal state: Erdemli Şehir (the ideal state of Farabi: The Good City)». Journal of Niğde University IIBF, 2014, 7(1): 358-369.
9. Nisşe F., Rysqaliev T.H. «Qüندیlyqtardy» joqqa şyğarğan ılımınıñ qüнды jaqtary. «Älemdık filosofianyñ özecktı mäseleleri: adam, onyñ sanasy men adamgerşılıgınıñ damuy». 2023 j.

ЗНАЧЕНИЕ ПРОБЛЕМ ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ В ТЮРКСКОМ МИРОВОЗЗРЕНИИ В ФОРМИРОВАНИИ НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА КАЗАХСКОЙ МОЛОДЕЖИ.

БАЛАПАШЕВ Б.С.*, ХАЛИЛ Г.

*Балапашев Бекен Сарсенгалиевич - Магистр гуманитарных наук, кафедра Ассамблеи народа Казахстана и социально-политических дисциплин, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан.

E-mail: beken.balapashev@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7744-2008>

Халил Гюнай - PhD, кафедра Ассамблеи народа Казахстана и социально-политических дисциплин, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Актөбе, Казахстан.

E-mail: hall.gnayu@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1503-7415>

Аннотация. В статье рассматривается значение проблем образования и воспитания в контексте тюркского мировоззрения как ключевого фактора формирования национального духа казахской молодежи. Автор подчеркивает, что, несмотря на признание образования и воспитания фундаментальными основами развития общества, их эффективность раскрывается лишь в сочетании с нравственными и духовными ценностями, составляющими ядро тюркской философии. В ходе исследования проводится анализ духовного наследия выдающихся мыслителей — Аль-Фараби, Ахмета Яссауи, Шакарима, Абая и других представителей тюркской интеллектуальной традиции. Особое внимание уделяется их взглядам на гармонию знания и нравственности, духовное совершенствование личности, воспитание ответственности и стремления к общественному благу.

Проблема сохранения национального сознания и культурной целостности в условиях глобализации рассматривается через призму идей тюркской философии, где устойчивость духовных основ общества определяется преемственностью ценностей. Доказано, что учение Яссауи о добродетели, духовной зрелости и социальной ответственности может служить методологической опорой в воспитании современной молодежи. В статье также раскрывается роль национальных ценностей, родного языка и духовно-нравственного воспитания в системе образования. На основе анализа делается вывод о том, что духовно-нравственное воспитание, основанное на тюркском мировоззрении, является важнейшим механизмом укрепления национального иммунитета, сохранения идентичности и формирования устойчивого национального духа.

Ключевые слова: образование, наука, воспитание, тюркское мировоззрение, философия.

THE IMPORTANCE OF THE PROBLEMS OF EDUCATION AND UPBRINGING IN THE TURKIC WORLDVIEW IN THE FORMATION OF THE NATIONAL SPIRIT OF KAZAKH YOUTH.

BALAPASHEV B.S.*, KHALIL G.

*Balapashev Beken Sarsengalieievich - Master of humanities, department of the Assembly of the people of Kazakhstan and socio-political disciplines, Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: beken.balapashev@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7744-2008>

Khalil Gunai - PhD, department of the Assembly of the People of Kazakhstan and socio-political disciplines, Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: hall.gnayu@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-1503-7415>

Abstract. The article examines the importance of the problems of education and upbringing in the context of the Turkic worldview as a key factor in the formation of the national spirit of Kazakh youth. The author emphasizes that, despite the recognition of education and upbringing as the fundamental foundations of the development of society, their effectiveness is revealed only in combination with the moral and spiritual values that form the core of Turkic philosophy. The study analyzes the spiritual heritage of prominent thinkers — Al-Farabi, Ahmet Yassawi, Shakarim, Abai and other representatives of the Turkic intellectual tradition. Special attention is paid to their views on the harmony of knowledge and morality, the spiritual improvement of the individual, the education of responsibility and the pursuit of the common good.

The problem of preserving national consciousness and cultural integrity in the context of globalization is considered through the prism of the ideas of Turkic philosophy, where the stability of the spiritual foundations of society is determined by the continuity of values. It is proved that Yassawi's teaching on virtue, spiritual maturity and social responsibility can serve as a methodological support in the education of modern youth. The article also reveals the role of national values, native language and spiritual and moral education in the education system. Based on the

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
analysis, it is concluded that spiritual and moral education based on the Turkic worldview is the most important
mechanism for strengthening national immunity, preserving identity and forming a stable national spirit.
Key words: education, science, upbringing, Turkic worldview, philosophy.

ЕРТЕГІЛІК ПОЭТИКА: ЖАНР ТАБИҒАТЫ МЕН ОБРАЗДЫҚ ӘЛЕМНІҢ КӨРКЕМДІК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

ӘУЕСБАЕВА П.Т.^{1*} , КӘДІРХАНОВА С.С.² 

*Әуесбаева Пәкизат Теңізбайқызы¹ - Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: ksaryarka@inbox.ru, <https://orcid.org/00000-0002-7716-9715>

Кәдірханова Сандұғаш Серікбайқызы² – Докторант, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: sandugash_kadirkhanova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0004-2416-1957>

Аңдатпа. Мақалада ертегі жанрының поэтикасының кейбір үлгілері қарастырылады. Бұл үлгілер әңгіме айтушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады және бұл әр жанрға тән. Мұны әртүрлі ертегілердің сюжеттік ерекшеліктерін салыстыру арқылы тексеруге болады. Бұл мақалада ертегі жанрының поэтикасына тән жалпы заңдылықтар қарастырылады.

Түркі халықтары ертегілерінің типологиялық ұқсастығын ашатын негізгі тұстар да қарастырылады. Түркі халықтарының ертегілеріне ортақ мотивтер көне заман мен жаңа дәуірдегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің типологиялық қасиеттерінен туындайды. Дүние жүзіндегі көптеген халықтардың бай ертегі мұрасында түркі халықтарымен бірге әртүрлі ежелгі отбасылық қатынастарды қадағалайтын мотивтер сақталған және бұл түркі халықтарының көптеген ертегілерінің сюжеті үшін мотив қызметін атқарған. Бір-біріне әсер ету және араласу барысында көне мотивтер мен сюжеттер дамып, байып, басқа халықтар арасында бар тенденциялар ертегі поэтикасының жергілікті үлгілеріне еніп, өзіндік колоритке ие болады. Қорыта айтқанда, түркі халықтарының ертегілеріндегі типологиялық ұқсастықтарды ертегі түрі немесе мотив және поэтикалық элемент ретінде, немесе образдар жүйесі ретінде жан-жақты зерттеуге болатынын айтқымыз келеді. Бұл мақалада біз осы мәселелердің кейбір аспектілеріне ғана тоқталдық.

Түйін сөздер: ертегі, сюжет, мотив, поэтика, типологиялық ұқсастық.

Кіріспе.

Халық прозасының көркемдік әлеуеті ең жоғары салаларының бірі – ертегі жанры, оның поэтикасы құрылымы жағынан да, мазмұндық жүйесі жағынан да өте күрделі құбылыс болып табылады. Өзіндік қалыптасу кезеңдерінен өтіп, көркемдік шарықтау деңгейіне жеткен бұл жанрдың тілі мен композициялық үлгісі әлем халықтарының ертегілерімен салыстырғанда ортақ сипаттарымен қатар, тек қазақ ертегілеріне тән бірегей белгілерімен де ерекшеленеді. Осы туралы қазақ ертегілерін терең зерттеген С.Қасқабасов: «Әрине, көптеген халық ертегілерінің композициялық құрылымы бірдей деуге келмейді. Құрылымдағы ұқсастық жалпы жүйеде, оның кей бөлшектерінде ғана байқалады, ал сол бөлшектердің ішкі реттілігі мен мазмұны әр елдің ертегісінде өзінше сипат алады» [1, 239], – деп пайымдайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Бұл зерттеуде түркі халықтарының ертегілік мұраларына қатысты мәтіндік материалдар, жанрлық сипаттамалар, мотивтік құрылымдар, образдар жүйесі пайдаланылды. Материал ретінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар және алтай ертегілерінің әртүрлі нұсқалары алынды. Талдау барысында салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық-семантикалық, мифопоэтикалық әдістер қолданылды. Ертегілердің сюжеттік желісі, поэтикалық тілі, мотивтер жүйесі, образдық құрылымы мен дәстүрлі элементтердің қызметі зерттеудің негізгі нысаны ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, фольклортану, мифология, компаративистика бағытындағы еңбектер теориялық база ретінде пайдаланылды. Түркі халықтарының ертегілерінде байқалатын поэтикалық жүйе олардың тарихи тағдырлары мен мәдени-әлеуметтік дамуының әркелкі болуына байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Сондықтан қазақ ертегілерінің поэтикасын талдау барысында алдымен жанрдың ішкі табиғатына тән ортақ белгілерді айқындап, кейін сол негізде өзге халықтардың ертегілерімен салыстыра зерттеу қажеттігі туындайды.

Мәселен, ертегі поэтикасында жиі кездесетін формулалық құрылымдар – тілдік және тақырыптық қайталаулар – тек түркі әлеміне тән құбылыс емес, әлемнің көптеген халықтарына ортақ көркемдік тәсіл. Қазақ фольклортануында мұндай формулалық ерекшеліктер эпосқа қатысты талданғанымен, ертегі жанры аясында толыққанды саралана қоймаған. Ал орыс фольклортану ғылымында бұл бағыт едәуір жүйелі түрде қарастырылғаны байқалады.

П.А. Гринцер [2] әлемдік деңгейде танылған жазба эпостардың да бастауында фольклорлық дәстүр жатқанын атап көрсетеді. Ғалым «Махабхарата» мен «Рамаяна» мәтіндеріндегі формулалық жүйені бірнеше түрге бөліп сипаттайды. Ол аталған эпостарда «атрибуттық формулалар», «баяндау формулалары», «көмекші формулалар», «төл сөзге байланысты формулалар» тәрізді бірнеше жіктелімнің бар екенін көрсетіп, олардың әрқайсысының қызметтік ерекшелігіне тоқталады.

Формулалықтың табиғатына қатысты пікір айтқан С.Д. Серебряный оның пайда болуын ең алдымен ауызша дәстүрдің заңдылықтарымен байланыстырады: «Формулалықтың тууының басты алғышарты - поэтикалық мәтіндердің ауызша өмір сүру сипатында» [3], - деп түйіндейді. Ал Г.Н. Мальцев бұл мәселеге бағалау тұрғысынан келіп: «Әртүрлі сипаттағы жалпы орындар» формулалары мындаған жылдар бойы канондық көркемдік жүйелер үшін маңызды позитивті фактор болып келеді» [4], - деген тұжырым ұсынады.

Формулалықтың эпоста көрініс табу ерекшеліктерін Р. Бердібай жан-жақты талдаған. Оның пайымдауынша, формулалардың бір бөлігі қысқа тілдік оралымдардан, тұрақты эпитеттер мен дәстүрлі теңеулерден тұрады. Эпикалық мәтіндерде жиі кездесетін екінші бір топ – қайта-қайта қолданылатын жолдар мен тармақтар. Зерттеуші мұндай формулалардың ең қысқа түрі бір жолдан ғана тұрса, ауқымдырақ нұсқалары бірнеше жолға дейін созылатынын атап өтеді [5, 124–127].

Қиял-ғажайып және батырлық ертегілердің біразында Самұрық бейнесі тұрақты түрде ұшырасады. Бұл образ кейде Самұрық құс, кейде Семір құс, енді бірде Алып қара құс сипатында көрінеді. Мұндай эпизодтардың классикалық үлгісі – «Ертөстік» ертегісіндегі батырдың Самұрықпен кездесуі. Шығармада Самұрық орасан зор құс ретінде таныстырылады: оның бір ғана қанаты жайылғанда, кеңдігі бір айлық жерге тең деп суреттеледі.

Бәйтерекке қонып түскен құс ең алдымен Ер Төстікті жау деп қабылдап, балапандарына қауіп төндіруші ретінде оған тап береді. Алайда шырылдаған балапандарын естіген соң шабуылын тоқтатады. Самұрықтың екі басы бар екені айтылады: бір басы адамға, екіншісі құсқа ұқсайды. Сол адам бейнелі бас батырға тіл қатып, бұл мекенге қандай мақсатпен келгенін сұрайды және оның балапандарға қастық ойлағанын меңзейді.

Ер Төстік өзін жер бетінен адасып келген адам ретінде таныстырып, балапандарға зиян келтірмек түгілі, керісінше оларды айдаһардан аман алып қалғанын айтады. Балапандар батырдың көрсеткен жақсылығын жасырмай жеткізгеннен кейін, Алып қара құс Ер Төстіктің аяғына жығылып, онымен берік достық орнатады.

Ертегідегі баяндауға сүйенсек, бұл алып құс жылына бір-ақ балапан шығарады, содан кейін жем іздеп алысқа кетіп, айға жуық уақыттан кейін ғана оралады. Самұрықтың жоқтығын пайдаланған айдаһар жыл сайын балапандарын жеп кететіндіктен, құс әр сапарынан қайтарда қайғыға батып жылап келеді. Шығармадағы дауыл – құстың қанат қағысынан туған жел, жаңбыр – оның көз жасы екені осылайша түсіндіріледі. Ер Төстікпен таныстығы осы қасіретті жағдайдың ашылуымен қатар өрбиді. Достық орнаған соң Самұрық батырға «Не қалайсың?» деп тіл қатады. Ер Төстік оған бастан кешкен оқиғаларын баяндап, жер үстіне қайта шығу ниетін білдіреді [6, 22].

Қиял-ғажайып ертегілерінде Самұрық бейнесінің кейіпкермен кездесуі әрқашан бірдей түрде қайталанбайды, кейбір нұсқаларда бұл эпизод өзгерген мазмұнда беріледі. Мысалы, Аюалпаң, Суды салпаң, Тауды талпаң секілді кейіпкерлер қатысатын нұсқаларда Самұрықтың балапандарына қатер төндіретін құсты Аюалпаң шоқпарымен ұрып өлтіреді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Бұдан кейін ағаш басындағы үш балапан оған алғыс білдіріп, анасының келгенде қандай жағдайлар орын алатынын алдын ала ескертіп өтеді. Үлкені Аюалпаңды қанатының астына жатуға шақырып, шешесі келе жатқанда дауыл тұрып, қар, жаңбыр, бұршақ жауатынын, оған қорықпау керектігін айтады.

Балапандардың әрқайсысы Самұрықтың келуімен байланысты табиғи құбылыстардың мәнін түсіндіреді: «бұршақ – анасының құмалағы, жаңбыр – көз жасы, жел – қанат екпіні, қар – қақырығы» дейді. Мұның барлығы шынымен солай болып, түйедей алып құс келіп қонады. Самұрық Аюалпаңды байқамай жұтып қояды, ал балапандары «Таста, қақбас!» деп айқайлаған соң, оны қайта шығарады.

Осыдан кейін құс Аюалпаңға оның бұл жерге не мақсатпен келгенін сұрайды. Батыр өзін жер бетіне шығуды ойлаған адам екенін, балапандарға қастандық жасамақ болған мақұлықты жолай көріп, өлтіріп тастағанын айтып, жер үстіне шығарып салуын өтінеді [6, 132–133]. «Аю дәу» ертегісіндегі Семір құстың қызметі де дәл осы мазмұнға жақын: кейіпкерді аса қауіпті жағдайдан құтқару және оны екі әлемнің арасындағы қыспақтан алып шығу – Самұрыққа ортақ функция.

Осы эпизодтарда ғана емес, ертегі поэтикасында қолданылатын тұрақты тіркестер мен формулалық бейнелеулердің де өзіндік семантикалық жүгі бар. Мұнда жанрдың көп ғасырлық дамуы барысында қалыптасқан көркемдік-танымдық іздер айқын көрінеді.

С. Қасқабасов бұл жайында: «Айтушылар мен тыңдаушылар оқиғалар мен батырлардың әрекетін ашық бағалауға бейім болғандықтан, көркем бейнелеудің тұрақты тәсілдері қалыптасады. Осылайша кез келген батырды да, кез келген сұлу қызды да сомдауға жарайтын «әмбебап» эпитеттер, теңеулер мен формулалық сипаттамалар пайда болады» [1, 91], - деп жазады.

Ертегілерде халықтың арман-тілегін бейнелейтін қаһарман тұлғаны сомдауда қолданылатын көркемдік әдістердің бірі әрі ең тұрақтысы – әсірелеу. Бұл тәсіл поэтикалық кеңістікті үлкейтіп, кейіпкердің эстетикалық салмағын арттырады. Ф.М. Селиванов гиперболаны екі түрге жіктейді: салыстырмалы гипербола және көркем-реалды гипербола [7]. Ал С.Г. Лазутиннің пікірінше, гипербола кең көлемді маңызды оқиғаларды сипаттауда және батырлардың монументалды бейнесін жасауда жиі пайдаланылатын тәсіл болып табылады [8].

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақ ертегілеріндегі классикалық үлгілердің бірі – «Кендебай» ертегісіндегі кейіпкердің бейнесі: «Кендебай ай сайын емес, күн сайын өседі; алты күнде күліп, алпыс күнде жүріп кетеді; алты жылда жігіт болып үлгереді. Ол сондай күшті болып өседі, алысқанын жықпай қоймайды, шыңырау құдыққа құлаған нарларды жалғыз өзі тартып шығарады».

Сол сияқты «Желім батырдың» да бір күнде бір жасқа, екі күнде екі жасқа, он күнде он жасқа тола беретін бейнесі ертегі бастауынан-ақ қаһармандық масштабты айқындап, көне поэтикалық дәстүрді көрсетеді. Зерттеушілер мұндай әсірелеулердің тамыры фольклордың жанрлық табиғатында жатқанын, қарапайым болмыспен қатар ғажайып элементтердің қатар өрілуіне мүмкіндік беретінін айтады [1, 251].

Сондай-ақ батырлық күштің әсіреленуі жаумен шайқас сәттерінде де ерекше мәнге ие. Бұл жөнінде «әсірелей көрсетілген батырлық қуат кейіпкерге жауларымен айқасқанда да қажет» деген тұжырым бар [9, 66]. Мұны қиял-ғажайып және батырлық ертегілердегі оқиғалардан айқын көреміз.

Мысалы, бір ертегілерде кейіпкер «үш күн, үш түн соғысып», ақыры әлсіреген жалғыз көзді дәуді жеңіп, оны зынданға алып барып байлап тастайды. Дәудің жеңілуінің тағы бір себебі – оның қырық күн бойы ел шауып, ұйқы көрмей, әбден қалжырап келуі екендігі баяндалады. Келген соң қырық күн ұйықтап, әл жинап барып қайта жорыққа шығатын әдеті бар екені де айтылады [5].

Келесі бір нұсқада «дәуді оятып, алпыс күн бойы алысып жүріп өлтіреді» делінеді. Дәудің қолындағы үш қызды үш батыр алып, Құрмерген елге қайтуға дайындалады. Ол

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
«жеті күн ұйықтап, жеті күн ұйықтамай» жүретін күш иесі ретінде бейнеленеді. Дегенмен
ұйықтап жатқан сол жеті күннің бірінде дәудің шешесі жалмауыз кемпір келіп, қызды алдап,
батырдың жаны қайда екенін сұратпақ болады [6, 238].

Осындай эпизодтарда «үш күн, үш түн алысты» деген секілді формулалық уақыт
өлшемдері жиі қолданылады. Кейіпкердің зұлым күштерді жеңуі халықтың батырға деген
мәңгілік сенімі мен қорғанышқа деген арманын аңғартады. Батырға көмектесуші
бейнелердің ішінде әсірелеудің айқын іздері ат мен алып құс образдарынан да көрінеді.

Қазақ ертегілерінде әсірелеу тәсілінің ең көрнекті көріністерінің бірі – батырдың мінген
атының бейнесі. «Кендебайдың Керкұласы» туралы баяндауда бұл айқын байқалады:
«Құлын сағат емес, минут сайын өсіп, алты айдың ішінде алты кез атқа айналады. Түсі –
керкұла. Кендебай бұл атты баптап мініп, түн қатып жүріп аң аулайды. Керкұла қуғанын
жеткізбей қоймайтын, қашқанды құтқармайтын, аузымен құс ілерлік жүйрік ретінде
суреттеледі. Батыр оны құстай ұшырып, алты қырдан асып қашқан құланды көзді ашып-
жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстап алатын болады» [6, 31].

«Еркем Айдар» ертегісіндегі тұлпар да дәл осындай әсірелеумен бейнеленеді: «Қотыр
күрең тайды ұстай бергенде, ол құнанға айналады, жүген салғанда дөненге, ерттеп мінгенде
бес жасар атқа айналады. Айшылық жерді алты аттайтын, жылшылық жолды жеті аттайтын
ерекше тұлпар» [6, 84]. Мұндай гиперболалық сипаттамалар ертегі мазмұнының әсерін
күшейтіп қана қоймай, кейіпкер табиғатын даралауға қызмет етеді.

Батырдың болашақ ұл болуына байланысты Әлібек әке-шешесінің жан қиналысын
әсірелей суреттеу де осы тәсілдің поэтикалық қуатын көрсетеді:

Темір таяқ тебен инедей,
Темір етік теңгедей болып,
Мойны ырғайдай,
Биті торғайдай болады [6, 72].

Самұрық құсқа қатысты әсірелеулер де көптеген нұсқаларда тұрақты формулалық
сипатта қайталанады. Мысалы: «Дауыл – құстың қанатының желі, жаңбыр – көз жасы, ал бір
ғана қанатының өзі бір айлық жерді алып кетеді» деген секілді көркемдеулер жиі кездеседі.
Жалмауыз кемпірдің жасын «жүз беске жеткен», «барса келмес жердің құпиясын білетін»
деп беру де – халық қиялының гиперболалық тәсіліне тән үлгі.

Ертегі жанрының ішкі жіктелуіне эпикалық құрылымдағы өзгерістер де ықпал етеді.
Мифтік сипаттағы аң-құс туралы әңгімелер тотемдік сенімдерге сүйенсе, кейінгі көркем
ертегілерде жануарлар бейнесі тұспалдау арқылы әлеуметтік-таптық қатынастарды
бейнелеуге жұмсалады. Осыған орай классикалық хайуанаттар ертегілерінде суреттелетін аң
мен құс бейнелері шын мәнінде адамдардың мінезін, қоғамдағы қатынастарды бейнелейтін
символдық образдар ретінде көрінеді [1, 189].

Академик С. Қасқабасов хайуанаттар туралы ертегілерді ішкі табиғатына қарай үш
топқа жіктейді:

1. Этиологиялық ертегілер – мифтік түсініктерден ажырамаған, жануарлардың мінез-
құлқы мен болмысын ерекше себеппен түсіндіретін көне сипаттағы мәтіндер;

2. Аллегориялық ертегілер – адам мінезін хайуанаттар арқылы бейнелейтін, тұспалға
негізделген шығармалар;

3. Мысал ертегілер (апологтар) – көбіне кітаби дәстүрге жақындау, ғибраттық мәні
басым туындылар [1].

Ертегілерде жануарлар бейнесінің берілуі де жанрдың даму кезеңдеріне байланысты
түрліше сипат алады. Соның ішінде құс образының көркемдік қызметі ерекше зерттеуді
қажет етеді. Көптеген қиял-ғажайып ертегілерде кейіпкерді өлім аузынан алып қалатын
Самұрық (кейде Семір құс) екі дүниенің шекарасы саналған бәйтерекке ұялаған құдірет иесі
ретінде танылады. Самұрыққа қатысты эпизодтар әр ертегідегі мазмұндық
айырмашылықтарға қарамастан, формулалық «ортақ жерлер» ретінде қайталанып отырады.

Ал аққу туралы тотемдік түсініктердің көріністері жанрдың түрлі нұсқаларында
сақталғанымен, кей жағдайларда оның орнына қарлығаштың жебеушілік қызметі күшейе

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
түседі. Мысалы, «Қарабатыр» ертегісінде тұтқында жатқан кейіпкерге қарға, сауысқан, тырна, қаз, тіпті аққу да жәрдем бермейді. Құстардың ішінен жалғыз қарлығаш қана батырдың жанайқайына құлақ асып, оның хабарын еліне жеткізіп, құтқарылуына себепкер болады.

Ертегіде бұл эпизод өте әсерлі суреттеледі: «Қарлығаш біраз ұшып барып, қайта айналып балаға қонады. Бала әке-шешесі тұмарды көріп танығанмен, қай жерде жатқанын білмей қалуы мүмкін екенін ойлап, қолын пышақпен сәл жаралап, қанын тұмарға жаудың таңбасы ретінде жағады. Қарлығашқа тапсырмасын айтып, тұмарды мойнына байлап жібереді. Қарлығаш тау асып, көл кешіп, шөл мен қияны артқа тастап, ұзақ жол жүріп, отыз күннен кейін бір ауылға келеді...» [6, 152].

Ертегілердегі уақыт пен кеңістік туралы түсініктер де халық дүниетанымының айқын айғағы. Көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістік өлшемдерінің әртүрлілігі жанрдың тарихи қалыптасу жолдарын, поэтикалық эволюциясын танытады. Дәстүрлі қазақ қоғамының өмір салты, табиғатпен етене байланысы, кеңістікті сезіну мәдениеті ертегі құрылымында молынан сақталған.

Ертегі поэтикасында сюжеттік уақыт кейіпкердің әрекетімен тікелей сабақтасып отырады. Оқиға басталған сәттен бастап, уақыт желісі үнемі алға жылжып, қаһарманның бастан кешетін сынақтарына, кездесетін кедергілерді жеңуіне сәйкес дамиды. Бір оқиға екіншісіне ұласып, әрекеттер тізбегі бір бағытта өрбиді.

Қазақ ертегілеріне оқиға мерзімін ұзақ әрі кең етіп көрсету тән болғанымен, сол ұзақ жолды немесе қиян-кескі соғысты қысқа формулалық тіркестермен баяндау – фольклордың берік поэтикалық дәстүрі. Бұл тәсіл оқиғаның уақыттық ауқымын кеңейте отырып, қиял-ғажайып элементтерді күшейтеді.

Қиял-ғажайып ертегілерде тылсым күштермен күрес әдетте түн мезгіліне тән. «Түн қараңғы, төңірек тұңғық тастай» деген сияқты хикаялық сипаттамалар архаикалық ертегілердің негізгі белгілерінің бірі. Түнгі оқиғаның қоюлығы көбіне от жарығымен, оның қасында отырған кейіпкер мен оған тап келетін жалмауыз, жезтырнақ тәрізді құбыжық бейнелері арқылы драматизмін арттыра түседі. Мәселен, «Керкұла атты Кендебай» ертегісінде ғажайып құлынның тууы да түн ортасында жүзеге асады.

Ертегіде бұл эпизод айрықша әсерлі суреттеледі: Бие күзеткен төре балалары «ештеңе болған жоқ» деп ханға жалған айтады. Сол кезде Кендебай келіп: «Түн ортасында екі балаңыз ұйықтап қалды. Таңға жақын бие бір алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Сол сәтте аспаннан қалың бұлт түйіліп түсіп, құлынды көтеріп әкете бастады. Мен құйрығынан шап еткізіп ұстап қалдым. Бұлтқа араласқан алып құс құлынды алып ұшты, ал құйрық қолымда қалды», – деп болған жайтты баяндайды.

Хан: «Құйрық қайда?» – деп ашулана сұрағанда, Кендебай: «Міне», – деп алтын құйрықты көрсетеді. Сол сәтте бүкіл үй ішін жарық нұр кернейді, ал ханның балалары ұялып төмен қарайды [6, 34].

Ертегілердегі уақыт көрсеткіштерін зерттеу – фольклортануда аса маңызды әрі тың бағыттардың бірі. Себебі ертегідегі уақыт өлшемдері көбіне кеңістік ұғымдарымен қатар өріледі. Батырдың жолға шығуы, қашықтықтарды еңсеруі, түрлі кеңістіктерді артқа тастауы – бәрі де уақыт пен кеңістіктің бір-біріне әсер ететін, біртұтас поэтикалық жүйе екенін дәлелдейді.

Бас қаһарманның жолында кездесетін асау өзен, шөл дала, биік тау сияқты табиғи кеңістіктер оған бөгет бола алмайды. Өйткені фольклор поэтикасына тән заңдылық бойынша, «табиғи ортаның кейіпкер үшін кедергі болмауы – ертегіге тән ерекшелік. Қаһарман қаншалықты алысқа барса да, оны тоқтатар тек қолдан жасалған қастандық қана» [10, 137].

Ертегілердің ішкі жанрлық топтарында мифтік танымның ізі айқын байқалады. Кеңістік көбінесе «өзіміздің» және «бөтен» деп жіктеліп, қарама-қарсылық принципінде құрылады. Әсіресе, қиял-ғажайып ертегілерде адамзаттық әлемге қарсы қойылатын адамзаттық емес кейіпкерлердің (дию, албасты, марту, жезтырнақ, шойынқұлақ, жалғыз

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
көзді дәу және т.б.) мекені нақты айқындалады. Мұндай зұлым күштер көбіне жеті қабат жер
астында, немесе мұхит жағасында, елсіз қалтарыста тұрады.

Аспан әлеміне байланысты кеңістік те ерекше сипатқа ие. Алып «Бәйтерек», алып қара
құс, Самұрық секілді символдық образдар аспан мен жердің арақатынасын белгілеп,
кейіпкердің жер үстіне қайта шығуына түрткі болатын маңызды поэтикалық элементтерге
айналады.

Ертегі кеңістігінің концепциясы көне наным-сенімдермен тікелей байланысты. Ежелгі
дәуірдегі «тірілер дүниесі» мен «өлілер дүниесін» екіге бөліп қарау адамзат санасында өте
ерте, жоғарғы палеолиттен бастап қалыптасқанын археологиялық зерттеулер дәлелдейді.
Көне таным бойынша, о дүниенің көрінісі мен оның тұрғындары бұл дүниедегі шынайы
өмірге мүлдем кереғар сипатта қабылданған. Ш. Уәлихановтың «жер асты адамдарының
белдікті аяқтарына байлап жүретіндігі» жайлы пікірі осы ойдың айқын дәлелі [11, 480]. Бұл
тіл, киім, дене бітімі, жүріс-тұрыс өзгешеліктерін қамтитын белгілер әлем халықтарының
басым көпшілігіне ортақ мифтік түсінік жүйесін құрайды.

Е. Тұрсынов якут мифологиясына тоқталып: «Якуттардың сенімінде өлілер мекенінде,
төменгі әлемде балықтардың аузы мойнында, көзі желкесінде орналасады» дейді [12, 93].
Демек, басқа әлем өкілдерін құбыжық, адамнан бөлек бейнеде көрсету түркі-моңғол
халықтарына ғана емес, еуропалық халықтардың ертегі дәстүріне де ортақ құбылыс. Сол
себепті жалмауыз кемпір, албасты, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу секілді образдар қиял-
ғажайып та, батырлық та, новеллалық ертегілерде түрлі нұсқада көрініс табады.

Мысалы: «Субатыр жалт қарағанда, бойы бір қарыс, сақалы жеті кез, аппақ қудай шал
кіріп келеді...» деп басталатын көріністер зұлым немесе бөтен әлем өкілінің адамзат
болмысынан мүлде бөлек екенін көрсетеді.

Субатырдың алдынан шыққан әлгі шал келісімен-ақ қазандағы етті сұрайды. Батыр
оның бұл талабына көнбей, «бермеймін» деп жауап береді. Сол сәтте шал мысқылдап күліп,
Субатырды бір аяғымен желкесінен басып тұрып, қазандағы етті сүйегімен бірге қылғытып
жеп қояды да, бұрылып кете барады.

Үш батыр дереу желмаяларына мініп, алып шалдың ізіне түседі. Олар үш ай, үш күн
жүріп барып, шалдың бір алып бәйтеректі сүйреп әкеліп, жердің жарығына тығып жатқанын
көреді. Жарыққа үңілгендегі түбі көрінбес шыңырау. Батырлар біраз дауласып, «сен түс, сен
түс» деп тұрғанда, екеуінің батылы бармайды. Ақыры Нанбатыр өзі түсуді ұйғарады.

Ол қылышын қолына алып, беліне арқан байлайды да, жер асты әлеміне қарай түсе
бастайды. Жоғарыдағы екі жолдасы арқанды бірінің ұшын біріне жалғай береді. Бір жүз
қырық арқан жалғағанда ғана Нанбатыр шыңырау түбіне жетеді. Жер астына түскенде ол
күмбез тәрізді үлкен кеңістікке тап болады, ал күмбездің іші бойы бір қарыс, сақалы жеті
қарыс құбыжықтарға толы екен [6, 150].

Мұндай о дүние бейнелері кейіпкердің ең соңғы, ең қатерлі сапары ретінде
сипатталады. Бұл әлем кейде жер асты, кейде жалын атқан дария, кейде биік тау түрінде
көрінеді.

Мысалы, «Керкұла атты Кендебай» ертегісінде кейіпкер аспанға лапылдап жалын
шашқан от дариясына тап болады. Оның арғы бетіне өту үшін Керкұла ат Кендебайға:
«Алдындағы көрініп тұрған от дариясы. Баратын жерің соның ар жағында. Қазір көзіңді жұм,
мен «аш» дегенше ашпа. Ертерек ашсаң, екеуіміз де ажалға ұшыраймыз» деп ескертеді.
Кендебай көзін жұмып, атпен бірге ұша жөнеледі. Алдымен оған ыстық леп, артынан
ысылдаған жел сезіледі. Біршама уақыттан соң ат «Көзіңді аш!» деп белгі береді.

Көшпелі халықтың дүниетанымындағы кеңістік құрылымы да эпикалық мәтіндерде
айқын көрініс табады. Зерттеулерге қарағанда, дала халықтарының өмір сүру ортасы – ұшы-
қиырсыз кең жазық. Олардың тарихи мекені шығыста Алтаймен, оңтүстікте Тәңірімен (Тянь-
Шань), солтүстікте Оралмен, батыста Қап (Кавказ) тауларымен шектелген. Осы таулардың
сыртында «бөтен әлем» немесе «жау бар» деген түсінік қалыптасқан. Ал бұл кеңістіктің
ішіндегі ұсақ таулар да шекаралық таулар сияқты мәнге ие болып, эпикалық кеңістіктің
табиғатын айқындаған.

Ертегі кеңістігінің «өз әлемі» мен «жау әлемі» болып жіктелуі сюжеттік құрылымда ерекше маңызға ие. Бұл екі ұғым бір-біріне қарама-қарсы болғанымен, екеуі бірге ғана тұтас эпикалық оқиғаны құрайды. Сондықтан да «бұл ұғымдар жай ғана қарсы қойылған категориялар емес, бір-бірінен өзіндік өмір сүрмейтін егіз түсініктер; олардың кезекпен қабысып отыруы арқылы толыққанды сюжет қалыптасады» [10].

Нанбатыр жер асты мекеніндегі адамдарды алғаш көргенде олардың «Мен арықпын! Сен семізсің!» деп шуласып жатқанын байқайды. Батыр бұл әрекетті түсінбей таңырқайды. Сонда көгенделіп жатқан адамдардың бірі басын кеш көтеріп: «Бізді жер астында өмір сүретін, бойы бір қарыс, сақалы жеті кез құбыжық осы жерге алып келген. Күн сайын бізден он шақты адамды таңдап алып, сойып жейді. Сол себепті есік ашылғанда бәріміз «мен арықпын» деп айқайлаймыз. Себебі семіз дегенін бірден алып кетеді» деп түсіндіреді.

Нанбатыр олардың барлығын көгеннен босатып, жер бетіне өз беттерінше шығудың амалын табуға кеңес береді. Алға қарай жүре берген батыр жолай тағы бір есікке кезігеді. Ол есікті ашқанда, ішінде айдай толықсып тұрған ғажайып сұлу қызды көреді. Қыздың жанында бәйтеректі сүйреп қашқан алып шал қисайып жатыр екен. Батырды көрген бойда шал атып тұрып, Нанбатырға тап береді. Бірақ батыр оған мүмкіндік бермей, қылышымен оның басын шауып түсіреді.

Қыз зар еңіреп, қуанышы мен қайғысы аралас күйде былай дейді: «Ағатай, жер бетінің адамын көремін деп ойламап едім! Мен Сабаз деген момын шалдың жалғыз қызымын. Осы құбыжықтардың қолына түскеніме бір жыл болды. Мені құтқара гөр!» – деп шырылдайды [6, 154].

Қорытынды.

Қорыта айтқанда, ертегі поэтикасында талданған заңдылықтар әр жанрлық түрдің ішкі табиғатына және оны жеткізуші айтушының шеберлігі мен даралығына байланысты түрліше өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Мұны әр ертегі мәтінін өзара салыстыра қарағанда айқын аңғаруға болады. Біздің талдау барысында сөз болғаны — жанрға ортақ негізгі қағидалар мен жалпы поэтикалық заңдылықтар ғана.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
2. Гринцер П.А. Стилистическое развертывание темы в санскритском эпосе // Памятники книжного эпоса. – Москва, 1978.
3. Серебряный С.Д. Формулы и повторы в «Рамаяне» Тулсидаса // Памятники книжного эпоса. – Москва, 1878.
4. Мальцев Г.Н. Традиционные формулы русской народной необрядовой лирики. – Ленинград, 1989.
5. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
6. Қазақ ертегілері. 4-том. – Алматы, 1989. – 304 б.
7. Селиванов Ф.М. Гипербола в былинах // Фольклор как искусство слова. – Москва, 1975. вып. 3. С.9.
8. Лазутин С.Г. Поэтика русского фольклора. – Москва, 1989.
9. Юдин Ю. Героические былины. – Москва, 1975.
10. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
11. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1961. – 480 б.
12. Тұрсынов Е. Генезис казахской бытовой сказки. – Алматы, 1973.

References

1. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty: Ğylym, 1984. – 272 b.
2. Grincer P.A. Stilisticheskoe razvertyvanie temy v sanskritskom epose // Pamyatniki knizhnogo eposa. – Moskva, 1978.
3. Serebryanyj S.D. Formuly i povtory v «Ramayane» Tulsidasa // Pamyatniki knizhnogo eposa. – Moskva, 1878.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

4. Mal'cev G.N. Tradicionnye formuly russkoj narodnoj neobryadovoj liriki. – Leningrad, 1989.
5. Berdibaev R. Qazaq eposy. – Almaty: Ğylym, 1982. – 232 b.
6. Qazaq ertegileri. 4-tom. – Almaty, 1989. – 304 b.
7. Selivanov F.M. Giperbola v bylinah // Fol'klor kak iskusstvo slova. – Moskva, 1975. vyp. 3. S.9.
8. Lazutin S.G. Poetika russkogo fol'klora. – Moskva, 1989.
9. YUdin YU. Geroicheskie byliny. – Moskva, 1975.
10. Ybyraev Ş. Epos әлемі. – Almaty: Ğylym, 1993. – 296 b.
11. Uәlihanov Ş. Таңдамалы шығармалар. – Almaty, 1961. – 480 b.
12. Tursynov E. Genезis kazahskoj bytovoj skazki. – Almaty, 1973.

ПОЭТИКА ВОЛШЕБНОЙ СКАЗКИ: ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ЗАКОНОМЕРНОСТИ ЖАНРОВОЙ ПРИРОДЫ И ОБРАЗНОГО МИРА

АУЕСБАЕВА П.Т.^{1*} , КӘДІРХАНОВА С.С.² 

*Ауесбаева Пакизат Тенизбаевна¹ - Кандидат филологических наук, доцент, Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, г. Алматы, Казахстан

E-mail: ksaryarka@inbox.ru, <https://orcid.org/00000-0002-7716-9715>

Кәдірханова Сандугаш Серікбайқызы² – Докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

E-mail: sandugash_kadirkhanova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0004-2416-1957>

Аннотация. В статье рассматриваются отдельные аспекты поэтики жанра волшебной сказки. Отмечается, что поэтические особенности сказочного повествования варьируются в зависимости от индивидуальных качеств рассказчиков, что является характерным для данного жанра. Проверка этого положения возможна путем сопоставления сюжетных моделей различных сказок. В работе анализируются общие закономерности, присущие поэтике сказочного жанра, а также выявляются ключевые моменты, раскрывающие типологическое сходство сказок тюркских народов.

Общие мотивы, свойственные тюркскому сказочному наследию, обусловлены типологическими признаками древних и более поздних обычаев, норм и традиций. В богатом сказочном фонде многих народов мира сохранились мотивы, восходящие к архаическим формам семейных отношений, которые выполняли функцию сюжетных движущих элементов и в сказках тюркских народов. В процессе взаимовлияния и культурного взаимодействия древние мотивы и сюжеты развивались, наполнялись новыми смыслами, а существовавшие у других народов тенденции проникали в локальные образцы сказочной поэтики, формируя их своеобразный художественный колорит.

В заключение подчеркивается, что типологические сходства в сказках тюркских народов могут быть предметом всестороннего изучения как в аспекте сюжетных и мотивных структур, так и в системе поэтических элементов и образных моделей. В рамках данной статьи рассмотрены лишь некоторые аспекты этой обширной проблемы.

Ключевые слова: сказка, сюжет, мотив, поэтика, типологическое сходство.

THE POETICS OF THE FAIRY TALE: ARTISTIC PRINCIPLES OF GENRE NATURE AND IMAGERY

AUYESBAYEVA P.T.^{1*} , KADIRKHANOVA S.S.² 

*Auyesbayeva Pakizat Tenizbayevna¹ - Candidate of philological sciences, associate professor, M.O. Auezov institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ksaryarka@inbox.ru, <https://orcid.org/00000-0002-7716-9715>

Kadirkhanova Sandugash Serikbayevna² - Doctoral student, Al-Farabi kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

E-mail: sandugash_kadirkhanova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0004-2416-1957>

Abstract. The article examines specific aspects of the poetics of the fairy-tale genre. It is noted that the poetic features of fairy-tale narration vary according to the individual characteristics of storytellers, which is typical for this

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences genre. This assumption can be verified through a comparative analysis of the plot structures of various tales. The paper identifies the general laws inherent in the poetics of the fairy-tale genre and highlights key elements that reveal the typological similarities of the fairy tales of Turkic peoples.

The common motifs characteristic of the Turkic fairy-tale tradition stem from typological features of ancient and later customs, norms, and traditions. In the rich folklore heritage of many peoples of the world, motifs tracing back to archaic forms of family relations have been preserved, functioning as narrative-driving elements in the fairy tales of Turkic peoples as well. Through processes of mutual influence and cultural interaction, ancient motifs and сюжет patterns evolved, acquired new meanings, and tendencies found in other cultures penetrated into local models of fairy-tale poetics, giving them a distinctive artistic colouring.

In conclusion, the study emphasizes that the typological similarities in the fairy tales of Turkic peoples can be comprehensively examined either through their plot and motive structures or through their system of poetic elements and imagery. This article focuses only on several aspects of this extensive subject.

Key words: tale, plot, motif, poetics, typological properties.

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТІҢ ЖАҢА ҚАҺАРМАНДАРЫ

ОРДА Г.Ж. 

Орда Гүлжахан Жұмабердіқызы – Филология ғылымдарының докторы, доцент (ӘӨИ), М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
E-mail: gulzhahan_orda6882@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5930-3784>

Аңдатпа. Мақалада М.Әбдәкімұлының «Сүлеймен қарақшы» хикаяты талдау нысанына алынған. XX ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік өңірінде болған тарихи оқиға жекелеген тұлғалардың тағдыр тауқыметімен суреттелген. Хикаяттың негізгі кейіпкері Сүлеймен бейнесін ашуда жазушының портрет, кейіпкер сөзі, диалог, монолог, түс, эпизод, сюжеттерді пайдалану шеберлігі нақты мысалдармен айшықталған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Өзбекстанның астанасы Ташкенттегі адам жегіш жөйттермен, Тәжікстан тауларындағы басмашылармен алысқан кейіпкерлер өмірі ертегілер мен батырлық эпостардағы жекелеген мотивтермен салыстырыла зерттелген. Батырлық жырлардағы суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын батырлардың өмірде болғаны Сүлеймен мен Қараманның өмір жорықтарынан көрінеді. Он бес жасынан бастап тас төсеніп, мұз жастанған Қараман, Сүлеймен батырлардың Қазақстанмен бірге Орта Азия халықтарының сүйікті қаһарманына айналуы нанымды бейнеленген. Кеңес өкіметіне жақпағандықтан, қазақ пен өзбек елінде жүріп бірнеше рет тар қапасқа отырғандығы олардың бейнесін аша түскен. Бір дәуір мен бір өңірде өмір сүрген қазақ батырларының Тәшкенде тізе қосып жауларымен бірлесе алысқаны – өмірден алынған, ел аузында атадан-балаға аңыз болып жеткен шындық екені ғылыми тұрғыда дәлелденген. Аңыздың артында өмір шындығы жататыны тәрізді екі батырға қатысты аңызға бергісіз әңгімелердің де өмірден алынғанына көңіл аударылған. Жазушының өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудағы көркемдік ізденістері нақты мысалдармен айшықталған.

Түйін сөздер: проза, қаһарман, портрет, кейіпкер сөзі, диалог, монолог, түс, эпизод.

Кіріспе.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экокүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» нысаналы бағдарламасының «Әдеби өлкетану» тақырыбын зерттеу мақсатымен Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы бірсыпыра қаламгерлердің шығармашылығы зерттеу нысанымызға айналды. Солардың бірі – қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі Момбек Әбдәкімұлы.

Жазушы шығармаларына XX ғасыр басындағы Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі алуан түрлі оқиғалар арқау болды. Ол – XX ғасыр басындағы зұлматтар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің Оңтүстіктегі қаһармандары, кеңес өкіметінің орнауы, басмашылар мен жөйттермен күрес, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, Қараман, Сүлеймен қарақшылар өмір сүрген дәуірдегі өлке тарихы туралы бірнеше шығарма жазып, қазақ әдебиетінде Оңтүстік өлкесінің көркем шежіресін жасап жүрген жазушы.

«Зобалаң» романына 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың басталуы мен оның зардаптары, ҚазАКСР-ы және Өзбек КСР-ының халкомкеңестері мен орталық атқару комитеттерінің шешімімен салынған Шымкент-Ташкент төте теміржолы құрылысы туралы мәліметтер нақты деректер негізінде көркем суреттелген. Жазушы деректіроманда архив деректері мен ашаршылықты көзімен көрмен көнекөз қариялардың естеліктері негізінде зобалаң жылдарға жан бітірген.

«Қараман қарақшы», «Сүлеймен қарақшы» хикаяларында ел ішінде «Қарақшы» атанып, аттары аңызға айналған Қараман мен Сүлейменнің ерлігі жан-жақты суреттелген. Жазушы бала күнінен құлағына таныс кейіпкерлер туралы ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді жинай жүріп, көз көргендердің әңгімелерін тыңдай жүріп бүкіл өмірін қазаққа арнаған батырлардың көркем бейнесін жасаған. Олардың өмір сүрген кезеңдері де ел басына ауыр күн туған XX ғасырдың бірінші жартысымен тура келді. Патшаның жұмысқа қазақтан жігіт алуы, Қазан төңкерісі, кеңес өкіметінің орнауы, байлар мен ауқаттылардың дүние-мүлкін

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
тәркілеу, колхозға ұжымдасу, 1920-1921, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, екінші дүниежүзілік соғыс – елді тұралатып тастаған қасіреттер жылдар еді. Жаужүрек батырлар ат үстінде жүріп қанішерлер мен баскесерлерді, байларды тура жолға салу үшін оларды тонап, қолға түскен дүние мүлікті кедей кепшікке таратып беріп, халықтың сүйікті қаһарманына, батырына айналады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Тақырыпты зерттеуде гуманитарлық ғылымдарға тән жүйелеу, жинақтау, герменевтикалық талдау, сипаттау, салыстыру әдістері пайдаланылды.

Фольклортанушы ғалымдардан фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы жөніндегі С.Қасқабасовтың, эпостың негізгі ерекшелігі туралы Ш.Ыбыраевтың, әдебиеттанушы ғалымдардан монолог туралы Т.Бекниязовтың, диалог туралы С.Мақпыровтың, көркемдік компоненттердің атқаратын қызметі жөніндегі Т.Рахымжановтың, психологизм туралы Б.Майтановтың пікірлеріне сүйене отырып ғылыми пайымдаулар жасалды.

Отандық ғалымдармен бірге орыс әдебиеттанушыларынан портреттің атқаратын қызметі жөнінде Л.Тимофеев пен С.Тураевтің, сюжет жөніндегі Г.Поспеловтың пікірлері басшылыққа алынды.

Сонымен бірге автордың қазіргі қазақ әдебиетіндегі түрлі мәселелерді зерттеп жүргені әдебиеттегі қазақ әйелі бейнесінің трансформациялануы, қазақ және тува әдебиеті мәтіндеріндегі эмоцияның ерекшелігі [1], қазақ повестеріндегі мазмұндық, түрлік ізденістер [2] туралы зерттеулерінен байқалады. Ұсынылып отырған мақала автордың бұған дейін зерттеп жүрген мәселелерін және бір қырынан толықтырады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Отызыншы-қыркыншы жылдары Ташкенде басмашылармен, жөйттермен күресіп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталды. Военкоматқа барып қанша сұранса да Ташкенде тіркеуі жоқ, ешқандай құжаты жоқ қырықтан жаңа асқан Сүлейменді елуден асып кеткенсің деп соғысқа алмаған. Жиырма үш жасында қарақшы аталған Сүлеймен өз өмірі мен істеген ісі туралы былай дейді: «Дегенмен, мен өзімді қарақшы санаған емеспін. Ілкіде, жастық кезімде аласапыран күндерді бастан өткеріп жүргенімде адамға жақпайтын талай қылықты жасаған шығарамын. Иә, жасағаным анық қой. Бірақ оларды – өзімді, қала берді өзге әлсіздер мен момындарды қорғау үшін жасадым. Жасамасам болмады».

Оның қазақ аштықтан қырылатын жылдары ұрылардың Өзбекстаннан, Қырғызстаннан айдап келген жылқыларын ауыл-ауылға таратқаны да, колхоздың малын елге бөліп бергені де өмірден алынған шындық. Ленгирдің мал базары мен Алай базарындағы бассыздықтарды жолға салып, Қарағандыдан келген Сүлейменді мүгедек еткені, Қырғызстандағы Сүлейменді жайратуы, Қажымұқанмен белдесуі, өзі ұсталып кеткенде әйелін бір бұзаулы сиырға сатқан молданы шайханада бауыздауы және басқа шытырман оқиғалар өмірден алынғандығымен құнды. Өмірінің соңғы күні де өзіне таныс елес-адамды бір күнде екі рет көрген Сүлеймен талқанының таусылғанын шамалап, кетерінде: «– Дүйсенбек, биыл алпыс тоғызға келдім. Он алты жасқа дейінгі өмірімді есептемегенде, қалған ғұмырымның барлығы дала мен тау арасында қыран сияқты қалықтаумен өтті. Осыған орай кейде ойлаймын, ажал маған үйде емес, далада тап болады-ау деп. Қош болғайсың. Бұрындары кездескен кездерімізде артық-кем қылық көрсетіп, ағат сөйлеген жерім болса кешкейсің, інім», – деп інісімен қош айтысып қоштасты. Алпыс тоғыз жасында жүрек талмасынан кеткен Сүлейменнің он алты жасынан кейінгі өмірінің бәрі далада ат үстінде өтсе, ақырғы демі де үйінде емес, қазақтың кең даласында шығып еді.

«Сүлеймен қарақшы» – Төле бидің алтыншы ұрпағы Сүлеймен туралы хикаят. Шытырман оқиғаға толы шығармада қылмыстан аяқ алып жүру оңай емес. Олар мемлекеттік дәрежеге көтерілген сыбайлас-жемқорлықтың түп тамырына балта шабу үшін бүкіл өмірлерін арнады. Қашан да әділдік үшін ат үстінен түспей атыс-шабыс үстінде жүретін батырлардың өмірі бір қарағанда Мысырда жүріп ұры-қарысы жоқ, алаяқтары жоқ бейбіт мемлекет орнатам деп шарқ ұрған Сұлтан бейбарыс бабамыздың өмірін көз алдымызға елестетеді.

Негізгі оқиға Сүлейменнің ата-бабаларын таныстырудан басталады. Батырлар тәрізді Сүлейменнің де өмірге келуі тосын құбылыстарға толы. Анасының аюдың жүрегіне жерік болғанының өзінен болашақты аю тәрізді бір алыптың дүниеге келетінін байқауға болады. Оны жазушы екі кейіпкердің диалогына сыйғызған:

«Сонда Жұмакүл:

«Ұйқыдан жаңа оянып, көк шырша мен көк аршаның дәмі қанына әлі сіңбеген аюдың шикі жүрегі болса, көңілім бір жайланып қалар еді-ау, ата. Өткенде жеген төрт аюдың жүрегі құмарымды баспай жүр», – дейді.

«Ә, онда саған қысқы ұйқыдан ұрғашыларынан кейін оялатын марғау еркек аюдың жүрегі керек екен де. Күйеуіңе айт. Дәл қазір сонау Қырыққыздың үстіндегі қырғыз асуындағы шатқалда еркек аюлар жаңа ғана үңгірден шығып, көкке енді бас қойды. Денелеріне көктің дәмі әлі сіңбеген солардың бірін атып алсын. Құдай қаласа, содан кейін аюдай айбатты бір ұл туарсың», – деп жөніне кете барыпты...

Мұны естіген Мәмен дереу Қырыққызға жол тартып, сол жерде аңшылар жалдап, бір еркек аюды аттырып алады да, жүрегін ауылына алып келеді. Қаны тамған келтектей жүректі көргенде Жұмакүл ай-шайға қарамай, апыл-ғұпыл шайнамай жұта салады. Содан бір күн өтпей-ақ жанын қинаған жерік сап басылыпты» [3]. Жерік асын жемесе басыла қоймайтын жеріктің бесінші аюдың жүрегі ғана басқанының өзі – ерекше құбылыс еді.

Сегіз айдан кейін туылған ұлға Сүлеймен деп ат қойылды, бірақ ол тоғыз жасында әкесі Мәменнен, он бір жасында анасы Жұмакүлден айырылып тұлдыр жетім болып өсті. «Тірегім – Төле, түбім – Қожамжар, атам – Дауылбай бай болса да, әкем Мәменнен мұралыққа бір тышқақ лақ та қалмағанына ренжимін кейде» дейтін Сүлеймен ешкімге алақанын жаймай, өз күнін өзі көріп есейді.

Сүлеймен он алты жасында нағашысы Көбектің айтуымен асау құнанды құрықсыз-ақ жерге жығып салғанымен таныла бастаса, он жетіге келгенде қарақшы атанған нағашысы мен Әріпбай, Тастан, Әмір, Кендір тәрізді жаужүрек барымташылардың қатарына қосылды. Алғашқы сапарда барымтаның не екенін білмейтін, ұзақ сапарға шығып көрмеген сұрағы көп балаң жігіт оқырманның көз алдында жауырыны күжірейіп тұлғаланып өсе береді.

Жазушы оның бұл сапарының оң емес екені жөнінде былай дейді. «Сүлеймен атты ер-тоқымын түзеп, қос тартпасын бекем етіп тартты: «А, Құдай, жолымды оңғара көр», – деп атқа қонды... Бірақ дәл осы сәтте Сүлеймен Құдайды аузына алғанымен Құдай қош көрмейтін, адамшылыққа жат іске аттанып бара жатқанын, Құдайдың ұрыға емес, малынан айрылып, аңырап қалған тоналушыға жақ болатынын ойламады». Алғашқы оқиға Сүлейменнің бойындағы алапат күшін байқатса, екіншісі оның Алланың қаламаған жолына бара жатқанының белгісі ретінде алынған. Осы тәрізді жекелеген эпизодтармен кейіпкер бейнесі сомдалып, толығып отырады. Оны Әулиетаста тау қабыланын, Аюқұлағанның сайында құлынды биеге шапқан жабайы қабанды жалаң қолмен алуынан көреміз.

Досалы бидің тапсырмасымен Досыбай, Қосыбай бектің ауылындағы сыбайластары Елсапа арқылы жылқының жайын білген қарақшыларға жылқышыларды байлап тастап, бір үйірді алдына салып айдап кету қиынға түскен жоқ. Бес-алты кісі атымен сыйып кететін ебелектен там жасау, ағысы қатты Шыршық өзенінен атпен өту тәрізді барымташылардың ісі олардың батырлығы мен шалт қимылдарын, өз істерінің кәнігі шеберлері екенін толықтыра түседі.

Көбектің «Әр ұрының сезгіш ит сияқты бөлекше бір сезімі болады. Бірақ оны басқаларға айтпайды» – деген сөзін Әулиетасты табуды ашып айтпауынан, Елсапаның арқыраған тажалсудың ортасындағы өткелдің құпиясын айтпауынан байқауға болады. Бұл – ұрылардың өз заңы.

«Кеше ғой, үңгір ішінде жаттық. Бүгін ашық даладамыз. Егер мұндайда жаңбыр құйып кетсе не болмақ?» Бұл – болашақта жапан далада құйған жаңбыр асты мен соққан боранның өтінде жалғыз өзі талай рет қалып кетуіне тура келетін Сүлейменнің; сондай сәттерде кешегі түсіне кірген ақбоз ат мінген қара киімді, қара сақалды кісімен тілдесіп отыратын Сүлейменнің; екі мәрте сондай боранды түндерде аш қасқырлардың қоршауына қалып,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
олардан тек күштілігінің арқасында ғана аман құтылатын Сүлейменнің; келешекте тұрақсыз өмір, талай жердің дәмін татырған күрделі ғұмыр өткізетін Сүлейменнің; жұрт өзін Құдайдай көріп, алдында құрдай жорғалайтын, күллі Тәшкеннің ұры-қарақшыларының піріне айналатын, олар үшін ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болатын Сүлейменнің; небір соттар мен прокурорлар өзін көргенде тұтығып сөйлей алмай қалатын Сүлейменнің; ал әзірше Қайыршақтының түбінде топырақ төсеніп, тас жастанып жатқан Сүлейменнің ойы еді. Авторлық сипаттама мен кейіпкер монологу оның болашағынан хабар береді.

Екінші көзге түсетін мәселе – батырдың өзіне лайық ат таңдауы. Батырлық эпостарда батырдың өзіне серік болар тұлпар таңдау мотиві хикаятта да сақталған. Шыршықтан жылқы айдап келе жатқанда жолда туған биенің құлынын сойдырмай, қоржынға салып алып келгені, төрт жылдан соң оның өзіне лайық қарагер ат болуынан батырлар тәрізді өзіне ат таңдауы көрінеді. «Ат жақсысы иесінің ісінен жаңылмайды» дегендей, Қазығұртта қасқырлар қамағанда оған көмектескен қарагер ат Сүлеймен басмашылардың зынданынан қашып шыққанда артынан іздеп келген болатын. Қарагерінің арқасында қасқыр мен Зүндін жөйтке жем болмай, басмашылардың оғынан аман қалды.

Шығарманың этнографиялық бояуын Тойдағы Шақпақ, Жуантөбе, Батырөлген жырасынан айналып өтетін аламан бәйге, отыз-қырық атты шабандоз бірден лап қоятын көкпар, түйе балуандардың күресі қанықтыра түскен. Ордабек болыс қосқан сегіз құнанның ешқайсысы бәйгеге іліне алмауы оның намысын қайраса, Сүлеймен атын асқақтатты. Ордабектің атбегісі баптаған ақжал ат аламан бәйгеден екінші болып келіп, бес жылқы, елу сомды қанжығасына байлады. Осы сәтті жазушы былай суреттеді: «Бір күннен кейін күрес пен көкпардан ешкімге дес бермеген жігіттеріне разы болып, көңілі масаттанған Ордабек байбатша Билікөл жерімен қош айтысып, би-болыстарын, шабандоз-атбегілерін, атқосшы-қызметшілерін, жалпы, өзімен бірге тойға келген үш жүздей қалың нөкерін ертіп, елге, Қазығұртқа қарай бет түзеді». Ордабектің осы жүрісінен оның сән-салтанатымен жүретіні ғана емес, мамыражай замандағы қазақ даласындағы той-думанды көреміз. Осы тыныштық араға көп жыл салмай, оқырманның көз алдына өзгереді.

Түйе балуандардың күресіне Верный ұлығы алып келген екі орысқа екі қазақ қарсы шықты, соның бірі Сүлеймен болатын. Бірінші қазақ алғашқы күресте жеңілген соң, Сүлейменді Төле би бабасының әруағы қолдап, өзіне ғана көрінетін елес-адамның ақылымен тізеден шалып, дию орысты бірінші белдесуде жер қаптырды. Он жеті жасар Сүлейменге жиырма бестегі Некалайды алу оңайға түскен жоқ. Бір тойда үлкен қаладан келген екі орысты жеңген Сүлейменге бүкіл Жетісу, Сырдария облысының ең мықты түйе балуаны деген атақ оңайлықпен келген жоқ.

Оның сырт тұлғасына қарап Досбол, Естемес билер, Елтай төре, Сүгірәлі болыс та Сүлейменнен балуан шығатынына сенді. Керімбай болыстың алты алашқа берген тойына бара жатып Құлажан мен Сүлейменнің танысуы «Ер шекіспей, бекіспейтінін» көрсетеді. Бұл той Құлажан, Нұржан, Дүйсен, Сәт, Сүлеймен тәрізді перілерді бір-біріне жақын таныстырды. Досалы оны Тәшкен мен Верныйдағы балуандар мектебінде оқытқанда ол болашақта Қажымұқан тәрізді балуан болар еді, бірақ би оны басқа жолға салды. Сүлеймен алдымен бозаға тойған Сайрамның сегіз өзбегін бір өзі сілейтіп салса, кейін қырғыздардан елу жеті жылқыны барымталап қайтты.

Келесі көңіл аударарлық мәселе – қазақтың игі-жақсылары халқын жаттан да, жаудан аман алып қалғаны, бай-болыстары ауыл аймағын асырағаны. Оны Досалы бидің ашаршылық кезінде қамбада астығы, қорада малы таусылғанша асырағаны растайды. Бұл жұтта бидің мініс аттарынан басқа төрт түлігі түгел ашыққан жұртқа таратылса, оның ішінде Сүлейменнің «түйе балуан» бәйгесінде алған үш жылқы мен үш танадан көбейген біраз малы қоса кетті. Осындай сәтте Досалы Көбек бастаған барымташыларын қырғыз елінен мал айдап келуге жұмсайды. Әріпбай, Тастан, Кендір, Әмірлер жорық үстінде дию күш, қабылан жүректі Сүлейменнің бетін қағып жүретін Көбекті қатардан қалдыруға ынтық емес. Осы сапарда Көбек мертігіп өмірден озды. Бар сүйенішінен айырылған Сүлейменге нағашысынан айырылу оңай болған жоқ.

Сеніміне кірген Сүлейменге қыз айттырып жүрген Досбол би өмірден өткен соң, Ордабек болыстың Арғынның Алтай тармағына жататын Мөңке деген кісінің Балдықыз атты қызын Сүлейменге әйелдікке алып беруі – бай-болыстар туралы қалыптасқан біржақты көзқарасты жоққа шығарады.

Кеңес өкіметі орнаған соң, Ордабекті Оралға жер аударуы, онымен қоймай, міліса нәшәндігі болып жүрген баласы Ноғайды қудалуы, Қазығұрт, Бадам болыстықтарын билеген Сүгірәлі, Жүндібай, Құрбанәлі болыстар мен Естемес, Баймұса, Токбай билердің ел билеуден шеттетілуі, Кеңес өкіметінің адамы Құлтанды көкпарша сүйреген, байлардың қолшоқпары болған Сүлейменнің он жылға сотталуы – жаңа өкіметтің ел басқару жүйесіне алып келген озбырлығы еді.

Қалың қазақ әлдеқашан жаңа өкіметке мойынұсынғанмен, Алай тауының терістігі мен Ферғана жазығындағы басмашылар мен қарақшылар бәлшебекке бағынбай жүрген. Бұл кезде Сүлеймен баяғыда тауда қалған Төркекелді мен Аязбекке кездесіп, үш «арлан» бірден Қоқанға тартқан. Фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраев көне эпостың жеті түрлі белгісін санапалап көрсеткенде, солардың бірі – «аңшы, мергендердің зұлым күштерді жеңе жүріп мұратқа жетуі», – дейді [4]. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, эпостардағы осы мотивті Сүлейменнің түрлі зұлым күш иелерін жеңе жүріп мұратына жетуінен көреміз.

Әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов «Психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі», – деген пікіріне сүйенетін болсақ [5], психологизмнің көркем шығармада қолданылатын амал-тәсілдерінің бірі – түс көру. Жазушы түсті болашақты болжау ретінде алған. Әулиетас үңгіріндегі түс пен түсіндегі «Балам, тиіспе оларға! Олардың күні сенен кем емес», – деген апасының, ақбоз атқа мінген, қара киімді, қара сақалды шалдың «Әй, балам, жарадың! Болашақта үлкен балуан болады екенсің. Бірақ ылғи мал қуып, болмаса қанға араласып жүресің-ау деймін», Ташкен түрмесінде және түсіне кіріп «Отырған өзің, ал анау майдан ортасында жүрген сенің өмірің», – деген сөздерінен оның болашағын болжауға болады. Үнемі түсінде қан майданның ішінде атоылап жүретін өзін көретін түсті он реттен аса көрсе, сол түс Ташкен түрмесінде де қайталанып отыруы тегін емес.

Әр тараудағы оқиға араға бірнеше жыл салып өрбиді. Көбек өлгеннен бері «Қаратау мен Қазығұрт, Шу мен Сыр арасындағы сайын дала төсіндегі жұртты сансыратып жіберген алапат жұт – жылан мен жылқы қатар келген «жылантақырдың» өткеніне үшінші жыл. Бұл 1921 жыл еді». «Қырғыздардан айдап келген баяғы елу жеті жылқының ішінен Досалы ту семіз он бес бие мен үш айғырды бөлек алып қалып, қалғандарын ашыққан жұртқа таратып берген». Сүлейменнің бұл кездегі жұмысы – он бес биеден тараған қырық шақты тай-құнанды күзету.

Бұл кезде Ордабектің Ноғайы Тәшкендегі оқуын бітіріп келіп, Шымқаладағы жаңа өкіметтің жұмысына тұрған. Соның айтуынша жаңа өкімет жерімізді болыстық кеңестерге бөліп билейтінге ұқсайды. «Біз мына шеті Сайрам, батысы Қазығұрт, шығысы Ақсу болып, Көксәйек пен Бадам болыстығына кіретін болыппыз» деген әңгімесін өрбіткен Досбол Сүлейменге Ноғайдың етегінен ұстауға кеңес береді.

Ноғайдың шақыруымен келе жатып тағы бір тосын оқиғаға тап болады. Түлкібас пен Бадамның жақсы жерлерін кірмелердің иемденіп, шошқа бағуы – сол тұстағы қазақ даласын жайлаған қасірет еді. Қазақ жаңа өкімет келген соң осылай шұрайлы жерлерінен айырылып, тастақ, шөлейт жерлерге ысырыла бастады. Соның бір көрінісі – орыстардың жабылып Сүлейменнің астындағы атын тартып алып, өзін жаяу жібермек болуы. Кеудесінде жаны барда ешкімді басындырмайтын ол орыстың побын өлтірген соң, Ноғайға да бармай, елден қашып Қоқанға бет түзейді.

Монолог жөнінде әдебиеттанушы ғалым Т.Бекниязов былай дейді: «Монолог, сөйлету – драмалық шығармадағы, сондай-ақ басқа әдеби шығармадағы кейіпкердің ішкі көңіл күйін білдіретін толғау сөзі: кейіпкерді сөйлету тәсілі. Монолог кейіпкердің өзімен өзі сырласқандай, ойланып-толғанғандай болып айтатын сөзі» [6]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, кейіпкер бейнесін толықтыруда монолог үлкен қызмет атқарады. Оны

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Сүлейменнің жапан далада жалғыз қалған шағындағы мына монологынан көруге болады: «Ит, кәпір-ай, жанындағы арсалаңдаған ит секілді мас жігіттерінің сөзін сөйлеп, өзіме тиіспегенде, ажал таппас еді-ау. Өзінен болды. Несі бар, жынымды қоздырып. Титтей да обал жоқ өліміне. Бұдан былай қалғандары қазақтарға тиіспей жүретін болады. Соның кесірінен Ордабекке бара алмай, екі өлі қасқырдың жанында жатысым мынау айдалада».

Әдебиет пен фольклордың байланысы жөнінде фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов былай дейді: «Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт, ағым, стиль мәнерінде жазылған шығармаларда көрініп жүрген постмодерндік белгі есебіндегі адам мен хайуан арасында жақындықтың болуы, бір адамның екіге бөлінуі, кейіпкердің іс-әрекеттерінің түсінде атқарылуы, қаһарманның сандырақ халге түсіп, елес көруі сияқты көркем тәсілдер фольклорда ертеден бері мотив, не сюжет түрінде қолданылып келген үрдіс екені аян» [7]. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, шығармадағы кісі-әруақ – фольклорлық мотив. Жапан далада қасқырлар қамағанда «Қорықпа, балам, бұлар аңның бөрісі болса, сен адамның арыстанысың. Біреуін жарақаттасаң болды, қалғандары тым-тырақай қашады», – деп құлақ түбінен сыбырлаған қап-қара сақалды кісі жылыстап кете барды. Қара сақалды осы кісі баяғыда күресте тізеден шал деп ақыл беріп бір көмектессе, бүгін қасқырлардан қорықпа деп қасында тұрды. Осы тұста автор Төле бабаны желеп-жебеп жүретін ақбоз атты, қара сақалды әруақ-кісі туралы аңызды пайдаланады. Төле өлген соң, одан тараған ұрпақтарын айналшықтап жүретін кісі-әруақ енді Сүлейменнің жебеушісіне айналған.

Түрке, Көкен, Дөңбай, Сүлеймен Аязбек, Сиязбек, Төркекелді, Салықбайлар басмашы Срайылдың зынданынан қашып шыққанмен Түрке, Дөңбай, Көкендер Бошбай басмашының қарақшыларымен болған алғашқы шайқаста шейіт болды. Салықбай тәуіптің оғынан өлген соң, бірбет Сүлеймен оның кегін алу үшін қайта барып үйдегі төртеуді түгел жер жастандырды.

Сүлейменді қызылдардың тыңшысы деп түсінген басмашы Тұрлыбайдың үш күн суық жер төледе қорлауы, Сүлейменнің оны қыстың күні ағып жатқан суға тастап кетуі, кейін араға бірнеше жыл салғанда Тәшкенде қайта кездесіп Сүлейменге шектен тыс өшпенділік көрсетуі тәрізді шытырман оқиғалар біріне-бірі жалғаса өрбиді. Әр оқиғаның астында жатқан қастандық, жауыздықпен күресе жүріп Сүлеймен де тәжірбие жинақтап, ширығып келеді.

Көркем шығармадағы әдіс-тәсілдің бірі – оқиғаға қатысты ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді тиімді пайдалана отырып, негізгі оқиғаны ашу. Биеге шаппаған соң, көзін байлап қойып өз анасына салғанын білген Ақжалдың құз басындағы жартастан өзін тастауына қатысты аңыз жылқының тектілігі үшін алынғанмен, Парманқұл мен Сүлеймен де осындай текті қазақтардың бірі екенін көрсету мақсатында пайдаланған.

Сюжет жөнінде әдебиеттанушы ғалым Г.Поспелов былай дейді. «Сюжет – явление форму потому, что именно через него наибольшей мере писатель осуществляет творческую типизацию воспроизводимых им общественно-исторических характеров» [8]. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, жазушы шығармадағы оқиғалар арқылы қоғамдық-тарихи кейіпкердің толық келбетін жасаған. Тәшкенде адам жейтін жөйіттермен күресуі, Қоқанда екі жыл жүргенде Исламқұл мен Шалпар адамдарының қастандық жасауы, Сүлейменнің олардан кек алуы, Қоқанды қарақшылар мен баскесерлерден тазалауы, өзіне қастандық жасағандардан кек алуы, тәшкендік Бекаба жұмсаған Құрақты тұтқындауы, Тұрдақтың қол-аяғын сындырып, тілін тілгілеп жазалауы, өзін түрмеге жапқан Құлтанды неше жылдан кейін іздеп келуі, Итжеккенде қара Иванды өлтіріп түрме бастығының көмегімен Тәшкенге келіп, бандылардың шаһары Ташкендегі Алай базарында Бекабаның алты жендетін жайратып салуы, Қоқанда Сүлейменді өлтірмей келгені үшін Құрақты Беабаның мүгедек етуі, Сүлейменнің Құрақты іздеп келуі, Бекабаның жөйіттерімен алысуы – тәрізді Сүлейменнің басынан өткен шытырман оқиғалар оқырманын баурап отырады.

1932 жылы мешінде отыз төрт жасына дейін Итжеккенге айдалған Сүлейменнің кейінгі өмірі бір мың тоғыз жүз қырқыншы жылдардың басына дейін күллі Өзбекстанды дірілдеткен жөйіттермен алысумен өтті. Бұл кезде Ташкендегі қазақтардан бас көтерер Парманқұл мен

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Қараманды қарақшы деп соттатып, Қараман Барсакелмеске жер аударылған. Алай базарында төбелесті деп ұсталған Сүлейменді Мамажан шығарып алып, оны Қараман, Парманқұл, Пархадпен таныстырады. Бұл кезде Сүлейменді қазақтар, Ташкен жұрты Қараманды «қарақшы» атап кеткен болатын. Сүлеймен, Пархад, Парманқұлдардың алты ай бойы Ташкенге жан сауғалап жеткен аш қазақтарды тойындыруы олардың болмысын ашуға қызмет етеді.

Шығармадағы көркемдік компоненттердің атқаратын қызметі жөнінде әдебиеттанушы ғалым Т.Рахымжанов: «... біз қаһарман психологиясын ашатын кейіпкер характерін өткірлеп, ұштай түсетін портрет, пейзаж, монолог, диалог және көркем деталь өнері секілді көркемдік компоненттерге айрықша мән береміз», – деген болатын [9]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, көркем шығармада үлкен қызмет атқаратын көркемдік компоненттің бірі – диалог. Кейіпкерлер арасындағы диалог негізгі оқиға мен кейіпкерлер бейнесін торлықтыра түседі. Оны Құлтан мен Сүлейменнің мына диалогынан көруге болады:

«– Айналадағы жұрттың күйі – анау. Ал өзің болыс үйіндей там салып, төбе бидей өмір сүресің. Осы үй-мүйіңмен қосып, өртеп жіберейін бе?

– Қой, Сүке. Үйдің мүлкі жақсы болса, ол өкіметтің арқасы да. Жұрт маған ұқсап, жұмыс істейді деймісің. Осыдан да олар, жалқаулығынан деймін де, күн көре алмай жүргендері...

– Не оттап тұрсың?! Жұмыс істеп, адалдығыңмен байығыш болсаң, кешегі Ордабектің кезінде неге осындай тұрмысқа қол жеткізе алмадың? Елді тонап, атып-асып, қорқытумен, біреудің еңбегін пайдаланып жинаған дәулетіңді қалай өкімет пен жұмыстың арқасы деп айтып тұрсың? – деп Сүлеймен желкесінен қойып қалды. Құлтан серейген күйі мұрны жер сүзе құлады...».

Диалог жөніндегі әдебиеттанушы ғалым С.Мақпировтың «Диалог та, монолог та кейіпкер тілінің (сөзінің) формалары ретінде көркем бейненің адамдық болмысын танытуда аса маңызды мәнге ие», – деген пікіріне сүйенетін болсақ [10], осы диалогтан Құлтан мен Сүлейменнің өмірлік ұстанымдарын, болмыс-бітімін, қасиеттерін толық танимыз.

Сүлеймен ауыл адамдарына көзі ашық оқығандары мен бай-болыстарын түгел айдатып, алдын аттырып, соңын 10 жылға жер аударған Құлтан мен Тәңкіден өштерін алып, үйлеріндегі барын көтертіп жіберді. Олардың астарындағы мініп жүрген аттарын Сүлеймен жігіттерінің аш отырған екі ауылға таратып беруі – екінің бірінің қолынан келмейтін ерлік. Осылайша олар жаңа өкіметтен де, оның сенімді өкілдерінен де аяқтарын тартпай, дала заңымен өмір сүрді.

Бұл уақытта қазақ даласын ашаршылық жайлап, шамасы келгендер көрші елдерге тентіреп, ел асып кетіп еді. Колхоз бастығы – Тәңкі мен бұрынғы ауылнай – Сабаш – сол тұстағы белсенділердің, аштан бұратылып жатқан кемпір мен шал – аштардың жиынтық бейнесі ретінде суреттелген. Ашыққан қазақтарды тойындырам деп жүріп қапияда қолға түсіп, Итжеккенге айдалған Сүлейменнің жиырма күннен астам жол жүріп екі Паханды жолда мүгедек етіп, барған соң қара Иванды екі жендетімен жер жастандыруынан оның бойындағы адам баласына дес бермейтін алапат күшті байқауға болады. Сібір түрмелерінде бірнеше жылдан бері Пахан болып отырған Иванның басын қазанның астындағы шоққа үйітіп, өзін ыстық сорпаға тұншықтырып өлтіруі – денесіне қатты соққы тисе, көзіне түк көрінбей кететін Сүлейменнің өздігінен ешкімге тиіспейтін, тиіскенді аямайтындығының көрінісі.

Батырлық эпостардағы батырлардың қарсыластарының осал болмайтыны тәрізді, Сүлейменнің ұстасқандарының алапат күш иесі болғанын қара Иванның сенімді жендетінің болмыс бітімінен көруге болады:

«Алақандары күректей. Салалы ұзын саусақтарының әрқайсысы кішкене баланың білегіндей. Оң жақ бетінде кішкене арықтай созылып түскен тыртық орны бар екен. Қалың сақалы сол тыртықты жаба алмай тұр. Қастары өсіп кеткен шаш секілді, екі қабағын жапқан. Мұрны бүркіт тұмсығындай доғал әрі ұзын. Еріндері есек ерніндей. Екі көзінің қарашығы жоқ секілді. Жанарының іші тұздай көкпеңбек. Кез келген адам онымен алыспақ түгілі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
бетіне де қарауға қорқатындай. Қазандай басына ілінген құлақтары кішкентай-ақ. Құдды бір олар бастың екі жағына ілініп тұрған үлкен қол сияқты. Иегі мен басы тұтасып кеткендей, мойны көрінбейді. Домаланған зор кеудесі бидай толы үлкен қанардай дөп-дөңгелек. Қолдары тым ұзын, тізесіне жетеді. Дене-тұрқы тым оғаш, белі мен мықынына ешбір жігіттің құшағы жетпестей жуан». Көркем шығармадағы портреттің атқаратын қызметін әдебиеттанушы ғалымдар Л.Тимофеев пен С.Тураев былай түсіндіреді: «В литературном произведении – описание внешности персонажа, играющее определенную роль в его характеристике; одно из средств создания образа» [11]. Ғалымдардың пікіріне сүйенетін болсақ, осы портреттің өзінен кейіпкердің болмыс-бітімін тануға болады.

Алай базарында Бекабаның адамдарын сабағаны үшін Сүлеймен мен Парманкүл түрмеге тоқытылды. Бұл жерде Сүлеймен он жылдан аса түрмені билеген таулық Ахмадпен кездесті. Түрмеде ешқандай заңның жоғын Ахмадтың Низамның басын кесіп алып келуінен, түн ішінде баракқа келіп төбелес шығаруынан көруге болады. Бұл жерден екі батырды үлкен қызметтегі қазақ азаматы Мамажан құтқарып алды. Бұл – үшеуі де қазақ үшін жанын беруге даяр азаматтар. Сүлеймен Ташкенде жүрген кезінде екі рет түрмеге түссе де жөйіттерді жайратып, басынған бұзықтарды сабасына түсіріп, аш қазақтарға қолынан келген көмегін жасады. Екінші рет қолға түскенде жаңадан милиция бастығы болған Мамажанның олардың астына ат беріп Ташкеннен жырақ Қоқанға қашырып жіберуі – бауырларына жасаған жанашырлығы мен қамқорлығы еді.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
баяндау – проза жанрына тән ерекше сипаттардың бірі. Мұхтар Әуезов те көркем прозаның табиғатын түсіндіре отырып, «психологиялық тереңдік араласпаған шығарманың бар болмысы жалаң, әсерсіз, жабайы жолға түскен мәтінге ұқсайды» деп бағалаған [1, 12]. «Литературная энциклопедия терминов и понятий» еңбегінде әдебиеттегі психологизм «кейіпкердің ішкі ойын, рухани күйзелісін, жан толғанысын барынша дәл әрі көпқырлы бейнелеуге бағытталған көркемдік тәсіл» деп анықталады [2, 835].

Әдебиет зерттеушісі Б. Майтанов психологизмді сөз өнерінің табиғи болмысымен сабақтастырып, оны «қаһарманның рухани болмысын, жан әлемінің қыр-сырын ашуға мүмкіндік беретін көркемдік амалдардың жиынтығы» ретінде сипаттайды [3, 4]. Зерттеушінің бұл пікірі жоғарыда келтірілген анықтамаларды толықтырып, психологиялық прозаның мәнін тереңдете түседі.

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қара сөз бен дарынды сөздің айырмашылықтарын айқындап, олардың жанрлық табиғатын саралайды. Оның пайымдауынша, қара сөз тек ұғым қалыптастырса, «дарынды сөз адамның ойына өң беріп, көңіліне күй түсіретін» көркемдік қуатқа ие [4, 86]. Демек, психологиялық прозаға тән басты ерекшелік – адамның ішкі жан құбылыстарын, сезімдік толғаныстарын, сыртқы және ішкі әрекеттердің арақатынасын терең зерделей отырып, оқырманға эмоциялық әсер қалдыру.

Психологиялық прозаның көркемдік табиғатын талдаған ғалым Л. Гинзбург жанрдың негізгі ерекшелігін «кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің әрдайым үйлесе бермейтін күрделі қатынасынан» көреді [5, 286]. Яғни кейіпкердің әрекеті көбіне оның ішкі ой ағынын толық ашып бере алмайды, ал осы сәйкессіздік – психологизмнің көркемдік қуатын арттыратын факторлардың бірі.

Зерттеу барысында осы теориялық тұжырымдар негізге алынып, қазақ әдебиетіндегі психологизм табиғаты салыстырмалы талдау, сипаттамалық әдіс, контент-талдау және жүйелеу тәсілдері арқылы сараланды.

Көркем туындыдағы психологизм табиғатын айқындайтын тәсілдер өте көпқырлы. Зерттеушілердің пікірінше, «психологиялық талдаудың түрлері сан алуан: автордың ішкі толғаныстары, кейіпкердің өзін-өзі саралауы, рухани әлемді бейнелеудің жанама тетіктері – бейвербалды ишараттар, сыртқы қимыл-қозғалыстар және басқа да элементтер авторлық аналитикалық пайым арқылы көрініс табады. Осы тәсілдердің ішінде кейіпкердің ішкі монологы мен ішкі сөзі айрықша мәнге ие» [5, 330].

Басқаша айтқанда, автордың ой толғанысы мен кейіпкердің өзін-өзі тануы ішкі монолог, ішкі сөз, түс көру секілді аналитикалық сипаттағы амалдар арқылы жасалса, ал адамның рухани әлемін жанама бейнелейтін құралдар – ым-ишарат, мінездік әрекет, көркемдік деталь, заттық әлем, психологиялық орта – динамикалық тәсілдер ретінде көрінеді. Бұл жүйе кейіпкердің жан дүниесін екі деңгейлі көрсетумен ерекшеленеді: бірі саналы пайымға құрылған, екіншісі адамның терең, бейсаналық қабаттарымен байланыстағы эмоционалдық күй. Адам мінезін, оның кісілік табиғатын, жан-жүйесін сана астарындағы бейсаналық психикамен байланыстыра отырып талдау – психологиялық прозаның негізгі көркемдік механизмі. Жазушы кейіпкердің ішкі әлемін дәл бейнелей алғанда ғана оның жан қақтығысы, әрекет себептері мен эмоциялық күйі толық ашылады.

Л. Гинзбург психологиялық прозаның жанрлық ерекшелігін дәл осы қырынан сипаттап: мұндай шығармалар кейіпкердің рухани өмірі мен іс-әрекетінің тұтас жүйесін, түрлі деңгейдегі қақтығыстарын, аналитикалық психологизмін қамтуға бағытталады; сондай-ақ кейіпкердің сезімдік толғанысына әрдайым сәйкес келмейтін әрекеттерін түсіндіру де осы жанрдың ең маңызды міндеттерінің бірі екенін атап өтеді.

Швейцариялық психолог, әйгілі ойшыл К. Юнг сөз өнеріндегі психологиялық талдауға жаңа бағыт әкеліп, ұжымдық бейсаналылық ұғымын ғылыми айналымға енгізгені белгілі. Оның пайымдауынша, адамзат санасының терең қабаттарында тұтас адамзатқа ортақ бейнелер, яғни архетиптер сақталады. Бұл архетиптер алғашқы қауымдық рәсімдер мен магиялық салттарда, мифтік сюжеттер мен ритуалдық аңыздарда, символдық ишараттарда, сондай-ақ түс көру секілді психологиялық құбылыстарда айқын көрінеді. Уақыт өте келе осы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
бейнелер мен модельдер көркем өнердің түрлі нысандарында жаңаша мазмұнға ие болып,
әдеби шығармашылықта да өзіндік өріс тапқан.

К. Юнгтің пікірінше, адам психологиясын зерттеу мен көркем мәтінді талдау екі түрлі мақсатқа қызмет етеді және олардың әдістемелік ұстанымдары да бір-бірінен өзгеше. Психологиялық анализ өнер туындысын түсіндіруде белгілі бір әдіснамалық мүмкіндік берсе де, көркем шығарманы толыққанды игеру эстетикалық және әдеби категориялардың ауқымында жүзеге асатынын Юнг ерекше атап көрсетеді [6, 105].

3. Фрейдтің психоанализ әдісі алғашында жүйке сырқаттарын емдеу мақсатында қолданылған медициналық тәсіл ретінде қалыптасқаны белгілі. Бірақ уақыт өте келе оның адам психикасын зерттеудегі қуаты кеңейіп, бұл әдіс әдебиет, өнер, мәдениеттану секілді гуманитарлық салаларда да қолданыла бастады. Әсіресе көркем әдебиетте психоанализдің адам жанының терең қатпарларын ашуда ерекше тиімді құралға айналуы – психологизмнің табиғи дамуына жол ашты.

Адамның ішкі жан дүниесін, бейсаналық күйін, психологиялық күйзелісін жаңа ракурстан танытатын бұл тәсіл көркем мәтінге тың сипат беріп, психологизмнің жан-жақты өркендеуіне ықпал етті. Психологиялық прозаның философиялық тереңдігі, эстетикалық құндылығы мен көркемдік қуаты да осы әдіс арқылы кеңейе түсті.

Нәтижелер және оларды талқылау

Адамның сыртқы әлемнен қабылдайтын барлық әсерлері, яғни көру, есту, иіс сезу, дәм мен жанасу арқылы түскен ақпараттар санада өңделіп, мидағы күрделі сигналдық процестерден өтеді де, еріксіз әрекет, сезімдік күй арқылы сыртқа шығып отырады. Бұл құбылыстардың табиғаты Абай сипаттаған «тән мен жан» қатынасының диалектикасымен өзара сабақтас.

Шәкәрім Құдайбердіұлы осы мәселені былайша түсіндіреді:

«Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,

Мұрын иіс, тіл — дәмнен хабар бермек.

Бесеуімен мидағы ой хабар алып,

Жақсы-жаман әр істі сол тексермек» [7, 55]. Бұл жолдар адамның танымдық әрекеті мен психологиялық процестерінің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істейтінін дәл көрсетеді.

Б. Майтановтың пікірінше, адам болмысындағы психологизм табиғаты түйсіну, пайымдау және ойлану әрекеттерінің түрлі көріністеріне негізделеді [3, 4]. Демек, көркем мәтіндегі психологиялық бейнелеу – адам санасының терең қабаттарын модельдейтін ерекше көркемдік тәсіл.

Психологиялық прозаның өзіндік жанрлық және стильдік ерекшеліктері бар. Біріншіден, бұл жанрда дәстүрлі көркем прозадағыдай оқиғалық желі, уақыт пен кеңістік, сыртқы тартыс немесе кейіпкердің әлеуметтік портреті бірінші кезекке шықпайды. Мұнда шығарма құрылымының негізгі тірегі – адамның ішкі әлемі, рухани дағдарыс, тіршілік пен өлім арасындағы күйзеліс, санадағы өзгерістер мен тұлғалық эволюция. Екіншіден, психологиялық туындыда басты назар кейіпкердің ішкі тартысы мен жан қақтығысында. Сыртқы оқиғалар тізбегі мінезді ашуға тек қосымша құрал ретінде қызмет етеді. Негізгі көркемдік салмақ адамның ішкі сапалық өзгерісі, рухани қопарылыс, сезімдік дүмпу арқылы беріледі. Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық әлемі жанрдың өзіне тән көркемдік талаптары негізінде қалыптасады. Бұл жанрда ой мен сезім қайшылықтары, сөз бен іс арасындағы сәйкессіздіктер, адамның ақыл-ойы мен әрекетінің алшақтығы терең талданып, көркемдік жүйеде сараланады. Жазушы адамның сыртқы әрекетінен гөрі оның ішкі толғанысын бейнелеуге басымдық береді, сондықтан психологизм — адамның рухани болмысын танудың ең пәрменді көркемдік амалдарының бірі болып табылады.

Ғалым Г. Пірәлиева психологиялық бейнелеу тәсілдерін жүйелеп, өзінің ғылыми тұжырымдамасын ұсынған болатын. Оның пікірінше, психологиялық көркемдеудің үш негізгі түрі бар. Біріншісі – кейіпкердің жан дүниесін тікелей ашатын «тура» психологиялық бейнелеу, яғни ішкі сөз, ішкі монолог, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ес еске түсіру сияқты амалдар арқылы жүзеге асатын аналитикалық тәсіл. Екіншісі – адамның психологиялық

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
күйін сыртқы белгілер мен бейвербалды ишараттар арқылы көрсету: қимыл-қозғалыс, мимика, ым-ишара, заттық деталь және басқа жанама көрсеткіштер. Үшіншісі – осы екі тәсілді біріктіріп, біртұтас көркемдік жүйе құрайтын авторлық психологиялық баяндау [8, 11–12].

Психологизм жазушының көркемдік стилін айқындайтын негізгі белгілердің бірі ретінде қарастырылады. Қаламгердің повесть, әңгіме секілді прозалық шығармаларындағы кейіпкерлер әлемін тану олардың психологиялық болмысын ашу арқылы жүзеге асады. Психологиялық бейнелеу ұлттық әдебиетте терең тамыр жайған көркемдік құбылыс. Егер поэзиядағы психологизмнің бастауын сөз шебері Абайдың шығармашылығынан таратады десек, бұл пікір ешқандай шүбә туғызбайды. Ол адам жанының нәзік иірімдерін жеткізуде жаңа көркемдік өрнектер әкеліп, оқырманды ішкі әлеммен сырластыратын өзгеше тәсіл қалыптастырды.

Зерттеуші Қ. Жұмалиев Абайға дейінгі қазақ поэзиясында адам психологиясын берудің екі тәсілі – психологиялық параллелизм мен түрлі монологтардың болғанын айтады [9, 303]. Демек, психологизмнің белсенді көркемдік әдіске айналуы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ прозасының қалыптасу кезеңімен астасып жатыр. Жаңа дамып келе жатқан проза жанры осы кезеңде ауыз әдебиеті мен әлемдік әдеби тәжірибенің көркемдік дәстүрлерін шығармашылықпен игеріп, ұлттық топыраққа бейімдеп сіңіре бастады. Жазуы ерте қалыптасқан халықтардың көркемдік жетістіктері қазақ әдебиетінің алғашқы прозаиктерінің еңбектерінен көрініс тауып, ұлттық әдебиеттегі психологизмнің орнығуына тың серпін берді.

Ұлттық психология әлеуметтік психологияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және осы ғылымның ортақ заңдылықтарына сүйенеді. Этностың тарихи даму барысында қалыптасқан қоғамдық санасы белгілі бір кезеңнің рухани деңгейін танытады. Адам мінезі – оның тәртібі мен қылықтарына әсер ететін, тұлғаның өзіне ғана тән психологиялық ерекшеліктер жиынтығы. Мінез – адамның еркі, іс-әрекеті, ұстанымы мен эмоционалдық болмысы арқылы айқындалатын күрделі психикалық құрылым. Жеке тұлғаның мінез-құлқы көбіне ол өмір сүретін әлеуметтік ортадағы мінез үлгілерімен сабақтас келеді. Керісінше, тұлғалардың мінездік қасиеттері біртіндеп белгілі бір топтың ортақ мінез сипаттарын да қалыптастыруы мүмкін.

Қазақ халқы да ұзақ тарихи эволюция барысында өзіне тән ұлттық психологиялық кешендерді қалыптастырды. Солардың бірі – жауынгерлік мінез. Ежелгі кезеңдерден бастап бүгінгі Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар жауынгерлік қасиетімен, батылдығымен, қырағылығымен ерекшеленгені тарихи деректерден белгілі. Түркі тектес тайпалардың Еуразия кеңістігінде қуатты мемлекеттер құруы да осы мінез сипатына байланысты. Сонымен қатар кең даланың табиғи қаталдығы, көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығы халқымызға кеңпейілділік, бауырмалдық, қонақжайлық, мейірбандық секілді қасиеттерді дарытты. Ұлттық мінездің жағымды көріністерінің қатарында жомарттық, мәрттік, балажандық, аңғалдық сияқты нышандар да айрықша аталады.

Бұл ұлттық-психологиялық белгілер көркем прозада XX ғасыр басында бой көрсете бастады. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожасы», М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу» секілді шығармалары қазақ әдебиетіндегі психологиялық прозаның қалыптасуына негіз болды.

Психолог-жазушы Ж. Аймауытовтың психология ғылымына терең дендеп енуі нәтижесінде «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» еңбектері жарық көрді. Ол көптеген психологиялық терминдерді қазақ тілінде жүйелеуге күш салды. Мәселен, «психоанализ» ұғымын «жанталдау» деп қазақшалап, адам мінезін жіктеудің алғаш үлгілерін ұсынды. Жазушы мінездерді бірнеше типке бөліп, олардың ерекшеліктері мен бейімділіктерін талдап, мынадай терминдерді қолданды: күйгелек, аяныш жанды, сарыуайымшыл, қызбалы, ыстық қанды, салқынқанды, құмартпалы, ұйтқымалы. Сонымен қатар ол адамның мінездік болмысын танып-білуде сыртқы келбеттің маңызына тоқталып: «Кісінің қылығын қимылына қарап сынаймыз, көзге көрінетін қимыл – беттікі» [10, 104],-деп

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
атап өтеді. Адамның эмоционалдық күйін тануда көздің өзгерісі, бет-әлпеттің құбылуы, мимикалық ишараттар, қол сермеу секілді бейвербалды белгілердің ерекше мәнге ие екеніне назар аударады.

XX ғасырдың 60–80 жылдарындағы қазақ прозасы жаңа көркемдік сапамен толығып, адам жанының күрделі иірімдерін бейнелеуге бағытталған тың ізденістермен ерекшеленді. Бұл кезеңде Ә. Кекілбаев, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, А. Сүлейменов, С. Мұратбеков, М. Мағауин, Д. Исабеков, Т. Әбдіков, О. Бөкей сынды қаламгерлер прозада психологизмнің өрісін кеңейтіп, кейіпкердің ішкі толғанысын терең ашатын жаңа көркем тәсілдерді әдеби айналымға енгізді.

Олар ұлттық фольклор дәстүрлерін, Шығыс пен Батыс әдебиетінің көркем тәжірибелерін шығармашылық тұрғыда игеріп, әрқайсысы өзіне тән ерекше көркемдік өрнек қалыптастырды. Қазақ прозасында осы кезеңде психологизммен қатар экзистенциалистік сарындар да айқын байқалады. Дегенмен бұл ұқсастықтарды әлем әдебиетіндегі экзистенциалистермен тікелей салыстыруға болмайды. Себебі қоғамдық орта, тарихи жағдай, ұлттық дүниетаным, жазушы мақсаты мен көркем объектілері мүлде басқа мәдени-әлеуметтік контекстте қалыптасты.

Ә. Кекілбаевтың «Күй», «Аңыздың ақыры», «Шыңырау», «Ханшадария хикаясы» секілді туындылары «сана ағымы» сияқты күрделі психологиялық тәсілдерді қолдана отырып, тарихи тұлғалардың адамдық болмысын, рухани қайшылықтарын көркемдік тұрғыда ашуға бағытталған. Ал Т. Әбдіковтің «Тозақ оттары жымындайды», «Оң қол», «Парасат майданы» шығармаларында мағынасыздық, жалғыздық, экзистенциалдық дағдарысқа түскен кейіпкерлер психологиясы алдыңғы орынға шығады. Оның прозасындағы осы сарындар Батыс экзистенциализмін еске салғанымен, ұлттық болмыстың, тарихи тағдырдың, менталитеттің ерекшелігі бұл ықпалды тек стильдік деңгейде ғана танытады.

Әдеби әдіске қатысты мәселелер жазушының дүниетанымдық бағдарын, көркемдік әлемі мен эстетикалық ұстанымын айқындайтын құбылыс. Кейіпкер жан дүниесін бейнелеу жолдары, психологиялық талдау тәсілдері, көркемдік мақсат пен мазмұн бірлігі осы әдістердің нәтижесінде көрініс табады. Көркем проза табиғатын шартты түрде былай бейнелеуге болады: көркемдік әдіс – шығарманың мазмұндық арқауы болса, психологиялық талдау – оның пішіндік құрылымын айқындайтын негізгі көркемдік элемент. Осы екі компоненттің үйлесімі ғана адам жанын терең ашатын көркем мәтін қалыптастырады.

Классик жазушы Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық табиғатын айқындайтын ең жетекші көркемдік белгі – психологизм. «Аңыздың ақыры» [11] романында суреттелетін Ұлы Әмірші, Бибі ханым және шебер бейнелері сыртқы әрекеттермен емес, ең алдымен ішкі жан әлеміндегі толқындар арқылы көрінеді. Г. Пірәлиеваның тұжырымы бойынша, бұл кейіпкерлер «күйзеліс пен толғаныстың, жан арпалысының сырын ашатын бет-жүздегі, мінездегі психологиялық өзгерістер арқылы танылады» [9, 172].

Романдағы Әмірші бейнесі – типтендірудің күрделі үлгісі. Ол – тарихи тұлға емес, билікке жету жолындағы рухани және әлеуметтік қайшылықтарды бойына жинақтаған символдық характер. Әуелде қарапайым сарбаздардың бірі болғанымен, оны даңққа жеткізген – қанағатсыздық пен ішкі өжеттік. Осы мінездік қасиеттер оның бойынан қаталдықты, зұлымдығы мен айлакерлікті, тапқырлықты және ішкі сергектікті қатар өрбітіп, біртұтас характер жасайды.

Кекілбаев Әміршінің адам танудағы шеберлігін айрықша жазады: ол қасындағылардың көңіл түкпіріндегі күмәнін, жасырған сырларын, пенделік осалдығын дәл аңғаратын әккі әрі салқынқанды билеуші. Жазушының суреткерлік шеберлігі осы психологиялық штрихтардың нанымды ашылуынан байқалады. Әміршінің ішкі әлемі – құпияға толы жұмбақ кеңістік. Ол өз сезімін өзгеге ғана емес, тіпті өзіне де ашық мойындата алмайтын тұйық мінезді тұлға. Оның эмоционалдық күйі сырт көзге көрінбейді, сондықтан оқырман кейіпкер жанын авторлық баяндау арқылы ғана таниды. Әсіресе Әміршінің ішкі монологтары, ой ағысы, сезімдегі қақтығыстар мен күдіктер – романның негізгі психологиялық арқауы. Кекілбаев прозасының күші – сюжет қуалаудан гөрі адам жанын, рухани әлемін, санадағы терең

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
дірілдерді ашуға бағытталуында. Ол оқырманын кейіпкердің ішкі өміріне жетелей отырып, психологиялық процестердің күрделі жүйесін көркемдік деңгейде шешеді.

Ғалымдардың пайымдауынша, даралау тәсілінің ең маңыздысы – мінезді психологиялық талдау арқылы ашу. Осы тұрғыдан келгенде «Аңыздың ақыры» психологизмнің ең жарқын үлгілерінің бірі ретінде бағаланады.

Төлен Әбдіковтің «Оң қол» әңгімесі – қазақ прозасындағы психологиялық талдаудың ең күрделі үлгілерінің бірі. Шығарма жас дәрігердің әңгімелеуі арқылы өрбиді. Ол ауруханаға түскен жас қыздың жағдайын бақылап, оның жан күйзелісін сырттай ғана емес, ішкі логикасына дейін зерттеуге тырысады. Алма өзінің оң қолын бөтен күш ретінде қабылдайды. Дәрігердің айтуынша, ол: *«Маған қастандық жасаған — осы. Бұл менің қолым емес, бөтен қол. Мені өлтіргісі келіп жүр»* [12, 4],-деп, оң қолын көрсетеді. Мұндай психикалық ауытқуды медицинада тұлғаның екіге жарылуы, яғни бір денеде екі түрлі «меннің» қатар өмір сүруі деп түсіндіреді. Алманың бойындағы сырлы құбылыстар жас дәрігерге ғылыми тұрғыдан үлкен қызығушылық тудырып, ол қыздың жағдайын күнделік арқылы жүйелі бақылай бастайды. Түнге енгенде Алманың оң қолы өз бетінше әрекет етіп, қыздың кеңірдегін қылқа бууға тырысады. Қалған уақытта бұл қол бейтарап, тіпті қалыпты болып көрінеді. Осы карама-қайшы ерекшеліктер кейіпкердің психикалық күйінің түпкі күрделі себептерін ашуға итермелейді.

Қыздың өзіне беймәлім болғанымен, оның санасында өзін-өзі жоюға деген жасырын ниет бар екені аңғарылады. Дәрігер бұл құбылыстың өз бастауын қайдан алатынын анықтау мақсатында Алманың өткен өмірін, мінезін, адамдармен қарым-қатынасын зерттесе де, өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін жеке психологиялық себеп таба алмайды. Сол себепті ол мұны тұқым қуалайтын психикалық бағдар болуы ықтимал деп болжайды: бәлкім әкесі, анасы не аталарының бірі кезінде өзін-өзі өлтіруге әрекеттенген. Сол ниет бейсаналық формада ұрпаққа өтіп, Алманың рухани әлемінде жаңғырып отырғандай. Тірі қалған жалғыз сана иесі қыздың өзі, ал ниетті жүзеге асыруға тырысатын күш оның оң қолы ретінде көрініс табады.

Дәрігер күнделікті бақылаудың арқасында Алманың күйінің біршама жақсарғанын байқайды. Бірақ қыздың жалғыздыққа душар болу сезімі одан әрі тереңдей түседі. Автор жалғыздықтың адам рухына тигізетін әсерін ерекше астарлап көрсетеді: тіршіліктің мәні – адаммен араласу, көңіл бөлісу, бірге қайғыру мен қуану. Ал әлемде жалғыз қалған жан үшін тіршілік өлімнен де қорқынышты болуы мүмкін. Алманың жан дүниесіндегі рухани жалғыздық осы экзистенциалдық қорқынышты еске салады.

Зерттеулерден кейін жас дәрігер бас дәрігерден қыздың оң қолын кесіп тастауға рұқсат алады. Дегенмен, ота жасалмайды: сол түннің өзінде оң қол Алманың өмірін қияды. Оқиғаның трагедиясы – бір адамның бойында қатар өмір сүрген екі «жанның» күресі. Әңгіме адам санасының жұмбақ қатпарларында жатқан, әлі де толық зерттелмеген тылсым күштердің бар екенін меңзейді.

Біздіңше, Алманың ажалына себеп – сыртқы қол емес, ең алдымен ой. Адамның барлық әрекеті ойдан бастау алады; жаман ой түбінде өз мақсатына жетуге тырысады. Алманың санасына әуелде генетикалық түрде орныққан өз-өзіне қол жұмсау идеясы түптің түбінде жарыққа шығып, қасіретті финалға әкеледі.

Төлен Әбдіковтің психологиялық прозадағы тағы бір маңызды туындысы – «Парасат майданы». «Оң қолдағы» шиеленіс жас қыздың бойындағы бейсаналық жарылуға қатысты болса, бұл повесте автор өмірдің талай өткелінен өтіп, жүйкесі қажыған адамның ішкі драмасын сөз етеді. Шығарма қаһарманының жан дүниесіндегі екіұдай тартыс күнделік жазбалары арқылы өріліп, оқиға желісі адам жанының қақ жарылу құбылысын философиялық биікке көтереді.

Күнделікті күйкі тірлікте бір адамның ішкі әлемі күн сайын құбылып отыратыны баршаға белгілі болғанымен, адам өз болмысына сырт көзбен үңіліп, өзін зерттей бермейтіні жасырын емес. Автордың өзі бұл туындының идеялық арқауы өмірлік деректерден алынғанын айта келе: *«Адам үш күн ұйықтағанда мүлде басқа тұлғаға айналады. Бірақ сол*

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
адам өзін бұрынғысымен салыстырып, екі бөлек «менді» аңғара алмайды. Дәрігерлер ұзақ зерттеген осы құбылыстың түп-тамырында адамның санасының екіге жарылуы жатыр» [13], – деп түсіндіреді.

Повесть композициясы қаһарман мен оған хат жазатын беймәлім тұлғаның арасындағы пікірталасқа негізделген. Жазбаша түрде өрбитін бұл диалогтың өзегінде – адамзат әлемін «зұлым күштер» билейді деген идеяны дәлелдеуге тырысқан хат иесінің көзқарасы. Қарсы тарап – рухани биікке ұмтылған, адамгершілік пен парасатқа сенетін кейіпкер. Ол бейтаныс адамның уәжіне мойынсұнбай, адам болмысының негізінде ізгілік жатыр деп есептейді. Хат жазушыны райынан қайтару мақсатымен онымен кездескісі келсе де, бұл әрекеті нәтижесіз аяқталады.

Автор бұл пікірталасты сырттай ғана емес, әрбір адамның рухани әлемінде күн сайын өтіп жататын, бірақ көбіне білінбей қалатын ішкі күрестің символы ретінде береді. Қаһармандық тартыстың астарында жақсылық пен жамандықтың табиғаты, олардың өзара бір-біріне сәйкес өмір сүре алмайтын егіз ұғым екені айқындалады. Повесть ішінде келтірілген: *«Жақсылық пен Жамандықты екі жаққа бөліп тастау мүмкін емес» [13, 7], – деген тұжырым осы ойды тереңдете түседі.*

Автор мысал ретінде бір адамның күндіз үлгілі қызметкер, жанұясына мейірімді отағасы бола тұра, түн жарымында адам өлтіруге баратын қылмыскерге айналуы мүмкін екенін көрсетеді [13]. Бұл дерек адам табиғатының күрделілігін, адамның бір мезетте қарама-қарсы мінездерге ие бола алатынын айқын дәлелдейді.

«Парасат майданы» – тек психологиялық ауытқуды көркем бейнелеу ғана емес, адамның ішкі әлеміндегі мәңгілік қақтығыстың көркем моделі. Повесте медициналық психологиядағы «тұлғаның екіге жарылуы» құбылысы көркемдік әдіске айналып, әрбір оқырманның бойындағы рухани дағдарыстарды ойлануға жетелейтін философиялық астарға ие болады. Жазушы жүйкесі ширыққан кейіпкердің тағдыры арқылы заман адамының рухани күйзелісін, моральдық тоқырауын, адамның ішкі әлеміндегі жарық пен қараңғының тартысын шебер ашады.

Әбдіков адамның бойындағы екі «менді» – ізгілікке ұмтылатын рухани бастау мен ішкі зұлымдықтың көлеңкелі табиғатын – майдан алаңына шығарып, парасат пен нәпсінің шайқасын көрсетеді. Осы арқылы автор қазақ прозасындағы психологизмді мүлде жаңа деңгейге көтеріп, жанрдың мүмкіндігін кеңейтеді. Француз жазушысы А.Барбюстың: *«Жазушы — қоғам қайраткері. Егер ол қателессе, жұртты теріс жолға бастайды»* деген сөзі бұл шығармаға да тікелей қатыстыдай әсер қалдырады.

Пішін мен мазмұнның өзара бағыныстылығы – көркемдік заңдылықтардың бірі. Мазмұн өзгерсе, оны жеткізетін пішін де жаңаша сипат алады, ал пішіндегі көркемдік шешімдер мазмұнның тереңдеуіне жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда психологиялық талдаудың әдеби процестегі орны ерекше. Ол жазушыға жанды, нанымды, толыққанды образ қалыптастырудың ең қолайлы әрі пәрменді амалдарының бірі ретінде қызмет етеді. Характері айқын тұлға жасалмайынша, көркем туындының рухани тұтастығы да толық ашылмайды.

Ә.Қоңыратбаевтың: *«Даралау – характер жасаудың ішкі заңы» [14, 31], – деген пікірі осы ойды дәлелдей түседі. Кейіпкерді даралауға апаратын жол – типтендіру, яғни адам табиғатын жинақтай отырып, тұлғаның бірегей болмысын айқындау. Дәл осы типтендіру үдерісінде психологизм шешуші рөл атқарып, кейіпкердің ерекше мінездік белгілерін, ішкі қайшылықтарын, ой-сезім динамикасын ашуға мүмкіндік береді.*

Қорытынды. Көркем туындының оқырманға әсер ету қуаты ең алдымен оның көркемдік-бейнелілік жүйесіне, тілдік өрнегіне, жазушы шеберлігіне байланысты. Шынайы суреткер айналасындағы қоғамдық, әлеуметтік, рухани құбылыстарды зерделей отырып, соның ішкі мәнін танытатын жаңа дүниелер тудырады. Ол оқиғаларды тек баяндап қана қоймай, оларды адам психологиясымен сабақтастырып, әр кейіпкердің ішкі әлемін, жан құбылыстарын, рухани күйзелістерін дәл бейнелеуге ұмтылады.

Психологиялық талдауға құрылған көркем шығармалар адам болмысының күрделі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

ірімдерін ашып көрсету арқылы әдебиеттің танымдық және тәрбиелік қызметін кеңейтеді. Жазушы кейіпкердің ішкі драмасын, дүниетанымын, сезімдік күйін, ой тартыстарын ашқан сайын шығарма оқырманға жақындай түседі және жеке тұлғаның рухани әлемін тереңірек тануға ықпал етеді. Осылайша психологизм – заманауи қазақ прозасының көркемдік жаңаруына жол ашып, әдебиетіміздің идеялық-көркемдік әлеуетін байытатын маңызды әдіс ретінде айқындалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Анкетаға жауап. – Жұлдыз. – 1991. – №10. – 12-б.
2. Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва: НПҚ «ИТЕЛВАК», 2001. – 799 с.
3. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 232 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Гинзбург Л. О психологической прозе. – Москва: «Художественная литература», 1977. – 449 с.
6. Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество // Самосознание европейской культуры XX века. – Москва, 1991. – С. 105.
7. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар. – Алматы: «Жазушы», 1988. – 360 б.
8. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: «Алаш», 2003. – 328 б.
9. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы: «Білім», 1960. – 377 б.
10. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: «Рауан», 1995. – 309 б.
11. Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. – Алматы: RS Халықаралық Абай клубы, 2016. – 352 б.
12. Әбдіков Т. Оң қол. – Астана: «Атамұра», 2003. – 204 б.
13. Әбдіков Т. Парасат майданы. – Астана: «Атамұра», 2002. – 208 б.
14. Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. Әдеби сын. – Алматы: «Жазушы», 1979. – 316 б.

References

1. Äyezov M. Anketaǵa jaıap. – Juldyz. – 1991. – №10. – 12-b.
2. Literatýrnaia entsiklopedia terminov i poniatii. – Moskva: NPK «ITELVAK», 2001. – 799 s.
3. Maitanov B. Qaharmannyń rýhanı álemi. – Almaty: «Jazýshy», 1987. – 232 b.
4. Baitursynov A. Ädebiet tanytqysh. Zertteı men óleńder. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b.
5. Ginzbyrg L. O psihologicheskoi proze. – Moskva: «Hýdojestvennaia literatýra», 1977. – 449 s.
6. Iýng K.G. Psihologıa i poeticheskoe tvorchestvo // Samosoznanie evropeiskoi kúltýry XX veka. – Moskva, 1991. – S. 105.
7. Qudaiberdiuly Sh. Shyǵarmalar. – Almaty: «Jazýshy», 1988. – 360 b.
8. Pırálieva G. Kórkem prozadaǵy psihologizmniń keibir máseleleri. – Almaty: «Alash», 2003. – 328 b.
9. Jumaliev Q. Qazaq ádebieti tarihnynyń máseleleri jáne Abai poeziyasynyń tili. 2-tom. – Almaty: «Bilim», 1960. – 377 b.
10. Aımaýytov J. Psiqologıa. – Almaty: «Raıan», 1995. – 309 b.
11. Kekilbaev Á. Ányzdyń aqyry. – Almaty: RS Halyqaralyq Abai klýby, 2016. – 352 b.
12. Ábdikov T. Oń qol. – Astana: «Atamura», 2003. – 204 b.
13. Ábdikov T. Parasat maidany. – Astana: «Atamura», 2002. – 208 b.
14. Qońyratbaev Á. Sheberlik syrlary. Ádebi syn. – Almaty: «Jazýshy», 1979. – 316 b.

ПОЭТИКА ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ИЗОБРАЖЕНИЯ В КАЗАХСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ПРОЗЕ

БАЛТЫМОВА М.Р. 

Балтымова Мира Рашидовна – Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

E-mail: mbr76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2758-8436>

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируются художественные проявления психологизма в казахской литературе. Поскольку центральным ядром художественного произведения является человеческая личность, рассматриваются различные способы изображения психологических процессов, происходящих во внутреннем мире героя. Особое внимание уделяется тому, как глубинные переживания и духовное состояние персонажа влияют на восприятие текста читателем. Для современного литературоведения и литературной критики исследование природы психологизма является сложной, но актуальной задачей, обладающей как теоретическим, так и практическим значением.

Литература как искусство познания человеческой личности ставит перед писателем задачу художественно раскрывать духовный мир героя, его эмоциональные реакции, особенности восприятия мира, внутренние решения и противоречия. Основная функция психологизма заключается в обеспечении гармоничного единства жизненной правды и художественной истины. В этой связи в статье рассматриваются такие взаимосвязанные вопросы, как взаимодействие индивидуализации и типизации, соотношение фактического материала и художественного вымысла, а также место авторского образа в структуре текста.

Для определения специфики передачи тонких душевных состояний, духовной чистоты и нравственных принципов посредством внутреннего переживания были проанализированы произведения Әбиша Кекілбаева и Толена Абдікова. В исследовании использованы научные методы анализа и синтеза, систематизации, контент-анализа и описательный метод.

Полученные результаты позволяют выявить особенности проявления психологизма в художественных произведениях и могут быть использованы в качестве дополнительного учебного материала при преподавании дисциплины «Теория художественного текста» в вузах.

Ключевые слова: психологизм, внутренний мир героя, художественное произведение, психология, проза, действие, поведение.

THE POETICS OF PSYCHOLOGICAL REPRESENTATION IN KAZAKH FICTION

BALTYMOVA M.R. 

Baltymova Mira Rashidovna – Candidate of philological sciences, associate professor, Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

E-mail: mbr76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2758-8436>

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the artistic manifestations of psychologism in Kazakh literature. Since the core of any literary work is the human being, the study examines various methods of representing psychological processes unfolding within a character's inner world. Considerable attention is given to how the protagonist's emotional depth, spiritual state, and hidden experiences influence the reader's perception. Exploring the nature of psychologism has become one of the most complex and significant theoretical and practical issues in contemporary literary studies and criticism.

As literature is an art form that reveals human personality, a writer's primary task is to depict the character's spiritual world, emotional reactions, worldview, and internal contradictions in an aesthetically meaningful way. The key function of psychologism is to preserve the balance between factual reality and artistic truth. The article therefore analyzes the interaction of such aspects as individualization and generalization, the correlation between factual evidence and artistic imagination, and the role of the author's perspective within the text.

To identify how subtle psychological states, moral values, and spiritual integrity are conveyed through inner experiences, the works of Äbîsh Kekîlbayev and Tolen Abdikov are taken as primary material. The research employs analytical and synthetic methods, systematization, content analysis, and descriptive approach.

The findings contribute to defining the specificity of psychologism in literary texts and can serve as supplementary teaching material for university-level courses in «Theory of Literary Text».

Key words: psychologism, inner world of the hero, artwork, psychology, prose, action, behavior.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА ҚАЛАЛЫҚ ОРТАДА ДЕМАЛЫС АЙМАҚТАРЫН ҚҰРУ СТРАТЕГИЯСЫ

МОМЕНОВ Б.М. , БАРБОСЫНОВА Г.Е. * , КУЗНЕЦОВА Ю.Н. 

Моменов Боранбай Мурзагалиевич – Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: momenovbm@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4606-4072>

***Барбосынова Гаухар Ералиевна** – Магистр, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: barbosynova.gauhar@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9273-5914>

Кузнецова Юлия Николаевна – Магистр, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: ykuznetsova@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0000-1556-0156>

Андатпа. Мақалада Ақтөбе қаласының (Қазақстан) ландшафттық құрылымында демалыс аймақтарын құруға және рекреациялық кеңістіктерді жобалауға бағытталған стратегиялық тәсілдер қарастырылады. Бұл бағыттар қалалық тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға арналған. Устойчиві даму қағидаттарына, биодизайнға және қалалық ландшафттардың көпфункционалы болуына ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ аймақтың климаттық, әлеуметтік-мәдени және экологиялық ерекшеліктері ескеріліп, жергілікті жағдайларға бейімделген жобалау принциптері ұсынылады. Урбандалу мен климаттық өзгерістер жағдайында Орталық Азияда жайлы және орнықты қалалық орта қалыптастыру өзекті мәселеге айналады.

Мақалада тиімді демалыс аймақтарын қалыптастырудың негізгі аспектілері егжей-тегжейлі талданады. Атап айтқанда:

- табиғи жағдайларға бейімделу үшін құрғақшылыққа төзімді фитоценоздарды және инновациялық су үнемдеу технологияларын енгізу;
- рекреациялық кеңістіктердің әлеуметтік қолжетімділігі мен инклюзивтілігін қамтамасыз ету;
- биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында экологиялық дәліздер құру.

Жұмыста бірқатар инновациялық шешімдер ұсынылады: жауын-шашын суларын жинау және қайта пайдалану жүйелері, тік көгалдандыру технологиялары, қоршаған ортаның параметрлері реттелетін микроклиматтық аймақтар құру.

Мақалада қала құрылысы тәжірибесін жергілікті мәдени-тарихи дәстүрлермен және табиғи-климаттық ерекшеліктермен интеграциялау мәселелеріне де ерекше назар аударылады. Зерттеу рекреациялық кеңістіктерді дамытуға арналған тұжырымдамалық үлгіні ұсынады, ол жобалаудың экологиялық, әлеуметтік және технологиялық аспектілерін үйлестіреді.

Түйін сөздер: ландшафтық сәулет, демалыс аймақтары, қалалық орта, орнықты даму, урбанистика, экодизайн, ландшафтық дизайн, рекреациялық кеңістіктер.

Кіріспе.

Қазіргі заманғы қалалар, соның ішінде Ақтөбе, сапалы рекреациялық кеңістіктердің жетіспеушілігіне тап болып отыр. Бұл жағдай қалалық тұрғындардың психоэмоционалдық жай-күйінің және дене саулығының нашарлауына әкелуде. Тұрғын үй мен өндірістік құрылыс ауқымының ұлғаюымен қатар жүретін белсенді урбанизация жасыл желектердің аумағының азаюына себепші болып, «қалалық жылу аралы» әсерін күшейтеді және қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын төмендетеді. Мұндай жағдайда демалыс аймақтарын стратегиялық түрде қалыптастыру ерекше маңызға ие болады, себебі олар тек рекреациялық емес, сонымен қатар климатты реттейтін, экологиялық және мәдени-әлеуметтік функцияларды да орындайды.

Қалалық рекреациялық кеңістіктерді қалыптастырудың тиімді стратегиясын жасау кешенді тәсілді талап етеді. Бұл тәсіл мыналарды қамтуы қажет:

- экологиялық факторлар (құрғақ климатқа бейімделу, құрғақшылыққа төзімді өсімдіктерді пайдалану, суды тұтынуды оңтайландыру);
- әлеуметтік қажеттіліктер (әртүрлі жастағы және әлеуметтік топтар үшін көпфункционалы аймақтар құру);

• эстетикалық-ландшафттық құндылық (жасыл кеңістіктерді қалалық құрылыммен үйлесімді біріктіру).

Ақтөбе қаласының климаттық ерекшеліктері (температураның күрт өзгеруі, күшті желдер, құрғақшылық) қосымша шектеулер қояды, сондықтан көгалдандырылған аумақтарды жобалауда ғылыми негізделген шешімдерді қолдану аса маңызды. Дұрыс ұйымдастырылған демалыс аймақтары тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар қаланың тұрақты даму жүйесінде маңызды элементке айналады. Олар микроклиматты жақсартады, шаң-тозаң деңгейін төмендетеді және демалыс пен әлеуметтік байланыстар үшін қолайлы жағдай жасайды.

Осылайша, мақала өзектілігі Ақтөбе қаласының ерекшелігін ескере отырып, дені сау, экологиялық тепе-тең және әлеуметтік бағдарланған қалалық ортаны қалыптастыруға ықпал ететін рекреациялық аймақтар құру стратегиясын әзірлеу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмысы Ақтөбе қаласының ландшафттық құрылымын, рекреациялық аймақтарының жай-күйін және олардың даму әлеуетін кешенді бағалауға бағытталды. Материалдар ретінде қаланың бас жоспарлары, өңірдің табиғи-географиялық деректері, климаттық көрсеткіштер, әлеуметтік-демографиялық статистика, сондай-ақ қолданыстағы рекреациялық аумақтардың кеңістіктік-талдамалық материалдары пайдаланылды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Картографиялық-кеңістіктік талдау – қалалық ландшафттардың құрылымын, жасыл желектердің таралуын, рекреациялық ресурстардың қолжетімділігін және экологиялық желілердің үздіксіздігін бағалау мақсатында геоақпараттық жүйелер (GIS) арқылы жүргізілді.

2. Ландшафттық-экологиялық бағалау – табиғи компоненттердің (топырақ, өсімдіктер, су ресурстары, микроклимат) рекреациялық әлеуетін анықтау үшін қолданылды.

3. Әлеуметтік зерттеу әдістері – тұрғындардың демалыс инфрақұрылымына деген қажеттіліктері мен қала кеңістігін пайдалану ерекшеліктерін анықтау үшін сауалнама, бақылау және жартылай құрылымданған сұхбаттар жүргізілді.

4. Функционалдық-кеңістіктік модельдеу – тұрақты дизайн қағидалары (sustainable design), биодизайн және экологиялық инженерия негізінде ұсынылған жобалық шешімдердің тиімділігін бағалау үшін қолданылды.

5. Салыстырмалы талдау – халықаралық тәжірибелерді (Алматы, Астана, Бішкек, Анкара, Ханчжоу, Душанбе үлгілері) Ақтөбе жағдайымен салыстыру арқылы бейімделген ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Аталған әдістерді үйлестіру рекреациялық аумақтарды жобалау мен жаңғыртудың экологиялық, функционалдық және әлеуметтік аспектілерін кешенді зерттеуге жағдай жасады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Зерттеу нәтижелері Ақтөбе қаласының рекреациялық кеңістіктерін дамытуда бірқатар өзекті мәселелерді және оларды шешудің перспективалық бағыттарын айқындады.

Табиғи-климаттық бейімделу. Анализ көрсеткендей, өңірдің континенттік климаты мен жауын-шашынның жеткіліксіздігі су ресурстарын тиімді пайдалану қажеттілігін арттырады. Бұл бағытта:

- құрғақшылыққа төзімді жергілікті өсімдік түрлерін (ксерофиттер) пайдалану;
- тамшылатып суару және жауын-суды жинау жүйелерін енгізу;
- көлеңкелі аймақтарды кеңейту үшін тік көгалдандыру мен перголаларды қолдану мұндай жағдайға бейімделген ландшафт қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қолжетімділік және инклюзия. Жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері тұрғындардың рекреациялық кеңістіктерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттігін көрсетті. Инклюзивті ортаны жобалау үшін:

- мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған маршруттар;
- қауіпсіз жаяу және велоқатынастар;
- отбасыға арналған көпфункционалы аймақтар сияқты шешімдер ұсынылды.

Қала аумағында жасыл желектердің үзік-үзік орналасуы биоәртүрлілікті төмендетеді. Бұл мәселені шешу үшін экологиялық дәліздер желісі жобаланып, олардың:

- жасыл инфрақұрылымды біріктіру;
- жануарлар мен құстардың миграциясына жағдай жасау;
- ауа сапасын жақсарту

сияқты қызметтер атқаратыны анықталды.

Инновациялық «жасыл» технологияларды енгізу. Жобалық модельдеу нәтижесінде келесі шешімдер тиімді деп танылды:

- жауын-суды жинау және қайта пайдалану жүйелері;
- жасыл шатырлар мен жасыл қабырғалар;
- микроклимат реттелетін көлеңкелі алаңдар;
- күн энергиясын қолданатын шағын архитектуралық формалар.

Мәдени-тарихи сәйкестік. Зерттеу көрсеткендей, ландшафтық жобаларды өңірдің этномәдени ерекшеліктерімен үйлестіру қалалық ортаның бірегейлігін арттырады. Бұл бағытта:

- ұлттық орнамент элементтерін шағын архитектуралық формаларға енгізу;
 - жергілікті табиғи материалдарды қолдану;
 - тарихи ландшафтық құрылымдардың кейбір мотивтерін жаңғырту
- сияқты ұсыныстар жасалды.

Қазіргі жағдайды талдау және сын-қатерлер. Ақтөбе қаласы — Батыс Қазақстанның ең ірі әрі қарқынды дамып келе жатқан орталықтарының бірі — соңғы онжылдықтарда жедел урбанизация процесін бастан кешіруде. Тұрғын үй және коммерциялық аймақтардың кеңеюі, халық санының өсуі мен индустриялану қаланың табиғи және әлеуметтік инфрақұрылымына айтарлықтай қысым түсіреді. Әсіресе, урбанизацияның кері салдарын өтей алатын тұрақты, функционалды және эстетикалық жағынан тартымды демалыс аймақтарын қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Көптеген жасыл аймақтар мен саябақтар, соның ішінде Тұңғыш Президент атындағы саябақ, кеңестік кезеңде жобаланған және қазіргі заманғы жайлы қалалық орта талаптарына сай келмейді. Негізгі мәселелер мыналарды қамтиды:

- кіші сәулет формаларының (орындықтар, күркелер, көлеңкелік шатырлар) тозуы;
- жарықтандыру мен қауіпсіздіктің жеткіліксіздігі, әсіресе кешкі уақытта;
- балалар мен спорт алаңдарының болмауы немесе ескіргендігі;
- халықтың қозғалысы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктің шектеулігі.

Ақтөбе жауын-шашын мөлшері төмен әрі булану деңгейі жоғары климаттық аймақта орналасқан. Қолданыстағы суару жүйелері көбінесе:

- су қолмен беріледі, автоматтандырылмаған;
- ескі құбырлар мен ағып кетулерге байланысты су шығыны жоғары;
- тамшылатып немесе жерасты суару сияқты заманауи технологиялар қолданылмайды;
- жаңбыр суын немесе техникалық суды жинап, қайта пайдалану мүмкіндігі

ескерілмейді.

Ақтөбе қаласының құрылымында жасыл аймақтардың бытыраңқылығы байқалады:

- көптеген саябақтар мен скверлер бір-бірінен оқшау орналасқан;
- табиғи аймақтарды байланыстыратын жаяу жүргінші немесе велосипед маршруттары

жоқ;

- құрылыстар жасыл дәліздер арасындағы экожүйелік байланысты үзеді;
- бұл биологиялық әртүрлілікті төмендетіп, қаланың «жасыл қаңқасын» қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Нұр-Ақтөбе және қаланың оңтүстік бөлігіндегі шағын аудандар сияқты жаңа тұрғын үй массивтері негізінен тұрғын үй құрылысына бағытталған, мұнда:

- саябақтар мен скверлерге арналған жоспарлы жобалар қарастырылмаған;
- демалыс, спортпен айналысу және әлеуметтік қарым-қатынасқа арналған қоғамдық кеңістіктер жоқ;

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
– көгалдандыру тапшылығы микроклиматты нашарлатып, шаң мен жылу жүктемесін арттырады;

– тұрғындар ескі саябақтарға бару үшін автокөлік қолдануға мәжбүр, бұл жол инфрақұрылымына түсетін жүктемені арттырып, ауаның ластануына әкеледі.

Стратегиялық жоспарлау қағидаттары. Қалалық ландшафттық ортада демалыс аймақтарын тиімді іске асыру табиғи, әлеуметтік және экологиялық бейімделуге негізделген стратегиялық тәсілді талап етеді. Мұндай кеңістіктердің тұрақтылығы мен функционалдығын қамтамасыз ететін негізгі қағидаттар төменде келтірілген [1].

Табиғи-климаттық жағдайларға бейімделу. Ақтөбе — Орталық Азияның көптеген қалалары сияқты — құрғақ климаттық аймақта орналасқан, мұнда су ресурстары шектеулі әрі температуралық ауытқулар айқын байқалады. Осыған байланысты басты шаралар мыналарды қамтиды:

• **Ксерофитті көгалдандыру:**

Сусыздыққа төзімді өсімдіктерді (ксерофиттерді) пайдалану — сексеуіл, қараған, тамариск, юкка, лаванда және астық тұқымдас шөптер. Бұл өсімдіктер минималды суаруды қажет етеді, жергілікті жағдайда жақсы бейімделеді және жоғары декоративті құндылыққа ие.

• **Су ресурстарын жабық жүйемен басқару:**

Ландшафтты су үнемдейтін технологиялармен жобалау, оған мыналар жатады:

- шатырлар мен қатты жабындардан жаңбыр суын жинау;
- сұр суды сүзгіден өткізу және қайта пайдалану;
- су жинақтағыштар мен автоматтандырылған сорғы станцияларын орнату.

• **Микроклимат пен желден қорғанысты қалыптастыру:**

- жасыл қабырғалар мен көлеңке түсіретін құрылымдарды орнату;
- желден қорғау үшін ағаштар мен бұталарды периметр бойымен отырғызу;
- жол төсемдерінде суды ұстайтын материалдарды қолдану;
- микроклиматты салқындату үшін су қоймалары мен субұрқақтарды интеграциялау.

Әлеуметтік бағытталған жобалау. Демалыс аймақтарын құру кезінде халықтың алуан түрлілігін ескеру және инклюзивтілік қамтамасыз етілуі қажет:

• Әрбір тұрғын үшін демалыс аймағына үйінен 800 метрден аспайтын қашықтықта жеңіл әрі қауіпсіз қолжетімділік болуы тиіс. Бұл халықтың белсенділігін арттырып, көлік жүктемесін азайтады.

• **Универсалды дизайн:**

- кедергісіз орта (пандустар, кең жолақтар, тактильдік элементтер);
- әртүрлі жас және әлеуметтік топтарға арналған функционалды аймақтар (балалар алаңдары, қарттарға арналған орындар, спорттық және мәдени кеңістіктер);
- қауіпсіз жарықтандыру және бейнебақылау жүйелері.

• **Дәстүрлі мәдениетті интеграциялау:**

- шағын сәулет нысандарында ұлттық өрнектер мен ою-өрнектерді қолдану;
- ескерткіштер мен мәдени нысандар орнату;
- арнайы бөлінген аймақтарда этно-фестивальдер мен салт-дәстүрлік шаралар өткізу.

Экологиялық тұрақтылық. Демалыс аймақтарын жобалау қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайтып қана қоймай, қалалық экожүйені қалпына келтіруге ықпал етуі тиіс:

Су тұтынуды азайту. Топырақ ылғалдылығы мен ауа райы жағдайларын автоматты түрде бақылайтын smart-суландыру жүйелерін енгізу, тамшылатып және жер асты суару, ылғалды сақтау үшін мульчаны пайдалану.

Экологиялық таза материалдар. Жергілікті және жаңартылатын ресурстарды (балшық, табиғи тас, қайта өңделген ағаш) пайдалану, пластик пен бетонды табиғи материалдармен алмастыру мүмкіндігін қарастыру.

Эко-коридорлар жүйесі. Барлық жасыл аймақтарды бірыңғай желіге – қаланың «жасыл қаңқасына» біріктіру, жануарлар, жәндіктер мен құстар үшін өмір сүру ортасының үздіксіздігін қамтамасыз ету, қалалық шекара ішіндегі табиғи су айдындарын, жыралар мен сай-салаларды қалпына келтіру.

Инновациялық іске асыру тәсілдері. Қазіргі урбанизациялық сын-қатерлер демалыс аймақтарын жобалау және дамыту барысында инновациялық шешімдерді интеграциялауды талап етеді. Бұл тәсілдер экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік тиімділікке, өзгермелі жағдайларға бейімделуге және тұрғындардың белсенді қатысуына ықпал етеді.

Функционалдық аймақтарға бөлу. Қалалық аумақты тұрғындардың функционалдық қажеттіліктеріне сай ұтымды бөлу қалалық кеңістікті тиімді пайдалануға және қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді [2].

• Белсенді рекреациялық кластерлер – физикалық белсенділік пен жаппай іс-шаралар үшін арналған:

- түрлі жастағы топтарға арналған заманауи спорт алаңдары;
- ашық алаңдарға арналған амфитеатрлар мен сахналар;
- фестивальдер мен жәрмеңкелер өткізуге арналған көпфункционалы кеңістіктер;
- урбан-ареналар мен скейт-парктер;
- воркаут пен йогаға арналған аймақтар.

Тыныш демалыс және релаксация аймақтары – жеке, тыныш демалысқа жағдай жасайды:

- шудан және күн сәулесінен қорғалған серуен жолдары;
- көлеңкелі жерлерге орнатылған беседкалар, пергодалар, орындықтар мен әткеншектер;
- жасыл желекпен қоршалған оқу бұрыштары;
- босаңсытатын фон ретінде қызмет ететін су ландшафт элементтері (бұлақтар, шағын тоғандар);
- қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған терапевтік бақтар.

Экологиялық маршруттар – тек қозғалыс құралы емес, сонымен қатар ағартушылық функцияны атқарады:

- саябақ аймақтары мен қалалық құрылымдағы табиғи элементтерді өзара байланыстырады;
- қалпына келтірілген экожүйелері бар өзен жағалаулары, сайлар мен жыралар бойымен өтеді;

- навигациялық және білім беру стендтерімен жабдықталады (ботаникалық ақпарат, интерактивті мазмұнмен QR-кодтар).

Жасыл технологияларды енгізу. Инновациялық «жасыл» технологиялар қалалық ортада табиғи ресурстарды тұрақты басқарудың негізі болып табылады:

Жаңбыр бақтары (rain gardens) - беткі ағынды суларды басқаруға арналған инженерлік-ландшафтық шешімдер: жаңбыр суын тротуарлар мен жолдардан су сіңіретін топырақ пен ылғалсүйгіш өсімдіктер отырғызылған арнайы учаскелерге бағыттайды, ластағыштардан тазартады, топырақ эрозиясын және су тасқындарын болдырмайды.

Тік көгалдандыру жүйелері. Ғимараттардың, қоршаулардың, аялдамалардың, автотұрақтардың қабырғаларын көгалдандыруға мүмкіндік береді, қосымша жылу және шу оқшаулауын қамтамасыз етеді, шанды азайтады және ауа ылғалдылығын арттырады, көрнекі жағынан тартымды қалалық орта қалыптастырады.

Күн панельдеріндегі автономды энергия жүйелері. Аллеяларды жарықтандыру, гаджеттерді қуаттау, фонтан сорғыларын жұмыс істеу үшін қолданылады, олар күнқағарларға, орындықтарға, павильондарға орналастырылады; бұл энергияға тәуелділікті және көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Қоғамның қатысуы. Қалалық ортадағы кез келген өзгерістердің табысты жүзеге асуы тұрғындардың сол процестерге қаншалықты белсенді қатысатынына тікелей байланысты. Бұл жобалардың қоғам сұранысына сай болуын қамтамасыз етеді және қоғамдық кеңістіктерге деген иелік сезімін қалыптастырады.

Рәсім соңындағы келіннің сәлем салуы мен батаның берілуі дәстүрдің өзегін сақтап тұрғанымен, бейнеде ол сахналық әсерге құрылған көрініске айналған. Мұндай жағдай Б. Нұриманның [7, 58] фольклорды «әрекет пен қатынастың жүйесі» ретінде түсіндіретін тұжырымымен үндеседі. Беташардың YouTube-тағы нұсқасы фольклордың жаңа медиадағы өзгерісін көрсететін айқын мысал болып, дәстүрдің заманауи мәдени кодқа бейімделуін дәлелдейді.

Фольклордың қазіргі медиакөңістікте түрленуінің жарқын мысалы – TikTok-та кең тараған «Адай (deluxe edition by ARO)» бейнематериалы [9, 64]. Мұнда Құрманғазы Сағырбайұлының әйгілі «Адай» күйі заманауи поэтикалық мәтінмен үштасып, жыр мәнерінде орындалған. Күй мен сөздің табиғи үйлесімі дәстүрлі музыкалық фольклордың жаңа медиада перформативтік (орындаушылық) сипатта жаңғыруына мүмкіндік берген.

Бейнежазба алғашқы аптада-ақ TikTok желісінде кең таралып, 70 мыңнан астам «ұнады» белгісін және 4000-ға жуық пікір жинаған. Пікірлердің мазмұны фольклорды қабылдаудың әртүрлілігін көрсетті: бір топ көрермен бұл орындауды шығармашылық жаңашылдық деп бағаласа, екінші топ күй табиғатының бұзылғанын атап өткен. Осындай пікір алмасулар фольклордың цифрлық кеңістіктегі өміршеңдігін және дәстүрлі мұраға қоғамның белсенді қатысуын дәлелдейді.

Ж. Рақыш мұндай құбылыстарды анекдоттық, сатиралық және поэтикалық постфольклордың перформативтік формалары ретінде сипаттайды [4, 118]. «Адай (deluxe edition by ARO)» мысалында осы белгілер айқын көрінеді, яғни дәстүрлі күйдің қуатты әуені мен заманауи мәтіннің пафосы бірігіп, ұлттық рух жаңа медиада көркем формада жаңғырған.

Зерттеу қазақ фольклорының цифрлық медиамәдениет кеңістігінде үздіксіз өзгеріске түсіп, дәстүрлі жанрлардың жаңа формада бейімделіп жатқанын көрсетті. Талдау барысында тоғыз негізгі нәтиже айқындалды, олардың әрқайсысы фольклордың заманауи медиамәдениеттегі өмір сүруінің белгілі бір аспектісін танытады.

Бірінші нәтиже – жанрлық бейімделу мен қозғалыс. Қазақ ертегілері, аңыздары, эпостық және ғұрыптық үлгілер қазіргі әлеуметтік желілерде қысқа бейнежазба түрінде қайта баяндалып, дәстүрлі оқиға желісі мен образдар заманауи медиа пішіндермен үйлесіп, жаңа көркем бейнеге ие болуда. TikTok пен Instagram желілерінде халық ертегілері заманауи тілмен сахналанып, кейде ирониялық немесе пародиялық реңкпен ұсынылады. Дегенмен олардың түпкі идеясы – ізгілік пен ақылдың жеңісі – өзгеріссіз сақталып келеді. Мұндай бейімделу фольклордың танымдық және тәрбиелік қызметін жаңа медиада жалғастырып, ұлттық сюжеттерді жас буынға жақын формада жеткізудің тиімді тәсіліне айналды.

Екінші нәтиже – мультимедиалық бейнелеудің күшеюі. Қазіргі цифрлық ортада мәтін, бейнежазба және дыбыс қабаттасып, фольклор жаңа мазмұндық құрылымға өтті. Т.В. Пушкарева фольклорлық жадтың медиакеңістікте қайта құрылу үдерісін атап өтсе [3], Т. Бланк мұндай медиаланған фольклорды қысқа ғұмырлы, бірақ қоғамдық әсері зор мәдени форма ретінде сипаттайды [2]. Осы тұрғыдан қазақ фольклорының YouTube, TikTok және Instagram желілеріндегі бейнежазбалары халық жадындағы оқиғаларды жаңа сипатта жаңғыртып, дәстүр мен қазіргі ақпараттық мәдениеттің тоғысу нүктесіне айналып отыр.

Үшінші нәтиже – интерактивтілік пен қатысымдық модельдің өзгеруі. Дәстүрлі фольклорда айтушы мен тыңдаушының шекарасы айқын болса, цифрлық ортада бұл айырма жойылды. Қазіргі медиакеңістікте әрбір қолданушы бір мезетте тыңдарман, орындаушы және таратушы рөлін қатар атқарады. Пікір қалдыру, дуэт жазу, ремикс жасау немесе челленджге қатысу сияқты форматтар фольклордың вариативтік (нұсқалылық) табиғатын кеңейтіп, оны көпдауысты мәдени тәжірибеге айналдырды. Б. Нұрیمان фольклорды әрекет пен қатынастың жүйесі ретінде қарастырып, оның әлеуметтік өзара ықпалдасуға негізделетінін атап көрсетеді [6, 118]. Осы тұрғыдан алғанда, фольклорлық коммуникацияның ықпалы орындаушы мен аудиторияның интерактивті әрекеті арқылы күшейіп, жаңа медиада бейнежазба мен визуалды көрініс түрінде жаңарып отыр.

Төртінші нәтиже – фольклордың әлеуметтік қызметінің кеңеюі. Фольклор өзінің дәстүрлі тәрбиелік және рухани қызметінен бөлек, қазіргі медиамәдениет жағдайында қоғамдық пікір мен эмоциялық реттеу тетігіне айналды. Пандемия кезеңінде тараған әзілдік бейнежазбалар мен қысқа видеолар халықтың психологиялық бейімделуіне ықпал етіп, Т.В. Пушкарева атап өткендей, «фольклорлық терапия» қызметін атқарды [3, 142]. Мұндай медиалық үлгілер қоғамдағы күйзелісті азайтып, ұжымдық эмоциялық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік берді.

Бесінші нәтиже – ұлттық мәдени жадтың киберкеңістіктегі қайта интерпретациясы. Ж.Т. Салтақова зерттеуінде постфольклордың бір көрінісі ретінде аңыздық прозаның интернет кеңістігінде таралуын қарастырып, оны «фольклор мен визуалды медианың гибриді» деп сипаттайды [10, 59]. Бұл тұжырым қазіргі зерттеу нәтижелерімен де үйлеседі: YouTube пен Instagram желілерінде киелі орындар мен тарихи тұлғаларға қатысты аңыздық мазмұндағы материалдар туристік және мәдени контенттің маңызды бөлігіне айналып отыр. Мұндай репрезентациялар ұлттық тарихи жадты жаңғыртып, фольклордың танымдық және мәдени қызметін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Алтыншы нәтиже – фольклордың жанрлық трансформациясы. Ж.С. Рақыш постфольклорды «дәстүрлі фольклор мен жаңа медианың түйісіндегі шығармашылық кеңістік» деп анықтайды [4, 33]. Оның байқауынша, интернет-фольклорда ертегі, аңыз, бата және ғұрыптық мәтіндер жаңа қызметтік әрі коммуникативтік мағынаға ие болған. TikTok-тағы жарапазан, Instagram-дағы бата және YouTube-тағы айтыс үлгілері осы пікірді нақтылай түседі.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Демек, постфольклор дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, жаңа медиада заманауи мәдени коммуникацияның табиғи әрі белсенді бөлігіне айналды.

Жетінші нәтиже – фольклордың эфемерлілігі мен мұрагерлік мәселесі. Т.Бланк атап өткендей, интернет-фольклордың өмір циклі қысқа болғанымен, таралу қарқыны өте жоғары [2, 251]. Бұл ерекшелік қазақ фольклоры үшін де тән: белгілі бір бейнежазбалар мен әуендер бірнеше апта ішінде жаңа нұсқаларға айналып, бұрынғылары ұмытылады. Сондықтан фольклорды цифрлық форматта архивтеу мен деректер қорына енгізу – қазіргі ғылыми қауым үшін өзекті міндет. Әлемдік тәжірибеде осындай цифрлық мұрағаттар құру жобалары жүзеге асып келеді, ал бұл бағыт Қазақстан үшін де маңызды.

Сегізінші нәтиже – фольклордың перформативтік сипатының жаңғыруы. Цифрлық кеңістіктегі орындаушылық мәдениет дәстүрлі өнердің жаңа формасына айналып, жыр мен күйдің синкреттік табиғаты визуалды және дыбыстық элементтер арқылы қайта жанданды. TikTok пен YouTube платформаларында орындаушылар өз шеберлігін монтаж, сахналық шешім және визуалды тәсілдер арқылы көрсетеді. Бұл фольклордың синкреттік болмысын сақтай отырып, оның көркемдік құралдары мен қатысымдық (қарым-қатынасқа негізделген) әдістерінің өзгергенін айқындайды. Цифрлық перформанс дәстүрлі фольклордың жаңа медиадағы түрленген жалғасы ретінде қарастыруға негіз бар.

Тоғызыншы нәтиже – фольклордың жаһандық медиакеңістікке енуі. Қазақтың тұрмыс-салт, этнографиялық және мифологиялық бейнелері халықаралық трендтерге еніп, өзге ұлт өкілдерінің қызығушылығын арттырып отыр. Г. Флинтеруд бұл құбылысты «алгоритмдік мәдениеттің мәдени капиталды қайта таратуы» [11, 203] деп сипаттайды. Осы тұрғыдан ұлттық фольклор жаһандық цифрлық айналымның белсенді элементіне айналып, қазақ мәдениеті трансмәдени (мәдениеттер арасындағы) коммуникацияның ажырамас бөлігіне еніп отыр.

Жүргізілген талдау фольклордың цифрлық медиамәдениеттегі өмірін үш деңгейде айқындауға мүмкіндік берді:

1. Жанрлық деңгейде – дәстүрлі үлгілер жаңа формаға бейімделіп, заманауи медиажанрлармен (мысалы, бейнежазба, ремейк, челлендж) тоғысты.
2. Функционалдық деңгейде – фольклордың тәрбиелік, танымдық және қоғамдық қызметі кеңейіп, жаңа әлеуметтік мағыналармен толықты.
3. Перформативтік деңгейде – орындаушылық, тыңдаушылық және мәтіндік қатынас интерактивті модельге айналып, фольклордың қатысымдық табиғаты күшейді.

Осы нәтижелер қазақ фольклорының цифрлық кеңістіктегі өміршендігін нақтылап, оның мәдени код ретіндегі әлеуетін, ұлттық жадыны жаңғыртудағы рөлін және пәнаралық зерттеу нысаны ретіндегі ғылыми маңызын дәлелдейді. Қазіргі медиамәдениет жағдайында фольклор тек өткеннің мұрасы емес, қоғамның рухани тәжірибесін бейнелейтін және келер ұрпаққа мәдени сабақтастықты жеткізетін маңызды танымдық арна ретінде танылды.

Зерттеу нәтижелері қазақ фольклорының цифрлық медиамәдениетке бейімделуін табиғи әрі көпқырлы құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс жанрлық шекараларды кеңейтіп, репрезентация (көрсетілім, бейнелеу) тәсілдерін мультимедиялық деңгейге көтерді. Қазіргі медиамәдени кеңістікте дәстүрлі мәтіннің орнын бейне, дыбыс, монтаж және қысқа мәтін қабаттасқан жаңа құрылым алмастырып отыр.

Т. Бланк интернет-фольклорды «қысқа ғұмырлы, бірақ әлеуметтік тұрғыдан белсенді форма» [2, 184] деп сипаттайды, ал Т. В. Пушкарева оны медиамәдени кеңістіктегі мәдени жадтың қайта құрылу үдерісімен байланыстырады [3, 211]. М. Алексеевский интернет-фольклорды дәстүрлі мәдениеттің жаңа өмір сүру формасы ретінде түсіндіріп, оны бұрынғы ауызша дәстүрдің жалғасы ғана емес, жаңа коммуникациялық (қарым-қатынасқа негізделген) жүйе ретінде қарастырады [12, 97].

Профессор Метин Екиджи мен Элиф Темизкан өз зерттеулерінде халық мұрасын қоғамның мәдени жады мен рухани тұтастығын сақтайтын тірі жүйе ретінде сипаттайды [13, 45]. Ғалымдардың пайымдауынша, дәстүр тек өткеннің көрінісі емес, ол қоғамның қазіргі өмірінде де қайта жаңғырып, жаңа медиалық ортада өз орнын табады. Осы көзқарас

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
фольклордың интернет кеңістігіндегі дамуын мәдени эволюцияның заңды жалғасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ фольклорының жаңа медидағы өміршеңдігін қоғам дамуының мәдени-әлеуметтік заңдылығы ретінде түсіндіруге негіз бар.

Қазіргі цифрлық медиакеңістікте ертегі жанры жаңа бейнеформаттарда жаңаша интерпретацияланып, көбіне ирониялық немесе пародиялық реңкке ие болуда. Мұндай бейімделу жас буынның қабылдау ерекшелігін өзгертсе де, негізгі мотив пен архетиптік құрылым сақталып отыр. Заманауи ертегілерде кейіпкерлер сленг пен ирония арқылы сөйлеп, дәстүрлі канонды жаңаша бейнелейді. Бұл – фольклордың табиғи эволюциясы. Қысқа бейнеформаттар ертегінің танымдық және тәрбиелік қызметін жалғастырып, фольклор мен заманауи мәдениетті тоғыстырып отыр.

Аңыздар мен мифтер интернет кеңістігінде екі бағытта дамып келеді: танымдық сипаттағы және көрермен қызығушылығына бейімделген креативті формада. Соңғы бағытта драмалық, пародиялық және сыншыл бейнелер, комикс пен мем үлгілері жиі кездеседі. Бұл шындық пен қиялдың арасындағы шекараның медиалық ортада көмескіленгенін байқатады. Ал ұлттық топонимдік аңыздардың кең таралуы өңірлік мәдени жадты елдік деңгейге көтеріп, фольклорды жаңа интерпретация мүмкіндіктерімен байыта түседі.

Эпос пен музыкалық фольклор медиамәдениет тұрғысынан ең күрделі қабылданатын жанрлардың бірі болып табылады. Толық нұсқалардың ұзақтығы фрагменттік репрезентацияның жиі қолданылуына себеп болды. Қысқа үзінділер, ремейктер мен жанраралық гибридтер эпикалық синкретизмнің белгілерін сақтай отырып, орындаушылықтың жаңа түрлерін қалыптастырды. Мұндай тәсіл кейде эпосты шоу элементіне айналдыру қаупін тудырғанымен, жастар аудиториясының қызығушылығын арттырып, толық нұсқаны тануға ынталандырады.

Тұрмыс-салт және ғұрыптық фольклор цифрлық кеңістікте ашық сипат алып, көпшілік талқысының нысанына айналды. Беташар, жарапазан, бата секілді үлгілер желіде бейімделгенде дәстүрді сақтау мен жаңарту мәселесіне қатысты пікірталас туындайды. Бірі мұны шығармашылық ізденіс пен креатив деп бағаласа, енді бірі дәстүрдің бұрмалануына алаңдайды. Осындай пікір алмасулар постфольклордың диалогтық табиғатын айқын көрсетеді.

Ж. С. Рақыш қазіргі қазақ постфольклорының жанрлық көптүрлілігі мен қызметтік жалғастығын атап өтеді [4], ал Ж. Т. Салтақова [10] аңыздық прозаның киберкеңістікте визуалды бейнелермен қабаттасып, медиамәтінге айналуын көрсетеді.

Айтыс жанры онлайн ортаға бейімделгенде географиялық шектеу жойылып, аудиториямен тікелей қатынас орнайды. Көрермен пікір қалдыру, дауыс беру арқылы үдеріске араласады; ал ақындар дуэт, жауап-видео және ремикс форматтарын игеріп, шығармашылық өзара әрекетке түседі. Сахналық орта мен тікелей қарым-қатынас азайғанымен, суырыпсалмалық, диалогтық бәсеке және әлеуметтік реакция жылдамдығы сақталады. Цифрлық айтыстың мазмұнына заманауи үрдістер еніп, поэтикалық коммуникацияның медиалық сипаты күшейді. Бұл құбылыс жанрдың трансмедиациясын дәлелдеп, айтыстың қоғамдық дискурстағы ықпалын жаңа арнада жалғастыруда. Б.Т. Нұриман фольклорды әрекет пен қатысым жүйесі ретінде түсіндіріп, медиамәдени кеңістіктегі интерактивті поэтикалық тәжірибелерді дәстүрлі перформативтік мәдениеттің жалғасы ретінде сипаттайды [7].

Интерактивтілік фольклордың ұжымдық болмысын айқындайды: көрермен енді тек тыңдаушы емес, сонымен бірге орындаушы және таратушы рөлін де атқарады. Челлендж, дуэт, ремикс, репост сияқты платформалық тетіктер вариативтік принциптің жүзеге асу қарқынын күшейтеді. Бұл құбылысты А.Фиадотава онлайн мен офлайн тәжірибені бірлікте қарастыратын әдіснамамен түсіндіреді: фольклор тек экрандық дерек емес, қауымдастық құрудың, эмоциялық реттеу мен қоғамдық пікір білдірудің құралы [5]. Цифрлық репрезентация мазмұнды кейде жеңілдеткенімен, оның қолжетімділігі мен қызықтыру әлеуетін арттырады. Сондықтан медиалық кеңістік фольклорды тек жеңіл тұтыну нысаны емес, сатылы таным мен мәдени тәжірибе алмасу алаңы ретінде танылады.

Эфемерлілік – цифрлық фольклордың басты сипаттарының бірі. Бұл ұғым (ephemeros –

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

«бір күндік», «қысқа ғұмырлы») қысқа мерзімде пайда болып, тез ұмытылатын мәдени құбылыстарды білдіреді. Цифрлық кеңістікте мұндай эфемерлік фольклор үлгілерінің өміршеңдігі уақыт пен назарға тәуелді екенін көрсетеді: бүгін әлеуметтік желіде кең тараған бейне ертең-ақ жаңа мазмұнмен алмастырылып жатады. Мысалы, TikTok-тағы бір фольклорлық бейне немесе челлендж бірнеше күнде миллиондаған қаралым жинап, кейін жаңа трендтермен ығыстырылып қалады. Бұл ерекшелік фольклордың жаңа медиадағы «жедел өмір сүріп, тез ескіретін» сипатын айқындайды. Осы эфемерлі табиғат фольклор мұрасын сақтаудың жаңа тәсілдерін қажет етеді. Т. Бланк мұны «уақытпен жарыса жұмыс істеу» [2] міндетімен байланыстырады. Ұлттық деңгейде цифрлық фольклор мұрағатын жүйелеу және қалыптастыру – осы мәселенің нақты шешімі бола алады. Мұндай бастама фольклорлық деректердің жойылып кетуінен сақтап, болашақ зерттеулерге берік деректік негіз қалдырады.

Қоғамдық сана мен мәдени сәйкестік тұрғысынан цифрлық фольклор эмоция мен идеяны бейнелейтін маңызды көрсеткішке айналды. Пандемия кезеңінде тараған әзілдік бейнелер мен мемдік контент қоғамдағы күйзелісті азайтып, ал ұлттық код элементтерін қамтыған видеолар халықаралық деңгейде қызығушылық туғызып, елдік мәдени бейнені күшейтті. Мұндай құбылыс фольклордың бір мезгілде ішкі әлеуметтік байланыстарды нығайтып, сыртқы мәдени коммуникацияны кеңейте алатынын дәлелдейді. Ж.С. Рақыш мұндай үлгілерді анекдоттық, сатиралық, мемдік және юморлық постфольклор формалары ретінде сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, бұл контент түрлері қоғамдағы әлеуметтік эмоцияны реттеп, халықтық шығармашылықтың жаңа медиадағы табиғи жалғасына айналып отыр [4, 56].

Қазіргі Қазақстандағы медиамәдени кеңістік фольклордың цифрлық трансформациясына әлеуметтік әрі технологиялық негіз қалыптастырып отыр. Kazinform Digital Profile зерттеуінің (2025) деректері бойынша, ел халқының 92,9 пайызы интернетті белсенді пайдаланады, ал әлеуметтік желілердегі белсенділік деңгейі 75,7 пайызға жеткен. TikTok платформасының 15,7 миллионнан астам қолданушысы бар, бұл оны Қазақстандағы ең ықпалды мәдени коммуникация алаңдарының біріне айналдырады [14, 87]. Мұндай платформаларда таралатын фольклорлық контент ұлттық код пен мәдени жадты жаңа медиалық форматта жаңғыртып, дәстүрлі шығармашылықтың цифрлық кеңістіктегі табиғи жалғасына айналып отыр. Бұл деректер фольклордың қазіргі медиамәдениеттегі орнын айқындап, оның әлеуметтік желілер арқылы кең аудиторияға таралу мүмкіндігін көрсетеді. Қысқа бейне, мем, челлендж секілді форматтар мәдени ақпараттың басты тасымалдаушысына айналып, халық шығармашылығын күнделікті цифрлық тәжірибенің құрамдас бөлігіне енгізді. Осылайша цифрлық фольклор қазақстандық медиамәдениеттің ажырамас бөлігіне айналып, дәстүр мен инновацияны ұштастырған жаңа мәдени парадигманың қалыптасуына негіз болды.

Жалпы алғанда, фольклорлық жанрлардың трансформациясы цифрлық ортада қарқынды жүріп жатыр. Репрезентация мультимедиялық құралдар арқылы тереңдеп, аудиторияның белсенді қатысуы фольклорды демократияландырып, оны ашық мәдени коммуникация арнасына айналдыруда. Фольклордың қызметтік мәні сақталып қана қоймай, қазіргі әлеуметтік шындықты бейнелеу арқылы жаңа мағыналармен толықты. Осы талқылаулар қазақ фольклорының цифрлық медиамәдениет кеңістігіндегі өміршеңдігі дәстүр мен жаңашылдықтың тепе-теңдігіне сүйенетінін дәлелдейді. Мұндай тепе-теңдікті сақтау мен дамыту ғылыми зерттеу мен білім беру тәжірибесінің өзара жүйелі байланысын қажет етеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ фольклорының медиамәдениет кеңістігінде жаңа өмірлік белеске көтерілгенін көрсетті. Дәстүрлі ауызша мұра мен заманауи медиа технологиялардың тоғысуы фольклорды жаңа репрезентациялық формада өмір сүртуге мүмкіндік беріп, оның мәдени коды сақталған күйде қазіргі ақпараттық жүйеге етене ендірілді. Бұл үдеріс фольклордың тек тарихи мұра емес, қоғаммен бірге үнемі жаңарып отыратын тірі рухани жүйе екенін дәлелдейді. Бүгінгі медиамәдениет жағдайында фольклор халық шығармашылығының жаңа типін қалыптастырды.

Желілерде таралатын ертегі, аңыз, эпос және ғұрыптық үлгілер ұлттық мәдениеттің жаңа

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
семиотикалық кеңістігін құрап, визуалды-аудиалды перформансқа айналып отыр. Мысалы, TikTok-тағы ертегі баяндаулары мен Instagram-дағы бата мәтіндері дәстүрлі мазмұнды ықшам формада ұсына отырып, кең аудиторияға бағытталған көріністік сипатқа ие болды. Мұндай медиалық үлгілер дәстүрдің жаңаша қабылдануы мен интерпретациясын айғақтайды. Дәстүрлі «айтушы – тыңдаушы» қатынасы босаңсып, әрбір қолданушы бір мезгілде тұтынушы, автор және таратушы рөлдерін атқаратын интерактивті модель орнықты.

Фольклордың цифрлық трансформациясы оның қызметтік табиғатын да өзгертті. Бұрын фольклордың негізгі миссиясы рухани және тәрбиелік сипатта болса, бүгінде ол әлеуметтік және психологиялық функциялар атқарып отыр. Пандемия кезеңінде интернеттегі халық шығармашылығы – онлайн айтыстар, виртуалды баталар мен әзілдік бейнелер – қоғамның эмоционалдық тепе-теңдігін сақтап, күйзелісті жеңілдетуге ықпал етті. Бұл фольклордың өміршендігін және оның заманауи медиамәдениетке бейімделу қабілетін дәлелдейді.

Зерттеу барысында анықталған маңызды тұжырымның бірі – фольклордың жанрлық және медиалық шекараларының кеңеюі. Қазіргі фольклор тек мәтіндік құрылыммен шектелмей, бейне, музыка, қозғалыс және визуалды элементтердің тоғысында қалыптасқан синкреттік медиажанрға айналды. Бұл үдеріс фольклорды тек мәдени мұра ретінде емес, әлеуметтік коммуникация мен қоғамдық тәжірибенің белсенді түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ж.Т.Салтақова атап өткендей, интернет кеңістігіндегі аңыздық мәтіндер мен тылсым оқиғалар визуалды және мәтіндік элементтердің қабаттасуынан туындайтын ауызша-визуалды жаңа формаға көшкен [10, 51].

Фольклордың цифрлық репрезентациясы ұлттық тарихи жадтың жаңғыруына ықпал етті. Қалалық және тұрмыстық аңыздар жаңа мазмұнмен толығып, әлеуметтік және психологиялық астар алды. Интернет кеңістігінде «елес қыз», «жын кірген адам», «көз тию», «тылсым дауыс есту» секілді оқиғалардың кең таралуы халықтық сенім мен заманауи медиамифтің тоғысын айғақтайды. Мұндай сюжеттер жастардың рухани уайымдары мен өмір мен өлім, табиғи мен тылсым арасындағы түсініктерін бейнелейді. Осы тұрғыда интернет-аңыздарды дәстүрлі мифтің заманауи жалғасы әрі қоғамның ұжымдық бейсанасын көрсететін мәдени айна ретінде қарастыруға негіз бар.

Зерттеу нәтижелері фольклор мен жаңа медиа арасындағы өзара ықпалдастықтың бірнеше қырын ашты. Фольклор – қоғамның рухани жадын сақтаушы, ал медиа – сол жадты жаңғыртып, жаңа мәдени мағынамен толықтырушы құралға айналды. Медидағы фольклор ұжымдық шығармашылықтың жаңа түрін қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті заманауи форматта бекітті. Постфольклорлық формалар халық мәдениетінің жаһандық кеңістікте таралуына жол ашып, қазақтың дәстүрлі мәтіндерін әлемдік аудиторияға жақындатты. Бұл үдеріс көркемдік қана емес, әлеуметтік және мәдени маңызға да ие, себебі ол қоғамдағы құндылықтар мен эстетикалық бағдарлардың өзгерісін бейнелейді.

Г. Флинтеруд әлеуметтік желілердің алгоритмдік жүйесі фольклорлық мазмұнның көріну жиілігі мен таралу қарқынын анықтап, мәдени капиталдың қайта бөлінуіне ықпал ететінін көрсетеді [11, 63]. Ал А. Фиадотава цифрлық фольклорды зерттеу тек интернет кеңістігімен шектелмеуі керек екенін атап өтеді: оның пікірінше, фольклорды толық түсіну үшін онлайн және офлайн контекстілерді қатар қарастыру қажет, өйткені цифрлық ортадағы халық шығармашылығы өмірлік тәжірибеден, әлеуметтік қатынастар мен эмоциялық байланыстардан туындайды [5, 42]. Демек, қазіргі цифрлық дәуірде фольклор тек желідегі контент емес, қоғамның мәдени саясаты мен әлеуметтік динамикасын бейнелейтін күрделі мәдени құбылыс ретінде танылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ фольклорының медиамәдениет кеңістігіндегі трансформациясын кешенді тұрғыда талдауда. Дәстүрлі фольклорлық жанрлардың заманауи медиажанрлармен тоғысу ерекшеліктері мен репрезентация тәсілдері анықталып, фольклордың цифрлық ортадағы жаңа әлеуметтік және мәдени функциялары сараланды. Пәнаралық әдіснама негізінде фольклортану мен коммуникация теориясының тоғысқан бағыттары нақтыланды.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері бірнеше салада қолдануға мүмкіндік

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
береді. Мектеп және жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына «Цифрлық фольклор
және медиамәдениет» модулін енгізу әдебиет пен медиа сабақтарының байланысын күшейтіп,
пәнаралық оқыту үлгісін қалыптастырады. Ұлттық мұраны сақтау үшін онлайн фольклорлық
архивтерді дамыту мәдени мұраны жүйелі цифрландырудың тиімді жолы ретінде
қарастырылады. Сондай-ақ медиа мамандары мен педагогтарға арналған фольклорлық
контентті этикалық және көркемдік тұрғыдан сараптау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар
әзірлеу де маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Қазақ фольклорының қазіргі медиамәдениет контексіндегі трансформациясы ұлттық
рухани мұраның үздіксіздігін дәлелдеп, оның заманауи қоғамдағы мәдени және тәрбиелік
маңызын жаңа деңгейде танытты. Бұл үдеріс фольклорды сақтау мен жаңғыртудың жаңа
кезеңіне жол ашып, дәстүрлі мәдениеттің заманауи медиажүйеде өмір сүру мүмкіндігін
ғылыми тұрғыда негіздеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезеңі: 1-том / Жалпы ред. басқарған С.А. Қаскабасов. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
2. Blank T.J. Folklore and the Internet: The Challenge of an Ephemeral Landscape // Western Folklore. – 2009. – Vol. 68, № 3–4. – P. 253–275.
3. Пушкарева Т.В. Цифровой фольклор в эпоху пандемии (на материале коллекции социальной карикатуры Центра социально-политической истории Государственной публичной исторической библиотеки) // Наука телевидения – The Art and Science of Television. – 2022. – Т. 18, № 2. – С. 61–89. – DOI: [10.30628/1994-9529-2022-18.2-61-89](https://doi.org/10.30628/1994-9529-2022-18.2-61-89).
4. Рақыш Ж.С. Қазақ постфольклоры: жанрлар трансформациясы // Керуен. – 2023. – Т. 79, № 2. – Б. 116–126.
5. Fiadotava A. Digital Folklore and Digital Fieldwork: Researching Online Humour with Its Offline Context in Mind // Traditiones. – 2025. – Vol. 54, № 2. – P. 97–114. – DOI: [10.3986/Traditio2025540205](https://doi.org/10.3986/Traditio2025540205).
6. TikTok платформасындағы «Halyquni.media» парақшасында жарияланған бейнематериал. Т.Асардың жоқтау өлеңі. URL: <https://www.tiktok.com/@halyquni.media/photo/7560419500160486668> (қаралған күні: 27.10.2025).
7. Нұрман Б.Т. Әлемдік фольклортанудағы «Фольклордың төрт функциясы» теориясы // Керуен. – 2021. – № 3 (72). – Б. 49–61. – DOI: [10.53871/2078-8134.2021.3-05](https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.3-05).
8. Беташар / «Хантөре Ақтөреұлы» каналы. YouTube: https://youtu.be/5z1IP_9Iic4?si=iZfYh_sTyrfOBnb, (қаралған уақыты: 27.10.2025).
9. TikTok платформасындағы «studio.konoha» парақшасында жарияланған бейнематериал. «Адай (deluxe edition by ARO)». URL: <https://www.tiktok.com/@studio.konoha/video/7533130152931347717> (қаралған күні: 27.10.2025).
10. Салтақова Ж.Т. Постфольклор: аңыздық прозаның киберкеңістікте таралуы // Керуен. – 2023. – № 3 (80). – Б. 151–159. – DOI: [10.53871/2078-8134.2023.3-13](https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-13).
11. Flinterud G. ‘Folk’ in the Age of Algorithms: Theorizing Folklore on Social Media Platforms // Folklore. – 2023. – Vol. 134, № 4. – P. 439–461. – DOI: [10.1080/0015587X.2023.2233839](https://doi.org/10.1080/0015587X.2023.2233839).
12. Алексеевский М.П. Фольклор в Интернете: традиция в цифровую эпоху // Живая старина. – 2013. – № 4. – С. 2–6.
13. Ekici M., Temizkan E. Polonya, Litvanya ve Belarus Tatarlarında kültürel miras, gelenek ve kimlik // Millî Folklor. – 2023. – pp. 17, № 135. – pp. 33–45.
14. Kazinform. Internet activity grows, TikTok dominates: Key findings from Kazakhstan’s 2025 Digital Profile. – 2025. – URL: <https://qazinform.com/news/internet-activity-grows-tiktok-dominates-key-findings-from-kazakhstans-2025-digital-profile/> (date of request: 27.10.2025).

References

1. Qazaq әдебиетінің тарихы. Fol'klorlyq kezeñi: 1-tom. Almaty: QazAqparat, 2008, 812 p
2. Blank T.J. Folklore and the Internet: The Challenge of an Ephemeral Landscape, Western Folklore, 2009, Vol. 68, № 3–4, pp. 253–275.
3. Pushkareva T.V. Tsifrovoy fol'klor v epokhu pandemii (na materiale kollektsii sotsial'noy karikatury Tsentra sotsial'no-politicheskoy istorii Gosudarstvennoy publichnoy istoricheskoy biblioteki), Nauka televideniya – The Art and Science of Television, 2022, Vol. 18, № 2, pp. 61–89, DOI: [10.30628/1994-9529-2022-18.2-61-89](https://doi.org/10.30628/1994-9529-2022-18.2-61-89).
4. Raqysh Zh.S. Qazaq postfol'klory: zhanrlar transformatsiyasy, Keruen, 2023, Vol. 79, № 2, b. 116–126.
5. Fiadotava A. Digital Folklore and Digital Fieldwork: Researching Online Humour with Its Offline Context in Mind // Traditiones. – 2025. – Vol. 54, № 2. – P. 97–114. – DOI: [10.3986/Traditio2025540205](https://doi.org/10.3986/Traditio2025540205).
6. TikTok platformasyndaғы «Halyquni.media» paraqshasynda jarialanğan beinematerial. T.Asardyn joqtau oleñi. URL: <https://www.tiktok.com/@halyquni.media/photo/7560419500160486668>, (qaralğan künı: 27.10.2025).
7. Nuriman B.T. Älemdik fol'klortanudagy “Fol'klordyn tört funktsiyasy” teoriyasy, Keruen, 2021, № 3 (72), b. 49–61, DOI: [10.53871/2078-8134.2021.3-05](https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.3-05).
8. Betaşar / «Hantöre Aqtöreüly» kanaly. YouTube URL: https://youtu.be/5z1IP_9Iic4?si=iZfYh_sTyrFOBnb, (qaralğan künı: 27.10.2025).
9. TikTok platformasyndaғы «studio.konoha» paraqshasynda jarialanğan beinematerial. «Adai (deluxe edition by ARO)». URL: <https://www.tiktok.com/@studio.konoha/video/7533130152931347717>, (qaralğan künı: 27.10.2025).
10. Saltakova Zh.T. Postfol'klor: anyzdyq prozanyñ kiberkeñistikte taraluy, Keruen, 2023, № 3 (80), b. 151–159, DOI: [10.53871/2078-8134.2023.3-13](https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-13).
11. Flinterud G. ‘Folk’ in the Age of Algorithms: Theorizing Folklore on Social Media Platforms // Folklore. – 2023. – Vol. 134, № 4. – P. 439–461. – DOI: [10.1080/0015587X.2023.2233839](https://doi.org/10.1080/0015587X.2023.2233839).
12. Alekseevskiy M.P. Fol'klor v Internetе: traditsiya v tsifrovuyu epokhu, Zhivaya starina, 2013, № 4, s. 2–6.
13. Ekici M., Temizkan E. Polonya, Litvanya ve Belarus Tatarlarında kültürel miras, gelenek ve kimlik, Millî Folklor, 2023, pp. 17, № 135, pp. 33–45.
14. Kazinform. Internet activity grows, TikTok dominates: Key findings from Kazakhstan’s 2025 Digital Profile, 2025, URL: <https://qazinform.com/news/internet-activity-grows-tiktok-dominates-key-findings-from-kazakhstans-2025-digital-profile/>, (date of request: 27.10.2025).

ТРАНСФОРМАЦИЯ ФОЛЬКЛОРНЫХ ЖАНРОВ В МЕДИАКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

УЛЫКПАНОВА А.Ж.^{1*}, ЕКИЧИ М.²

*Улыкпанова Алия Жолдаскалиевна¹ – PhD докторант, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан.

E-mail: aliya.ulykpanova71@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-3316-7112>

Екичи Метин² – PhD, профессор, Эгейский университет, г. Измир, Турция

E-mail: metin.ekici@ege.edu.tr, <https://orcid.org/0000-0002-9400-8462>

Аннотация. В статье рассматриваются процессы трансформации и репрезентации фольклорных жанров в контексте современной медиакультуры. В качестве объекта исследования выбраны жанровые образцы казахского фольклора, распространённые в социальных сетях YouTube, TikTok и Instagram. Особое внимание уделено трансформации семейно-обрядового фольклора. Цифровое наследие фольклора отражает формирование новых медийных жанров (видеофольклор, сторителлинг, челленджи и др.) в современной медиакommunikationной

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
системе. Кроме того, цифровая репрезентация музыкальных и поэтических образцов (например, синтез кюя и поэзии в видеоконтенте) свидетельствует о возрождении перформативной природы фольклора в новых форматах.

В исследовании проведён теоретический анализ понятий «цифровой фольклор», «постфольклор», «медiateкст», «репрезентация», «жанровая трансформация» с опорой на труды казахстанских и зарубежных учёных. В частности, использованы работы С.А. Каскабасова, Ж.С. Ракиш, Б.Т. Нуримана, Ж.Т. Салтаковой, М.Д. Алексеевского, Т. Бланка, Г. Флинтеруд, А. Фиадотава, Т.В. Пушкарёвой, М. Экиджи и Э. Темизкана. Результаты исследования показали, что традиционные жанры фольклора обновляются в интернет-пространстве на семиотическом и структурном уровнях, а их мультимедийное воплощение расширяет современную медиакультурную функцию фольклора.

Научная значимость исследования заключается в системном анализе трансформационных процессов фольклора в медиакультурном пространстве. Практическая ценность результатов состоит в возможности их использования в образовательном процессе, развитии медиаграмотности и популяризации национального культурного наследия. Цифровые формы репрезентации фольклора способствуют актуализации национальной культуры и её смыслов в современном обществе.

Ценность исследования заключается не только в выявлении взаимосвязи традиционного наследия и цифровых коммуникаций, но и в новом научном осмыслении медиакультурной трансформации фольклорного сознания. Полученные результаты позволяют рассматривать фольклор не как реликт прошлого, а как активно функционирующий социокультурный феномен современной интерактивной медиасреды.

Ключевые слова: фольклор, медиакультура, цифровое пространство, постфольклор, репрезентация, трансформация, жанровые изменения, контент-анализ.

TRANSFORMATION OF FOLKLORE GENRES IN THE MEDIA CULTURAL SPACE

ULYKPAANOVA A.ZH.^{1*} , EKICI M.² 

*Ulykpanova Aliya Zholdaskaliyevna¹ – PhD doctoral student, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: aliya.ulykpanova71@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-3316-7112>

Ekici Metin² – PhD, professor, Ege University, Izmir, Turkey

E-mail: metin.ekici@ege.edu.tr, <https://orcid.org/0000-0002-9400-8462>

Abstract. The article explores the transformation and representation of folkloric genres in the context of contemporary media culture. The study focuses on genre patterns of Kazakh folklore disseminated through YouTube, TikTok, and Instagram, with special attention to the transformation of family-ritual folklore. The digital heritage of folklore reflects the emergence of new media genres – such as videofolklore, storytelling, and challenge formats – within modern media communication. Moreover, the digital representation of traditional musical and poetic forms (for instance, videos combining kyui and poetic recitation) demonstrates the revival of folklore's performative nature in media formats.

Theoretical analysis was conducted on the concepts of digital folklore, postfolklore, media text, representation, and genre transformation, based on the works of S. A. Kaskabasov, Zh. Rakys, B.T. Nuriman, Zh.T. Saltakova, M. Alekseevsky, T. Blank, G. Flinterud, A. Fiadotava, T. Pushkareva, M. Ekici, and E. Temizkan. The results show that traditional folklore genres are being renewed online on both semiotic and structural levels, while their multimodal realization expands the mediacultural function of folklore.

The scientific significance of the study lies in the systematic analysis of folklore's transformation within the media-cultural environment. Practically, the findings can be used in education, media literacy, and the promotion of national cultural heritage. Digital representations of folklore support the reinterpretation and semantic enrichment of national culture in contemporary society.

The value of the research lies in revealing the interaction between traditional heritage and digital communication and in rethinking the transformation of folkloric cognition in media culture. The findings show that folklore today functions as an active socio-cultural phenomenon within the interactive media environment.

Key words: folklore, media culture, digital space, post-folklore, representation, transformation, genre modification, content analysis.

ҒАЛЫМ ӘРІП ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТҮРКІ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІГІН АЙҚЫНДАУ

СӨЙЛЕМЕЗ О.^{1*}, АУБАКИРОВ Н.²

*Сөйлемез Орхан¹ - PhD, профессор, Кастамону университеті, Кастамону қ., Түркия

E-mail: soylemezo@yahoo.com, <https://orcid.org/0000-0001-8382-3173>

Аубакиров Нұрлыбек² - Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, А.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

E-mail: n.aubakirov@ktu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0009-7744-9731>

Аңдатпа. Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Ғалым Әріп. Ол Маңғыстау өңірінен шыққан, тарихи жад пен ұлттық рухтың жанашыры, өзіндік үні бар ақын. Оның шығармаларында ұлттық бірегейліктің (кімдіктің) негізгі құрамдас бөліктері айқын аңғарылады. Ақын поэзиясында сақ, ғұн, көктүрік сияқты түркі тарихы үшін маңызды мемлекет атаулары; Күлтегін, Тоныкөк, Томирис, Бейбарыс секілді батыр тұлғалар; Маңғыстау, Арал, Каспий тәрізді тарихи-географиялық нысандар; сондай-ақ Наурыз мерекесі мен «бата», «дұға» дәстүріне тән ауыз әдебиеті үлгілері өзара сабақтасып, ізденістік әрі тұтас көркем құрылым түзеді.

Бұл зерттеу мәдени бірегейлік тұрғысынан мол материал ұсынатын Ғалым Әріп поэзиясының поэтикасын ашып көрсетуге бағытталған. Мақсат – ақын шығармаларындағы осы мәдени-тарихи элементтердің кездейсоқ емес, қайта, оның ұлттық және түркілік идентичтілікті саналы түрде қалыптастыру ниетінің нәтижесі екенін дәлелдеу. Сондай-ақ бұл үдерісте ақын қолданған бейнелер мен көркемдік тәсілдерді, сөз ету формаларын талдап көрсету де зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Алдымен ақынның өмірбаяны мен шығармашылық жолы қарастырылып, оның тұлғалық болмысы мен поэтикалық ұстанымының өзара байланысы айқындалады. Кейін Зия Гөкалп пен Энтони Смит сынды зерттеушілердің мәдени бірегейлік жөніндегі теориялық тұжырымдары негізінде Ғалым Әріптің өлеңдері талданады.

Зерттеудің нысаны – ақынның түркі тарихы, мәдениеті мен ұлттық болмыс мәселесіне арналған туындылары. Олардың қатарында «Қазақ қандай халық?/Kazakh qalay halık?», «Қазақстан – Түркі дүние Отаны!/Qazaqstan Türki dünýe otanı», «Түркі дүниесіне тіл қату/Türki dünýesinñe til qatuv», «Сананды биле!/Sanandı bile!», «Рухсана/Ruhsana», «Адамзатты ізгілендіру/Adamzattı izgilendiru», «Қазақ болу.../Qazaq bolu...» атты өлеңдер бар. Бұл шығармаларға терең талдау жүргізіліп, ондағы тақырыптық өзек, бейнелік жүйе және сөз өрнегінің көпқабатты мағыналары айқындалады.

Түйін сөздер: Ғалым Әріп, қазіргі қазақ поэзиясы, ұлттық бірегейлік, түркілік рух, мәдени жад, тарихи сана.

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиетінің кеңістігінде ұлттық сана мен түркілік рух сабақтастығын көркем бейнелеуде жаңа сапалық деңгейге көтерілген тұлғалардың бірі – Ғалым Әріп [1]. Оның шығармашылығы ұлттық болмыс пен мәдени жадты жаңғырту идеясына негізделген. Ақын поэзиясында дәстүр мен замана, тарих пен рух, миф пен қазіргі сана ұштаса отырып, ұлттық идентичностьтің жаңа көркем үлгісін жасайды.

Тәуелсіздік кезеңі қазақ әдебиетіне рухани қайта жаңғырту міндетін жүктеді. Осы тұрғыдан алғанда, Ғалым Әріптің өлеңдері ұлттық болмыс пен түркілік тұтастықты жаңаша пайымдау үдерісінің көрінісі болып табылады. Ақын тек жеке эстетикалық жүйе қалыптастырған тұлға ғана емес, сонымен қатар түркілік идеяны заманауи мәдениет деңгейінде бейнелеген қайраткер [2]. Зерттеу өзектілігі ақын поэзиясының мәдени және ұлттық сәйкестік құрудағы көркемдік механизмдерін айқындауда. Бұған дейін Ғалым Әріп шығармашылығы көбіне лирикалық-романтикалық немесе азаматтық поэзия аясында қарастырылып келген. Ал бұл зерттеу оның поэтикасын мәдени бірегейлік теориясы тұрғысынан қарастыруды мақсат етеді.

Зерттеудің мақсаты ақынның шығармаларындағы ұлттық және түркілік бірегейліктің көркем құрылымын ашу, ал міндеттері: Ғалым Әріп поэзиясының негізгі тақырыптық-идеялық бағыттарын айқындау; Ақынның поэтикасын дидактикалық, дұғалық және тарихи сана өлшемдерінде талдау; Түркілік және қазақтық бірегейлікті қалыптастыруда қолданылған символдар мен образдар жүйесін анықтау. Осы мақсаттар арқылы зерттеу қазақ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
поэзиясындағы мәдени бірегейлікті поэтикалық тұрғыда бейнелеу үрдісін тереңірек түсіндіруге бағытталады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеудің негізгі нысаны – ақын Ғалым Әріфтің шығармалары, соның ішінде түркі тарихы, мәдени мұра және ұлттық бірегейлік мәселесін тікелей көтеретін өлеңдері. Ақынның шығармалары ұлттық және түркілік болмысқа қатысты дүниетанымын, оның мәдени кеңістікті поэтикалық тұрғыда қайта құру әрекетін айқын көрсетеді [3,6].

Зерттеу барысында мәтіндердің мазмұны мен құрылымы жүйелі түрде қарастырылып, ақынның тілдік және бейнелік құралдары арқылы ұлттық сана мен мәдени жадты бейнелеу тәсілдері талданды. Ақынның әрбір шығармасы жеке дара емес, біртұтас поэтикалық және мәдени контекст аясында қарастырылды. Осы арқылы Ғалым Әріф поэзиясының тек эстетикалық құндылығы ғана емес, оның идеялық және дүниетанымдық бағдарлары да айқындалды.

Әдістемелік негіз ретінде қазіргі мәдениеттану мен әдебиеттануда қолданылатын салыстырмалы-типологиялық және дискурстық талдау тәсілдері алынды. Ақын шығармалары мәдени бірегейлік теориясы тұрғысынан Зия Гөкалптың мәдениет пен өркениет қатынасына байланысты тұжырымдарымен [4] және Энтони Смиттің ұлттық сана мен ортақ тарих концепциясымен сабақтастыра қарастырылды [5]. Бұл тәсіл ақынның поэзиясында мәдени және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың көркем механизмдерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге зерттеу ақынның өмірбаяны мен шығармашылық ортасын ескеріп, оның поэтикалық әлемін қалыптастырған әлеуметтік және тарихи факторларды талдауға бағытталды. Ғалым Әріфтің шығармашылық жолындағы Маңғыстау өңірінің мәдени-рухани әсері, дәстүрлі жыраулық сарын мен қазіргі поэзияның үндестігі контекстуалды әдіс арқылы айқындалды. Өлең мәтіндері поэтикалық құрылым, лексикалық өрнек және символдық бейнелер тұрғысынан терең мазмұндық талдаудан өтті.

Осылайша зерттеу әдістемесі ақынның поэтикасын тұтас жүйе ретінде қарастыруға, оның шығармаларындағы ұлттық рух, түркілік сана және мәдени жад ұғымдарының бір-бірімен байланысын айқындауға бағытталды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ғалым Әріп – қазіргі қазақ поэзиясының ұлттық рух пен түркілік дүниетаным сабақтастығын поэтикалық деңгейде жаңғырта білген тұлға. 1960 жылы Маңғыстау облысы, Шебір ауылында дүниеге келген ақын Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған соң, әдебиет пен журналистика саласында белсенді еңбек етті. «Жалын» баспасында редактор, кейін «Маңғыстау» газетінің бас жазушысы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі ретінде қоғамдық мәдени өмірге елеулі үлес қосты. Ақын әрі жазушы ретінде «Жүрегімнің толқындары», «Асау жүрек», «Дүрия-дүния», «Асылдың сыңығы», «Каспий трагедиясы», «Гармония», «Жұлдыз-ғұмыр», «Рух жанартауы», «Ақын арманы (азабы)», «Төрт толғау», «Томирис», «Қасиетті парыз», «Өмірді өлшеймін мен өз бағаммен», «Алматы газалдары», «Дыбыстар дірілі», «Алтын Орда – Қазақ Елі» сынды кітаптары жарық көріп, «Таңдамалы/Сұрыпталған Есірлер» алты томда басылып шыққан. Әдебиет, журналистика және мәдениет салаларындағы еңбек-тері үшін түрлі сый-ақыларға ие болған. Ғалым Әріп –Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі.

Отбасылық тамыры мен жергілікті мәдени орта жағынан Маңғыстаудың ауыз әдебиеті дәстүрімен байланысы бар Ғалым Әріп – бетке алған аймақтық мәдени естелікті де, жалпы Түрк әлемі ұғымын да өлеңдерінде тоғыстыратын қазіргі қазақ ақындарының тұғырлы өкілдерінің бірі. Маңғыстау өңірінің жыраулық дәстүрімен біте қайнасып өскен ақын ұлттық поэзияны рухани жадымен сабақтастырудың өзіндік моделін қалыптастырды. Оның поэзиясы үш іргелі тірекке сүйенеді: дидактикалық ұстаным, дұғалық-метафизикалық өлшем, және тарихи сана. Оның біріншісі – дидактикалық ұстаным және оған сай келетін сөз сөйлеу мәнері. Ақын оқырманға насихат жасауды қалайтыны сондықтан, қайсар да әсерлі үндеуді де қатар алып келеді. Поэтикасының екінші басты элементі – өлеңнің метафизикалық жағы: дұға.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Құдайдан береке мен қорғауды сұрау –өлеңге әсер еткен дұғалық элемент, қазақ ауыз әдебиетіндегі «бата беру» дәстүрімен жұптаса отырып Әріптің шығармаларында маңызды орын алады. Ескі қазақ дәстүрінде бақсы, жыраулар өлеңдерінің қасиетті, берекелі, шипа беруші сипаты бар екендігіне сенім болса, қазіргі қазақ поэзиясында ол исламдық формада көрінеді. Ақынның шығармаларында дұға мен бата дәстүрі кең орын алады. Қазақ фольклорындағы жыраулар поэзиясының «қасиетті сөз», «емдік-рухани әсер» сипаттары Ғалым Әріф өлеңдерінде исламдық дүниетаныммен үйлесіп, моральдық үндестікке айналады. Бұл дәстүрді ақын Әбіш Кекілбаев шығармашылығындағы рухани поэзиямен сабақтастыра дамытады. Оның жырларында Құдайдан береке тілеу, ізгілік пен тазалыққа үндеу элементтері ұлттық мәдени кодқа айналған. Поэтикасының негізгі үшінші элементі – тарихи сана. Бұл сана тарихи тұлғаларға сілтейтін баяндаушылық сөз мәнерін де бірге алып келеді.

Ақын үшін поэзия – адамды адамгершілікке, рухани тазаруға шақыру құралы. «Сананды биле!» атты өлеңіндегі үздіксіз қайталанатын үндеу – осы көзқарастың поэтикалық формасы. Бұл шақыру ұлттық сананы қалыптастырумен қатар, рухани кемелденуге бағыттайды.

Ғалым Әріптің өмірлік көзқарасы, жеке адамгершілігі дәстүрлі қазақ тәрбие ұғымына сүйеніп қалыптасып, осы құндылықтармен тәрбиеленген адамды қоғамдық жауапкершілігі бар тұлға етуге бағытталған деуге болады. Ақын үшін ұлттық ынтымақтастықтың негізінде адамгершілік тұрғыдан қалыптасқан жеке жетілгендік жатыр. Ақынның «Сананды биле!» деген шақыруы да осы көзқарастың бір жемісі. Оның ойындағы ұлт ұғымы, заманауи ұлтшылдық теоретиктердің ұлттық бірегейлікті анықтауындағы негізгі элементтермен тығыз байланысты, тарихи санасы терең және жүйелі. Ол қазақ пен түркі халықтарының тарихын ортақ рухани кеңістік ретінде пайымдап, Тоныкөк, Күлтегін, Томирис, Бейбарыс сияқты тұлғаларды ұлттық бірегейліктің символдарына айналдырады. Ақын үшін тарих – өткен шақтың көрінісі емес, қазіргі санада тірі өмір сүретін ұжымдық жад. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармашылығы Энтони Смит ұсынған ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ аңыз концепциясымен үндеседі.

Зия Гөкалп мәдениет пен өркениеттің арақатынасын айқындай отырып, ұлттық мәдениеттің ерекше сипатын негіздейді. Осы идея Ғалым Әріп поэзиясында көркем деңгейде бейнеленген. Ақын мәдени және ұлттық бірегейлікті тарихи жад, киелі география және рухани тұлғалар арқылы құрастырады.

«Әулиелер әлдиі» өлеңінде туған өлкесі Маңғыстау «әулиелер мекені» ретінде сипатталып, рухани кеңістіктің көрінісіне айналады. Бұл аймақ ақын үшін географиялық ұғым ғана емес, киелі жадының орталығы. Ақынның Әбіш Кекілбаевқа арналған жыр жолдарында табиғат пен рух, киелі мекен мен тұлғалық даналық бірлікте беріледі:

*Абыз-дала, жөңкілген сағымдана,
Дүрілдейді, дүмпиді дабыл қаға.
Ұлы дала, мөлдір бір арманға өрленеді,
Дабыл үні жаңғырып, дірілдейді. [1, 25]*

Бұл образ арқылы ақын даланы тірі рух, ал Әбішті сол рухтың тасушысы ретінде суреттейді. Дала мен рухтың, тұлға мен жадтың осындай тұтастығы ұлттық мәдениеттің өзіндік коды ретінде танылады, қазақтардың әулие мәдениеті мен табиғат культі арасында байланыс орнатылады. Ежелгі түрк сенімдерінен бастау алатын бұл көзқарас, заманымыздың ақыны арқылы қайта қазақ оқырманына ұсынылып, мәдени бірегейлікті құру мақсатына пайдаланылған.

Ақынның «Түркі дүниесіне тіл қату» атты өлеңі Мағжан Жұмабаев тұлғасы арқылы жалпытүркілік бірлікті дәріптейді. Мұнда «Тұран», «Алты Алаш», «Түркістан» сияқты ұғымдар түркі өркениетінің кеңістігін біріктіретін символдар ретінде қолданылады. Өлеңнің эпикалық тынысы тәуелсіздік идеясы мен ұлт рухының оянуын жеткізеді:

*Тұранның түлеген кең даласы,
Түркінің тікте бойды бел баласы.
Түріміз, діліміз бір, түбіміз бір,
Туарың тік, Түркі дүние – Алты Алаш! [8]*

Мұндағы биік пафос пен тарихи символика түркілік тұтастықты қазіргі рухани кеңістікке әкелудің көркем тәсіліне айналған. Ақын түркі өркениетінің түпқазығы – Түркістан мен Қожа Ахмет Йасауи дәстүрін де жиі еске алады. Түркістан даналығы мен рухани мұрасын Мағжанмен байланыстырып, тарихи сабақтастық идеясын жаңғыртады. Мағжан тұлғасы арқылы ақын рухани тәлім мен түркілік кемелдіктің символын жасайды.

Даланың ұлылануы, түрік ұрпақтарының биікке көтерілуін білдіреді. Мұнда да дала түріктердің ортақ Отаны ретінде ұлттық сананы жаңғыртатын әлеуетке ие деп түсіндіріледі. Тіл мен түп бірлігін баса көрсеткен ақын, тек қазақтар үшін ғана емес, бүкіл Түрік әлемі үшін ортақ құндылықты іздеу үстінде. «Алты Алаш» ұғымының аталуы арқылы да «Туарынды тік ұста еу Түркі дүние» деген қайсар үндеу жасалып, өлеңнің эпикалық мәні күшейтілген, тәуелсіздікке деген ұмтылыс тән.

*Тірлікте біз кешпелік арзан ғұмыр,
Тін тартып тереңдерден арман тұғыр.
Түркістан ұлағатын ұран еткен,
Текті ұлан — тұталық та Мағжан пір! [8]*

«Арзан ғұмыр» тіркесі арқылы ақын мәнсіз, үлкен мұратсыз өткен өмірді меңзейді. Ғалым Әріфтің ойынша, нағыз адам – өз болмысын тереңнен бастау алатын асқақ арманға арнаған тұлға. Үлкен іс тындыру үшін алдымен ұлы мақсат пен рух биігі қажет. Мұнда түркі тарихының терең тамыры мен сол тарихтан нәр алған батыр тұлғалардың рухани сабақтастығы ерекше көрініс табады. Түркістан даналық пен рухтың орталығы ретінде бейнеленіп, өлеңде ұлттық және рухани жадтың түпқазығы ретінде көрінеді. Өлеңде Ахмет Йасауидің есімі тікелей аталмаса да, Түркістан ұғымының өзі оқырманға сол ұлы ұстазды еске түсіреді. Ғалым Әріфтің Маңғыстау мен Әбіш арасындағы рухани байланысты көрсетуі сияқты, мұнда да Түркістан мен Йасауи арасындағы сабақтастық сезіледі. Бұл тұста халық жадында құрметке ие тұлға Мағжан бейнесі ерекше орын алады. Мағжанның ұлттық және рухани құндылықтарға адалдығы ақын үшін түркі дүниесінің моральдық тірегі болып табылады. Сондықтан Ғалым Әріп оны Йасауиден кейінгі рухани пір, ұлт ұстазы деңгейінде бейнелейді. Ақынның поэтикалық концепциясында Йасауидің даналық даусы Мағжан арқылы жаңаша үн алып, дәстүр мен заманды жалғайтын рухани көпірге айналады.

Өлеңнің жалғасында домбыра, Тоныкөк, Күлтегін және Мағжан есімдері қатар аталады:
*Тынымсыз домбырам да бебеулесін,
Тоныкөк, Күлтегіндер жебей берсін!
Түркіге түңілместей рух берген
Тарланым Мағжан сынды елеулі есім. [8]*

Ғ.Әріптің поэзиясында музыкалық образдар да ерекше орын алады. Домбыра үні Тоныкөк пен Күлтегін рухымен астасып, халық жадындағы рухты тірілтетін мәдени кодқа айналады. Ақынның түсінігінде ұлттық рухтың сақталуы мәдени үннің үзілмеуінде. Сол себепті ол рухты «домбыраның бебеуімен» өлшейді. Домбыраның үні мен сарыны қазақ мәдениетінің терең негізінде жатқан рухани символ болып табылады. Домбыраның үздіксіз бебеулеуі – ұлттың рухына, мәдени жалғастығына жан бітіріп тұратын мәңгілік үн іспетті. Ақын осы қасиетті аспап арқылы ұлттық жад пен түркілік рухты тоғыстырады. Домбыра – тек музыкалық аспап емес, ұлттың рухани коды, ұжымдық жадтың дыбыстық бейнесі.

Ақын бұл тұста Тоныкөк пен Күлтегін есімдерін домбырамен байланыстыра отырып, тарих пен мәдениеттің сабақтастығын бейнелейді. Домбыра үніне құлақ түрген әрбір түркі азаматы сол көне дәуірдің ұлы тұлғаларының рухын сезінеді, олардың ерлігі мен даналығы ұлт санасында жаңғырып тұрады. Бұл үн – ортақ тарихи жадының тірі формасы, ұлттың рухани генетикасын сақтаушы күш.

Ақынның түсінігінде домбыраның бебеулі үні – ұлттық рухтың үзілмеген белгісі. Егер домбыра сарыны жалғасса, онда түркі рухы да өмір сүреді деген сенім бар. Сондықтан ол Мағжан Жұмабаев сияқты тұлғаларды сол рухты қайта жаңғыртып, түркілік бірлікті сақтап тұрған рухани діңгек ретінде көрсетеді. Мағжанның есімі мұнда ұлттық рухтың жаңару символы, рухани тәлім мен көркем биіктіктің үлгісі ретінде бейнеленген.

Ғалым Әріптің «Санаңды биле!» / *Sanandı bile!*» атты өлеңі атауынан-ақ ұлттық сана мен рухани сергектікті оятуға бағытталған терең ой шақыру ретінде қабылданады. Өлеңнің құрылымында әр шумақ сайын қайталанып отыратын «Санаңды биле!» жолы лейтмотивтік сипат алып, мәтіннің тұтас идеялық өзегіне айналады. Бұл қайталау – ақынның оқырман санасына үздіксіз ықпал етуді көздеген көркемдік тәсілі. Ақын халықтың дәстүріне берік болуға, ақыл мен парасатты үйлестіре қолдануға үндейді. Ол бос сөз бен әрекетсіздіктен бас тартып, адам санасының сәби кезден бастап дұрыс бағытта қалыптасуы қажет екенін айтады. Ақынның «Балаларымызды бесіктен көтермей тәрбиелейік» деген жолдары ұлттық тәрбиенің іргетасы, ерте жастан қалыптасқан сана екенін меңзейді. Автор сананы ғылыммен, өнермен және еңбекпен жетілдіруді ұсына отырып, халықты рухани жаңғыруға шақырады. Өлеңде жалқаулық, бойкүйездік пен немқұрайдылық сын тезіне алынады, өйткені бұл қасиеттердің түпкі нәтижесі – мәңгүрттік. Ақын былай дейді:

*Ең жаманы бұл пәниде аңғырттық,
Бойкүйездік, жалқаулық пен салғырттық.
Бәрінен де ел, жер жайын ойламай,
Қара басын күйтейтұғын мәңгүрттік!* [1,36]

Мұндағы «мәңгүрттік» ұғымы ақынның дүниетанымында тек тарихи-әлеуметтік құбылыс емес, рухани құлдыраудың көрінісі. Ол ұлттық рухтың әлсіреуін адамның өз тегінен, мәдени тамырынан ажырауымен байланыстырады.

Ғалым Әріптің бұл өлеңі ұлтты оятуға бағытталған моральдық үндеу ғана емес, сонымен қатар рухани-мәдени бірегейлікті сақтау бағдарламасы іспетті. Өлең өн бойында «Тұран», «Түркістан», «Алтай» сияқты кеңістік атаулары жиі қолданылады. Бұл атаулар ақынның барша түркі әлемін қамтитын ортақ рухани тұтастық идеясын айқындайды. Осы арқылы ол түркілік өркениеттің тамыры ортақ екенін және сол ортақ рухтың жойылмауы ұлттың болашағын айқындайтынын көрсетеді. Ақын туған жері Маңғыстауды да «әулиелер мекені» ретінде атайды. Бұл – жер мен рух, кеңістік пен киелілік ұғымдарының өзара сабақтасқанын білдіреді. Өлеңнің соңғы шумақтарында ақын өткен мен бүгінді салыстырып, ұлттық рух пен сананың әлсіреуіне қынжылады:

*Елім деген ерің қайда ежелгі,
Найзалары қас-дұшпанға кезуелі.
Жемқорлықтың жемсауына жұтылған,
Рух өшкен, сана селкеу кез енді.* [1,19]

Бұл жолдар ақынның заманға айтқан өткір сыны ғана емес, ұлттық рухты сақтау жөніндегі көреген ескертуі. Ол Абай дәстүрін жалғастырып, қоғамның рухани дертін сана арқылы емдеу идеясын ұсынады. Ғалым Әріф үшін «сана» ұғымы тек ойлау қабілеті емес, адам мен ұлттың рухани тірегі, өзін тану кілті. Ол «бала тәрбиесін бесіктен бастау», «жалқаулық пен немқұрайдылықтан арылу», «сана мен жүректі біріктіру» идеяларын ұсынады. Бұл ойлар Абай дәстүрінің жалғасы іспетті.

Ғалым Әріф Абайды еске түсірердей өткір қоғамдық сыннан кейін өлеңінде Ұлы ұстаздың атын да тікелей атайды:

*Қайрап өткен заманында Абай да,
Беу, қазағым, тозып кетпе, абайла.
Тілің, ділің, дінің менен дәстүрің,
Санамызға сіңу керек қалайда.*

Бұл жолдарда ақын XIX ғасырда Абай айтқан ескертулердің өзектілігі әлі күнге дейін сақталып отырғанын меңзейді. Ғалым Әріптің ойынша, Абай ескерткен рухани дерттер – жалқаулық, немқұрайдылық, рухани енжарлық – әлі де қоғамда бар, сондықтан ақын осы өлең арқылы Абайдың аманатын бүгінгі күннің рухани талабымен қайта жаңғыртады.

Ақын бұл шумақта ұлттық санаға терең сіңуі тиіс төрт негізгі құндылықты атап көрсетеді, олар: тіл, дін, дәстүр және жүрек. Тіл – ұлттық мәдениеттің іргетасы, халықтың болмысын айқындайтын басты белгі. Дін – рухани құндылықтарды сақтаудың, адам мен қоғам арасындағы үйлесімділіктің негізі. Дәстүр мен салт-жора – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
мәдени-рухани сабақтастықтың көрінісі. Ал жүрек – адамдық және рухани бастаманың түп қазығы. Ақынның ұстанымында жүрек пен сананың үйлесімді бірлігі ерекше мәнге ие. Ақылға ғана сүйеніп, сезім мен рух тереңдігін елемеу ұлттық бірегейлікті толық қалыптастырмайды. Сондықтан Ғалым Әріп үшін «сана» ұғымы – тек ойлау қабілетінің көрінісі емес, сонымен бірге адамдық ізгілік пен рухани кемелдіктің көрсеткіші. Осы өлең арқылы ақын Абай дәстүрін жалғастыра отырып, ұлттық ой мен адамгершіліктің тоғысқан тұсын айқындайды. Оның поэтикасында сана – ақыл мен жүректің тоғысу нүктесі, ұлт рухының тұтқасы ретінде бейнеленеді.

Қорытынды

Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Ғалым Әріп – ұлттық және түркілік рухани кеңістікті жаңғыртқан ақын. Оның поэзиясы екі деңгейлі рухани құрылымға негізделген: бір жағынан, қазақтың ұлттық бірегейлігін, екінші жағынан, түркі дүниесінің рухани тұтастығын қалыптастыруға бағытталған.

Жүргізілген талдау нәтижелері ақын шығармаларында ортақ Отан, ортақ тарих және харизматикалық тұлғалар ұғымдары мәдени және рухани байланыстардың өзегіне айналатынын көрсетті. Ғалым Әріптің туындыларында Отан бейнесі тек географиялық ұғым емес, ұжымдық жадының мекені, ал Маңғыстау, Түркістан, Тұран сияқты топонимдер сол рухани кеңістіктің символдары ретінде қызмет етеді.

Тарихи тұлғалар жүйесі де ақын үшін ұлттық рухты сақтаудың маңызды көркем тәсілі болып табылады: Тоныкөк пен Күлтегін түркілік рухтың бастауы; Абай мен Мағжан – рухани жалғастығы; Әбіш Кекілбаев мәдени жадты жаңғыртушы тұлға ретінде бейнеленеді. Ақын шығармашылығында жиі кездесетін «сана» сөзі – рухани және адамгершілік кемелдік идеясын білдіретін кілттік ұғым. Ғалым Әріптің пайымдауынша, ұлттың болашағы сананың оянуында, ал сана тек ақылдың емес, жүректің де ісі. Осы себепті ақынның поэзиясында ақыл мен сезім, ой мен жүрек, тарих пен рух сабақтастығы көркем тұтастыққа айналған. Өлеңдеріндегі эпикалық серпін, дидактикалық үн және рухани биіктік оның ұлттық болмысқа адалдығы мен түркі дүниесінің бірлігіне сенімінің нәтижесі [6]. Бұл – қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани ізденістердің, ұлттық ойдың және мәдени жадтың көркем айғағы. Ғалым Әріп лирикасы эпикалық серпінмен, азаматтық үнмен және рухани жалынмен өрілген. Оның шығармалары заманауи қазақ поэзиясының мәдени, тарихи және этикалық өлшемдерін тоғыстырады. Ақын ұлттық бірегейлікті тек өткеннің ностальгиялық көрінісі ретінде емес, бүгінгі қоғамның рухани өзегін қалыптастыратын тірі жүйе ретінде ұсынады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Ғалым Әріп поэзиясының мәдени бірегейлік құрудағы көркемдік механизмдерін айқындайды. Ақын шығармашылығында ұлттық рух пен түркілік тұтастық, тарихи сана мен моральдық құндылықтар біртұтас поэтикалық жүйеге айналып, қазіргі қазақ әдебиетінің жаңа идеялық деңгейін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әріп Ғ. Алматы ғазалдары. - Алматы : «Келешек» баспасы, 2017. - 341 б
2. Anderson, Benedict. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. Rev. ed. London: Verso, 2006 [1983].
3. Assmann, Jan. Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination. Cambridge: Cambridge University Press, 2011.
4. Eagleton, Terry. Ideology: An Introduction. London: Verso, 1991.
5. Eliade, Mircea. Kutsal ve Dünyevi. İstanbul: Kabalcı Yayınları, 2003.
6. Gökalp, Ziya. Türkçülüğün Esasları. İstanbul: Yapı Kredi Yayınları, çeşitli baskılar.
7. Smith, Anthony D. The Ethnic Origins of Nations. Oxford: Blackwell, 1986.
8. <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=88769>

References

1. Ärip Ğ. Almaty ğazaldary. - Almaty : «Keleşek» baspasy, 2017. - 341 b
2. Anderson, Benedict. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Nationalism. Rev. ed. London: Verso, 2006 [1983].

3. Assmann, Jan. Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination. Cambridge: Cambridge University Press, 2011.

4. Eagleton, Terry. Ideology: An Introduction. London: Verso, 1991.

5. Eliade, Mircea. Kutsal ve Dünyevi. İstanbul: Kabalcı Yayınları, 2003.

6. Gökalp, Ziya. Türkçülüğün Esasları. İstanbul: Yapı Kredi Yayınları, çeşitli baskılar.

7. Smith, Anthony D. The Ethnic Origins of Nations. Oxford: Blackwell, 1986.

8. <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=88769>

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТЮРКСКОЙ КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В ПОЭЗИИ ГАЛЫМА АРИФА

СӨЙЛЕМЕЗ О.^{1*}, АУБАКИРОВ Н.²

*Сойлемез Орхан¹ - PhD, профессор, Университет Кастамону, г. Кастамону, Турция

E-mail: soylemezo@yahoo.com, <https://orcid.org/0000-0001-8382-3173>

Аубакиров Нурлыбек² - Кандидат филологических наук, профессор, Карагандинский технический университет имени А. Сагинова, г. Караганда, Казахстан

E-mail: n.aubakirov@ktu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0009-7744-9731>

Аннотация. Галым Арип – один из ярких представителей современной казахской поэзии. Поэт родом из Мангистау, он является хранителем исторической памяти и национального духа, обладателем самобытного художественного голоса. В его творчестве отчетливо прослеживаются основные компоненты национальной идентичности. В поэзии автора органично переплетаются названия государств, значимых для тюркской истории (саки, гунны, коктырки); героические образы Культегина, Тоныкока, Томирис, Бейбарса; историко-географические топонимы Мангистау, Арал, Каспий; а также элементы устной поэзии, присущие празднику Наурыз и традициям «бата», «дұға». Все эти мотивы образуют целостную художественную структуру, основанную на поиске и духовной преемственности.

Настоящее исследование направлено на раскрытие поэтики Галыма Арипа, творчество которого представляет богатый материал в аспекте культурной идентичности. Цель работы – доказать, что указанные культурно-исторические элементы не являются случайными, а являются результатом осознанного стремления поэта формировать национальную и тюркскую идентичность. Одной из важных задач исследования также является анализ образной системы, художественных приёмов и форм выражения, использованных поэтом в этом процессе. Сначала рассматриваются биография и творческий путь поэта, выявляется взаимосвязь его личностного мировоззрения и поэтических принципов. Далее анализируются стихи Галыма Арипа на основе теоретических концепций культурной идентичности Зии Гокальпа и Энтони Смита.

Объект исследования – произведения поэта, посвящённые истории тюрков, культуре и проблематике национального бытия. Среди них стихи: «Қазақ қандай халық?/Kazakh qalay halıq?», «Қазақстан – Түркі дүние Отаны!/Qazaqstan Türki dünıye otanı», «Түркі дүниесіне тіл қату/Türki dünıyesinıñe til qatuv», «Сананды биле!/Sanandı bile!», «Рухсана/Ruhsana», «Адамзатты ізгілендіру/Adamzattı izgilendiru», «Қазақ болу.../Qazaq bolu...». Эти произведения подвергаются глубокому анализу, раскрываются их тематическое ядро, образная система и многослойность художественного слова.

Ключевые слова: Галым Арип, современная казахская поэзия, национальная идентичность, тюркский дух, культурная память, историческое сознание.

DEFINING TURKIC CULTURAL IDENTITY IN THE POETRY OF GALYM ARIP

SOYLEMEZ O.^{1*}, AUBAKIROV N.²

*Soylemez Orhan¹ - PhD, professor, Kastamonu University, Kastamonu, Türkiye

E-mail: soylemezo@yahoo.com, <https://orcid.org/0000-0001-8382-3173>

Aubakirov Nurlybek² - Candidate of philological sciences, professor, A. Saginov Karaganda Technical University, Karaganda, Kazakhstan

E-mail: n.aubakirov@ktu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0009-7744-9731>

Abstract. Galym Arip is one of the prominent representatives of contemporary Kazakh poetry. Originating from the Mangystau region, he is a guardian of historical memory and national spirit, possessing a distinctive poetic voice. His works clearly reflect the key components of national identity. In his poetry, the names of states significant to Turkic

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences history (Saka, Hun, Kokturk), heroic figures such as Kültegin, Tonykok, Tomiris, and Beibarys, historical-geographical landmarks like Mangystau, Aral, and the Caspian Sea, as well as elements of oral tradition related to the Nauryz celebration and «bata», «duga» rituals, interweave harmoniously, forming a unified and aesthetically coherent poetic structure.

This study aims to reveal the poetics of Galym Arip, whose works provide rich material for understanding cultural identity. The purpose is to demonstrate that these cultural-historical elements are not accidental, but rather the result of the poet's deliberate intention to shape national and Turkic identity. Another essential task of the research is to analyze the imagery, artistic techniques, and expressive forms employed by the poet in this process.

The article first examines the poet's biography and creative path, identifying the connection between his personal worldview and poetic principles. The analysis of Galym Arip's works is conducted in light of the theoretical concepts of cultural identity developed by Ziya Gökalp and Anthony Smith.

The object of research consists of the poet's works dedicated to Turkic history, culture, and the problematics of national being. These include the poems «Қазақ қандай халық?/Kazakh qalay halıq?», «Қазақстан – Түркі дүние Отаны!/Qazaqstan Türki dünıye otanı», «Түркі дүниесіне тіл қату/Türki dünıyesinñe til qatuv», «Сананды биле!/Sanandı bile!», «Рухсана/Ruhsana», «Адамзатты ізгілендіру/Adamzattı izgilendiru», and «Қазақ болу.../Qazaq bolu...». A thorough analysis is conducted to uncover their thematic core, imagery system, and the multilayered meanings of the poetic language.

Key words: Galym Arip, contemporary Kazakh poetry, national identity, Turkic spirit, cultural memory, historical consciousness.

ҚАЙЫР БЕКТҰРҒАНОВТЫҢ «БІР ҒАСЫР ҚҰПИЯСЫ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

МУТИЕВ З.Ж. , КУЛЬБАЕВА А.А. * 

Мутиев Зинулла Жаксылыкович – Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4121-4171>

*Кульбаева Айнура Акбулатовна – 2-курс магистранты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

E-mail: ainkullbaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-7187-9477>

Аңдатпа. Мақалада Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» атты шығармасы қазіргі қазақ прозасының көркемдік-эстетикалық кеңістігінде тарихи жады мен адам санасы арасындағы байланыс феноменін бейнелеген туынды ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – шығарма құрылымындағы тарихи және экзистенциалдық уақыттың арақатынасын, архетиптік бейнелер мен символдық детальдардың мағыналық жүктемесін, автордың неомодернистік және постреалистік ойлау жүйесінің ерекшеліктерін айқындау. Әңгіме шағын көлеміне қарамастан, мазмұндық және идеялық тұрғыдан күрделі, көпқабатты поэтикалық құрылымға ие. Онда адамның ішкі әлемі мен тарихи кеңістіктің бірлігі психологиялық рефлексия және философиялық интерпретация тәсілдері арқылы ашылады.

Шығармадағы Махамбет бейнесі тарихи тұлға ғана емес, ұлттық рух пен еркіндіктің символы ретінде көрінеді. Жазушы жеке адамның рухани ізденісін ұжымдық жад деңгейіне көтеріп, уақыт пен сана арасындағы диалектикалық байланысты көрсетеді. Зерттеу барысында көркемдік, салыстырмалы, мифопоэтикалық және контекстуалдық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Бұл тәсілдер арқылы автордың тілдік-стильдік ерекшелігі, символдық жүйесі мен эстетикалық көзқарасы анықталды.

«Бір ғасыр құпиясы» әңгімесінің көркемдік табиғаты уақыт пен кеңістікті философиялық категория ретінде қарастырумен, адам санасындағы тарихи жара мен ұжымдық естің бейнеленуімен ерекшеленеді. Әңгімедегі шаң, жарық, үнсіздік, жол, терезе сияқты көркем детальдар мәтіннің астарлы мағына жүйесін түзіп, оқырманды рефлексия мен танымдық ізденіске итермелейді.

Зерттеу нәтижесінде Қайыр Бектұрғановтың прозасы қазіргі қазақ әдебиетінде когнитивтік және символдық бағыттағы жаңа эстетикалық парадигманы қалыптастырып отырғаны дәлелденді. «Бір ғасыр құпиясы» — тарихи-психологиялық мазмұны терең, ұлттық жад пен рухани сабақтастық идеясын көркемдік деңгейде жаңаша пайымдаған туынды.

Түйін сөздер: Қайыр Бектұрғанов, бір ғасыр құпиясы, неомодернизм, постклассикалық проза, психологиялық нарратив, фрагментарлық баяндау, сана поэтикасы, қазақ әдебиетінің жаңа бағыты.

Кіріспе.

Қазақ прозасының көркемдік-эстетикалық эволюциясында тарихи уақыт пен адам психологиясы арасындағы эстетикалық байланысты тереңдетуге бағытталған шығармалар легі ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр басында айқын бой көрсетті. Осы кезең әдебиетінде өткеннің құпиясын қазіргі сана сүзгісінен қайта пайымдау, тарихи жадыны көркем рефлексия арқылы жаңғырту, адам тағдыры мен этностық хронотоптың арақатынасын жаңа деңгейде суреттеу өзекті сипат алды. Сол бағыттағы көркемдік ізденістердің бірегей үлгілерінің қатарында Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» атты әңгімесі тұрады. Шағын көлемді бола тұра, шығармада уақыттың сығымдалу феномені, тарихи-мәдени кодтардың астарлы көрінісі, ес пен елес, оқиға мен интерпретация арасындағы күрделі байланыс суреттеледі.

Қайыр Бектұрғанов – өзі өмір сүрген дәуірдің ішкі дағдарыстарын, адам болмысының рухани жараларын көркемдік-символдық деңгейге көтере алған қаламгер. Оның прозасында тарихи-психологиялық ізденіс, заттық-метафизикалық детальдардың семиотикалық қабаттары, архетиптік сана формалары жиі тоғысады. Бұл ретте жазушының көркемдік ұстанымы посткеңестік кеңістіктегі тарихи жады дағдарысына жауап ретінде пайда болған жаңа әдеби парадигмамен үндес.

Шағын формадағы туындыны талдаудың өзектілігі әлемдік әдебиеттануда да жоғары.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Мәселен, Эдгар Аллан По әңгімені «бір отырыста толық қабылданатын, тұтас эстетикалық
эсерге негізделген жанр» деп бағалаған болса, Хорхе Луис Борхес қысқа мәтіннің «мағынаны
астарлау арқылы кеңістік пен уақытты қайта модельдеуге қабілетті» екенін пайымдайды [1].
Қазақ әдебиетіндегі осы поэтикалық ықшамдық пен мағыналық тереңдік феномені бүгінгі
әдебиеттануда әлі де арнайы пайымдауды қажет етеді.

«Бір ғасыр құпиясы» – бір қарағанда, қарапайым оқиғаға құрылғандай көрінгенімен,
оның ішкі құрылымы тарихи және онтологиялық уақытты қиылыстыра отырып, оқырман
санасын рефлексияға итермелейді. Әңгімеде жеке адамның бастан кешкен тәжірибесі бір
ғана биографиялық шеңберден шығып, ұжымдық жад кеңістігіне қосылады. Осы арқылы
жазушы «адам – уақыт – қоғам» ұштағанын символдық деңгейде тоғыстырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу нысаны ретінде Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» атты әңгімесі
алынды. Әңгіме құрылымы, кейіпкер психологиясы, баяндау формасы мен көркемдік
детальдары жан-жақты талданды. Неомодернизм мен постреализм бағытындағы әлемдік
әдебиет өкілдері — Эдгар По, Франц Кафка, Габриэль Гарсиа Маркес, Марсель Пруст
шығармаларымен салыстырмалы талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында салыстырмалы-типологиялық, мифопоэтикалық, когнитивтік, және
герменевтикалық әдістер қолданылды. Бұл әдістер мәтіндегі архетиптік бейнелердің мәнін
ашуға, символдық детальдардың мазмұндық қызметін анықтауға және автордың эстетикалық
көзқарасын когнитивтік тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеудің өзектілігі – шығарманың көлемдік шағындығына қарамастан, оның
көпқабатты құрылымын, мағыналық астарын, ұлттық және әлемдік әдеби процеспен
байланысын кешенді түрде талдаудың ғылыми қажеттілігінде. Қазіргі қазақ прозасындағы
метафизикалық, интертекстуалдық және архетиптік негіздерді жүйелі зерттеу – қазақ
әдебиеттануы үшін жаңа бағыттардың бірі.

Мақаланы жазу барысында Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» шығармасын
көркемдік және идеялық тұрғыдан терең зерделеуге бағытталған кешенді әдістер
қолданылды. Зерттеу үдерісі мәтін табиғатын ашуға, авторлық дүниетаным мен ұлттық
рухани құндылықтарды тануға бағытталды. Көркемдік талдау әдісі негізінде шығармадағы
басты тұлға - қария бейнесі арқылы уақыт пен кеңістік, ұрпақтар сабақтастығы, тарихи жад
ұғымдары қарастырылды. Жазушының баяндау жүйесі мен кейіпкерлер психологиясын
талдауда психологиялық және құрылымдық тәсілдер үйлесім тапты. Бұл тұрғыда әке мен
бала арасындағы диалог тек тұрмыстық деңгейде емес, рухани-танымдық кеңістіктегі сенім
мен күмәннің, ақиқат пен жалғанның қақтығысы ретінде зерделенді.

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы автордың прозалық ерекшелігі қазақ әдебиетіндегі
тарихи-рухани бағыттағы шығармалармен үндестірілді. Әсіресе Қайыр Бектұрғановтың
көркемдік әлемі Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев және Төлен Әбдік туындыларындағы
ұлттық рух пен тарихи таным мәселелерімен салыстырыла қарастырылды. Бұл бағыт
жазушының өзіндік қолтаңбасын, баяндау мәнерін және поэтикалық ойлау жүйесін
айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысындағы тағы бір маңызды бағыт - мифопоэтикалық және
интертекстуалдық талдау тәсілдері болды. Шығармада Махамбет бейнесінің символдық
деңгейде берілуі, оның рухани тұлға ретінде көрінуі, ұлттық жадтағы киелі ұғымдармен
сабақтасуы мифтік астар тұрғысынан сараланды. Мәтін ішіндегі Махамбет жырына, халық
аңыздарына, тарихи деректерге жасалған сілтемелер интертекстуалдық байланыс жүйесін
қалыптастырып, шығарма мазмұнын мәдени-өркениеттік кеңістікке енгізді.

Сонымен қатар контекстуалдық талдау арқылы автордың тілдік-стильдік ерекшелігі,
баяндау формасы мен көркемдік құрылымы айқындалды. Қайыр Бектұрғанов
шығармашылығының басты ерекшелігі - деректілік пен руханилықты, тарих пен адам
тағдырын бір арнаға тоғыстыра білуінде. Міне, осы бағыттарда жүргізілген талдау әдістері
«Бір ғасыр құпиясы» әңгімесінің идеялық-көркемдік болмысын, ұлттық прозадағы
эстетикалық және философиялық мәнін терең ашуға мүмкіндік берді.

Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» шығармасын талдау нәтижесінде жазушының прозалық әлемі мен ұлттық идеяға негізделген көркемдік тұтастығы айқындалды. Өңгіменің құрылымдық-композициялық жүйесі дәстүрлі баяндау үлгісінен өзгеше, ол философиялық тереңдікке, рухани толғанысқа құрылған. Шығарманың өзегінде уақыт пен кеңістік шекарасын біріктіретін символикалық сипаттағы идеялар тоғысқан. Бұл тұрғыда автор кейіпкер санасындағы рухани ізденіс пен өткеннің ізіне үңілу арқылы адам мен тарих арасындағы байланысты жаңаша пайымдайды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Бектұрғанов шығармашылығында неомодернистік ойлау жүйесінің элементтері бар екенін көрсетті. Ол көркем шындықты дәстүрлі реализм аясынан шығарып, ішкі монолог, философиялық рефлексия, психологиялық талдау тәсілдері арқылы ұсынады. Шығармадағы кейіпкерлердің ой-толғаныстары, символикалық детальдар мен метафоралық тіл арқылы жасалған бейнелер жазушының заманауи көркемдік жүйесін қалыптастырғанын дәлелдейді.

Өңгімеде Махамбет бейнесі тек тарихи тұлға емес, рухтың, еркіндік пен намыстың символы ретінде беріледі. Бұл образ ұлттық жадты жаңғырту, өткен мен бүгін арасындағы рухани сабақтастықты көрсету міндетін атқарады. Автор дәуір мен тұлға тағдырын қатар өрбітіп, тарихи уақыт пен адам санасындағы ізгілік ұғымын көркем тұтастықта бейнелейді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері жазушының психологиялық прозаны меңгергенін айғақтайды. Қария мен жас ұрпақ арасындағы диалог сырттай қарағанда шағын эпизод қана болғанымен, тереңінде үлкен философиялық мән жатыр. Ол - ұлт жадындағы рухани жауапкершілік, ұмытылған тарих пен жоғалған құндылықтар жайлы ой.

Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» шығармасы – қазақ прозасында тарихи-рухани тақырыпты жаңа көркемдік деңгейде бейнелеген туынды. Зерттеу барысында оның идеялық мазмұны мен көркемдік құрылымы, сондай-ақ автордың шығармашылық ұстанымы айқындалып, қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағыттарымен сабақтастығы дәлелденді.

Қайыр Бектұрғанов – қазақ прозасында кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарының рухани-әлеуметтік ахуалын өзіндік көркемдік жүйе арқылы бейнелеген жазушылардың бірі. Оның шығармаларында оқиға тек баяндалмайды, ол – «мәннің ізделуі» бағытындағы ішкі қозғалыс, яғни адам жанының терең қабаттарына үңілу. Жазушының туындыларына тән басты сипат – психологиялық реминисценция, тарихи уақытқа рефлексия жасау, көркем детальдың семиотикалық қызметін күшейту.

Бектұрғанов прозасы реалистік баяндау әдісін сақтай отырып, символдық астарлар мен метафизикалық ой кеңістігін қатар тоғыстырады. Оның кейіпкерлері көбіне ішкі дағдарысқа кезіккен, өткеннің құны мен бүгінгі күннің мағынасын салыстыра алатын, ойлау кеңістігі бар тұлғалар. Сол арқылы жазушы кейіпкердің тағдырын жеке психология деңгейінде емес, мәдени-өркениеттік координаттар аясында көрсетеді.

Жазушының тілдік стиліне тән ерекшелік – қысқа сөйлем, қою мағыналық жүктеме, детальдардың символдық ерекшелігі. Бұл тәсіл әлем әдебиетіндегі Эрнест Хемингуэйдің «айсберг теориясымен» үндес келеді: мәтінде айтылғаннан гөрі айтылмаған тұстары көп, мағына астар күйінде түзіледі [2]. Сондықтан Бектұрғановтың шығармаларын «оқып шығу» жеткіліксіз, оны «оқи отырып интерпретациялау» қажет.

Қазақ әдебиетінде «қысқа жанрдағы терең мазмұн» дәстүрі ертеден бар: Бейімбет Майлиннің әңгімелері, Мұхтар Әуезовтің новеллалары, кейінгі кезеңде Төлен Әбдік пен Асқар Сүлейменов прозалары осы желіні жалғайды. Бектұрғанов сол дәстүрді жалғастыра отырып, оны жаңа философиялық категориялармен кеңейтеді: уақыттық ауысу, есте сақтау метафорасы, ұжымдық жара, тарихи жад феномені – жазушының шығармашылық жүйесінде тұрақты көрініс табады. Зерттеушілер жазушының тілін «мәдени кодтарды қайта тірілтуші көркем механизм» деп бағалайды. Өйткені ол үшін әдебиет – тек оқиға баяндау емес, шындықты санада қайта құрастыру, яғни «жаттанды тарихты емес, сезілетін тарихты суреттеу» [3], [4], [5].

Жазушының шығармалары формалық тұрғыдан шағын көрінгенімен, идеялық тұрғыдан көпқабатты. Бұл ерекшелік қазіргі әдебиеттануда «микромәтіндегі макроидея»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
 Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
 тәсілі деп аталады. Осы тәсіл «Бір ғасыр құпиясы» әңгімесінде де айқын көрінеді — бір
 сәттік көрініс тұтас ғасырлық үдерістің коды ретінде ашылады.

«Бір ғасыр құпиясы» – атауынан бастап мағыналық көпқабаттылыққа құрылған
 шығарма. Жазушы оқиғаны сығымдап беріп, әңгіменің шынайы тақырыбын мәтіннің
 астарындағы таңбалар жүйесі арқылы ашады. Шағын прозалық формаға уақыттың тұтас бір
 кезеңін сыйғызу – авторлық поэтикадағы басты көркемдік әдіс.

Әңгімеде уақыт тек хронологиялық өлшем ретінде ғана емес, ақпарат тасушы, адам
 жадын сынаққа салушы, тарихи куәгер ретінде көрінеді. «Ғасыр» сөзі – биологиялық
 уақытқа сыймайтын, бірақ мәдени-рухани кеңістікті қамтитын ұғым. Оқиға желісі
 оқырманды бір сәтте екі түрлі уақыт шегіне енгізеді:

- көрінетін уақыт (сюжеттік қабат)
- көрінбейтін уақыт (мәдени-архетиптік қабат)

Бұл тәсіл әлем әдебиетінде Маркес, Борхес, Кафка, Пруст прозасында кездесетін
 «уақыттық көпқабаттану» әдісімен үндес [6], [7]. Бектұрғанов ең алдымен адамның ішкі
 уақытын суреттейді. Кейіпкер әлдебір сәтке тоқтайды, бірақ сол микросәттің ішінде
 ғасырлар бойғы мағыналық жүк қозғалысқа түседі.

Әңгімедегі негізгі идея – тарихи жараның ұмытылмайтындығы. Уақыт алға
 жылжығанмен, оқиға адамдар санасында, ұжымдық ес жадында «жабылмаған қабат» күйінде
 қалады. Тарихи шындық «хабарланған факт» емес, «сезілетін із» ретінде беріледі. Жазушы
 үшін шындықтың өзі «айтылған күйінде емес, адам бойында өмір сүретін күйінде» маңызды.

Әңгіменің көркемдік құрылымындағы тағы бір өзек – сыртқы және ішкі әлем диалогы.
 Кейіпкер айналасындағы физикалық шындыққа көз тастай отырып, санасында «ішкі
 хронотопты» іске қосады. Осылайша кеңістік тек географиялық емес, психологиялық-
 семантикалық сипат алады. Кеңістік – уақыттың көрінетін формасы, ал уақыт – кеңістіктің
 сезілетін формасы.

Психологиялық баяндау әдісі арқылы автор оқырманға дайын жауап емес, сұрақтан
 тұратын шындық ұсынылады. Бұл – постклассикалық әдебиетке тән тәсіл. Оқырман мәтіннің
 соңы не екенін білмей қалмайды, керісінше не істей алмайды: оған мәтінді өзі аяқтау міндеті
 жүктеледі. Осы ерекшелігімен әңгіме «ашық финал» заңдылығын сақтайды.

Символдардың рөлі ерекше: қарапайым заттар (сағат, терезе, үнсіздік, шаң, жарық) –
 реалистік деталь ғана емес, мәдени жадының тірі тетіктері. Мәселен, шаң – өткірші
 уақыттың көрінісі ғана емес, ұмытылған тарихтың метафорасы; жарық – таным әрекетінің,
 заттың мәнін ашу процесінің символы.

Жазушы идеяны жалаң дискурспен емес, көркем бейне арқылы жеткізеді. Сол себепті
 әңгіменің көркемдік қуаты ақпараттық емес, эстетикалық деңгейде әсер етеді.

«Бір ғасыр құпиясы» әңгімесінің ішкі құрылымында уақыт (chronos) пен кеңістік
 (topos) категориялары тек фондық қызмет атқармайды, олар – авторлық идеяны ашатын
 негізгі көркемдік тетік. Бахтиннің хронотоп теориясы бойынша, көркем шығармада уақыт
 пен кеңістік бірігіп барып оқиғалық әлемді тудырады, яғни адам болмысы «қашан?» және
 «қайда?» деген екі сұрақтан бөлінбей тұрады [2, 84]. Бектұрғанов прозасында да осы
 заңдылық айқын.

1. Уақыттың екі қабаты: тарихи және экзистенциалдық. Әңгіменің уақыты – сағатпен
 өлшенетін сәттік көрініс емес. Ол - бір мезет ішінде ғасырлық салмақты жинақтайтын
 психологиялық уақыт. Автор уақытты үш өлшеммен береді (1-кесте).

Кесте 1. Көркем шығармадағы уақыт түрлерінің жіктелуі.

Уақыт түрі	Мазмұны	Мәтіндегі көрінісі
Тарихи уақыт	Ұлт басынан өткен кезең, ұжымдық жады	«Ғасыр» сөзінің концепті, өткеннің ауыр ізі
Экзистенциалды уақыт	Кейіпкердің ішкі сезіну кеңістігі	Үнсіздік, тосын ес, белгісіздік
Метауақыт	Реалды уақыттан тыс жататын рухани-мәдени қабат	Символдар, архетиптер, естелік пен елес

Бұл көпқабатты уақыт тәсілі А. Камю, К. Г. Юнг, М. Пруст, Х. Борхес шығармаларындағы «адам санасындағы созылмалы уақыт» үлгісімен үндес [7, 139].

Әңгімедегі кеңістік шынайы мекен ретінде емес, жад пен ой толғаныстың ішкі картасы ретінде ұсынылады. Физикалық кеңістік минималды - бірақ оның орнына когнитивтік кеңістік үстем. Мұндай тәсіл постреалистік прозада «ментальды кеңістік» деп аталады.

Кеңістік категориясы ұлттық архетиптерді де тірілтеді:

- Терезе - сыртқы әлем мен ішкі әлем арасындағы шекара
- Жол - тағдыр бағыты, таңдау
- Үнсіздік - айтылмаған тарихтың коды
- Жарық - ақиқатқа жақындау

Бұл жүйе қазақ әдебиетіндегі символдық кеңістік дәстүрін жалғайды: «Абай жолындағы» табиғат хронотопы, Төлен Әбдіктің «Оң қолындағы» психологиялық кеңістік, Оралхан Бөкейдегі шекаралық кеңістік.

Кесте 2. Әлемдік және ұлттық прозадағы кеңістік-уақыт.

Автор	Шығарма	Ұқсас
Франц Кафка	«Үңгір», «Процесс»	Адам мен жасырын жүйе арасындағы түсіндірілмейтін уақыт
Хорхе Луис Борхес	«Алеф»	Бір нүктеге сыйған шексіз кеңістік
Маркес	«Жүз жылдық жалғыздық»	Ұжымдық жад және уақыттың айналмалы табиғаты
Төлен Әбдік	«Парасат майданы»	Тарихи жараның санада лазерше қалуы
Асқар Сүлейменов	«Бір жүрек»	Философиялық-фрагменттік прозаның ұлттық формасы

Осылайша Бектұрғанов әңгімесі — тек қазақ прозасының ішкі құбылысы емес, жаһандық метаәдебиеттің де бір буыны.

Қайыр Бектұрғанов шығармашылығында композиция — жай ғана оқиға реттілігі емес, идеяны көркемдік деңгейде ашатын семиотикалық құрылым. «Бір ғасыр құпиясы» әңгімесінде композиция минималистік формада жасалғанымен, оның ішіндегі мағыналық жүктеме өте жоғары. Шығарма көлемі қысқа болған сайын, көркемдік элементтердің қызметі күшейе түседі — бұл қысқа прозаның заңдылығы.

1. Композициялық құрылым

Шығармада классикалық экспозиция – байланыс – шиеленіс – шарықтау – шешім схемасы толық қолданылмайды.

Кесте 3. Композициялық схема: Классикалық және Бектұрғанов үлгісі.

Классикалық схема	Бектұрғанов әңгімесіндегі баламасы
Экспозиция	Дайын күйдегі жағдай, «оқиғаға дейінгі үнсіздік»
Байланыс	Адамның ішкі еске түсіру механизмі іске қосылады
Шиеленіс	Уақыт пен жадтың қақтығысы
Шарықтау	Түйсік арқылы келетін «ақиқат нүктесі»
Шешім	Ашық финал, сұрақ күйіндегі аяқталу

Мұндай құрылым модерндік емес, постмодерндік эстетикаға жақын: шешім дайын емес, оқырман өзі аяқтауы тиіс.

2. Архетиптік бейнелер

Юнг теориясы бойынша, архетип — адамзат санасының терең қабатында сақталған әмбебап рухани модель. Өңгімеде бірнеше архетип анық көрінеді.

Кесте 4. Архетиптердің көркемдік көрінісі және олардың мәні.

Архетип	Көркем көрінісі	Мағынасы
Жол	қозғалыс, уақытқа ену	Тағдыр, таңдау, іздеу
Жарық	ішкі ояну сәті	Ақиқат, таным,
Терезе	ішкі және сыртқы әлем шекарасы	Екі әлемнің түйісуі
Үнсіздік	жоғалған дауыстың орны	Тарихи жара, ұмытылған шындық
Шаң	уақыттың тұнбасы	Ұлттық жадқа түскен белгі

Бұл символдар кездейсоқ емес — олар қазақтың дәстүрлі дүниетанымынан да, әлемдік мәдени кодтардан да тамыр тартады. Автор осы архетиптер арқылы жеке адамның тағдырын ұлттық-өркеніеттік контекстке көтереді.

3. Психологиялық тереңдік және «ішкі монолог» тәсілі. Өңгімеде оқиға диалогпен емес, сана толқынымен беріледі. Ішкі монолог – постреалистік прозадағы негізгі тәсілдердің бірі. Бұл - адамның ішкі уақытын сөйлеу арқылы емес, сезім арқылы көрсету технологиясы. Бектұрғановтың кейіпкері көп сөйлемейді - бірақ көп тебіренеді. Тіл сыртқы экспрессия емес, ішкі дірілдің суық ізіне айналады. Осы арқылы автор: «Тарих – баяндалатын нәрсе емес, бастан кешілетін нәрсе» деген идеяны алға шығарады.

4. Ашық финалдың қызметі. Өңгіме аяқталмайды, аяқталуға мүмкіндік беріледі. Бұл тәсілдің өзі - көркемдік ойды оқырманға сеніп тапсыру. Мұндай финалды зерттеушілер «катарсистік емес, катарсиске итермелейтін финал» деп атайды. Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» әңгімесі тек оқиғалық (вербалды) мәтіннен ғана тұрмайды. Онда бейвербалды мәтін – яғни сөйлемге айналмаған, бірақ мағына беріп тұрған психологиялық, символдық, интонациялық қабаттар бар. Бұл тәсіл когнитивтік поэтика деп аталады: көркем мәтін – адамның ойлау құрылымын модельдейтін символдық жүйе.

Зерттеу нәтижесінде Қайыр Бектұрғанов прозасының көркемдік жүйесі жаңа неомодернистік сипатқа ие екендігі анықталды. «Бір ғасыр құпиясы» әңгімесінде тарихи жад пен жеке сананың тоғысуы, уақыт пен кеңістіктің философиялық бірлігі көркемдік тұрғыда жүзеге асырылған. Махамбет бейнесі ұлттық рух пен еркіндіктің символы ретінде жаңаша сипатта берілген. Шығарма құрылымында интертекстуалдық байланыстар, ішкі монолог, психологиялық рефлексия, символдық уақыт пен кеңістік категориялары басым.

Сондай-ақ автордың баяндау тәсілінде реалистік баяндаудан постреалистік көпқабатты баяндауға көшу үрдісі байқалады. Бұл Бектұрғанов шығармаларының қазіргі қазақ прозасындағы неомодернистік бағытқа тән белгілерге ие екенін дәлелдейді.

Зерттеу көрсеткендей, Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» шығармасы тарихи-философиялық прозаның жаңа сапалық деңгейін айқындайды. Автор уақыт пен кеңістікті тек фондық элемент ретінде емес, кейіпкердің ішкі жан әлемін ашатын символдық құрал ретінде пайдаланады. Махамбет тұлғасы арқылы тарихи жадының үзілмеуі мен ұлттың рухани тұтастығы идеясы көрініс тапқан.

Шығармадағы шаң, үнсіздік, терезе, жарық сынды детальдар когнитивтік символдар ретінде кейіпкердің рухани халін, тарихи жарасын және ұжымдық санамен байланысын білдіреді. Бұл тәсілдер арқылы Бектұрғанов қазақ прозасында жаңа эстетикалық бағыт қалыптастырып, неомодернистік ойлаудың ұлттық көрінісін жасайды.

Әңгіме құрылымының тұтастығы мен философиялық астары оқырманды тарихи жадқа үңілуге, өткен мен бүгіннің арасындағы рухани сабақтастықты сезінуге жетелейді. Осылайша, «Бір ғасыр құпиясы» қазіргі қазақ әдебиетінде постреалистік және неомодернистік көркемдік парадигманың орнығуына ықпал еткен маңызды туынды болып табылады.

Қорытынды

Қайыр Бектұрғановтың «Бір ғасыр құпиясы» әңгімесі – қазақ прозасындағы тарихи жады, ұжымдық сананың үзілген тұстары, уақыт пен адам психологиясы арасындағы байланыс мәселелерін көркем-эстетикалық деңгейде көтерген шығарма. Автор шынайы оқиғалық материалға сүйене отырып, фактіні емес, сол фактінің адам санасындағы ізі мен мағыналық жалғасын бейнелейді. Осы арқылы мәтін тарихи оқиғаларды суреттеуді емес, тарихтың адам санасында қалай өмір сүретінін зерттеуге бағытталған көркемдік тәжірибеге айналады.

Әңгіме композициялық жағынан шағын болғанымен, семантикалық тұрғыдан көпқабатты құрылымға ие. Мұнда реалистік баяндау мен психологиялық-интеллектуалдық тереңдік ұштасып, оқырманды оқиға емес, мағына туралы ойлануға итермелейді. Символдық детальдердің (шаң, үнсіздік, уақыт үзігі, жарық пен көлеңке) көпқабатты қызметі мәтінді когнитивтік интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Бектұрғанов прозасының басты ерекшелігі – тарихты сыртқы хроника ретінде емес, ішкі адамдық сезім, сана, жад кеңістігі ретінде бейнелеуінде. Бұл тұрғыдан алғанда, жазушының шығармасы XX ғасыр әдебиетіндегі тарихи-философиялық проза үрдістерімен үндеседі және постреализм белгілерін қамтиды.

«Бір ғасыр құпиясы» – мазмұны шағын, бірақ мағыналық салмағы зор туынды. Ол ұлттық әдебиетте тарихты көркем зерделеудің жаңа моделі ретінде бағалануға лайық және қазіргі қазақ прозасының когнитивтік, символдық, психологиялық деңгейдегі ізденістерін айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Poe E. A. The Philosophy of Composition. – Graham's Magazine, 1846.
2. Hemingway E. Death in the Afternoon. – New York: Scribner, 1932. – 358 p.
3. Кекілбаев Ә. Шыңырау. – Алматы: Өлке, 2000. – 220 б.
4. Әбдік Т. Парасат майданы. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 128 б.
5. Márquez G. G. One Hundred Years of Solitude. – New York: Harper & Row, 1970. – 417 p.
6. Kafka F. The Metamorphosis and Other Stories. – London: Penguin Classics, 2007. – 224 p.
7. Proust M. À la recherche du temps perdu (In Search of Lost Time). – Paris: Gallimard, 1913–1927

References

1. Poe E. A. The Philosophy of Composition. – Graham's Magazine, 1846.
2. Hemingway, E. Death in the Afternoon. – New York: Scribner, 1932. – 358 p.
3. Kekilbaev A. Shyngyrau. – Almaty: Olke, 2000. – 220 b.
4. Abdik T. Parasat maidan. – Almaty: Qazyghurt, 2003. – 128 b.
5. Márquez G. G. One Hundred Years of Solitude. – New York: Harper & Row, 1970. – 417 p.
6. Kafka F. The Metamorphosis and Other Stories. – London: Penguin Classics, 2007. – 224 p.
7. Proust M. À la recherche du temps perdu (In Search of Lost Time). – Paris: Gallimard, 1913–1927

THE ARTISTIC FEATURES OF THE CATEGORIES OF TIME AND SPACE IN QAYYR BEKTURGANOV'S STORY «THE SECRET OF A CENTURY»

MUTIYEV Z.ZH. , KULBAEVA A.A. 

Mutiyev Zinulla Zhaksylykovich – Candidate of philological sciences, docent, M. Utemisov West Kazakhstan university, Uralsk, Kazakhstan

E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4121-4171>

***Kulbaeva Ainur Akbulatovna** – 2nd year Master's student, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan

E-mail: ainkullbaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-7187-9477>

Abstract. The article examines Kair Bekturganov's short story «The Secret of a Century» as a work that artistically reflects the phenomenon of the relationship between historical memory and human consciousness in the aesthetic evolution of modern Kazakh prose. The purpose of the research is to identify the interaction of historical and existential time within the structure of the story, to analyze the semantic function of archetypal images and symbolic details, and to define the features of the writer's neo-modernist and post-realist worldview. Despite its concise form, the story possesses a complex, multilayered poetic structure combining philosophical depth and psychological reflection. Through the use of inner monologue, symbolic narrative, and intellectual introspection, Bekturganov reveals the unity of the individual's inner world and historical space.

The image of Makhambet in the story functions not only as a historical figure but also as a symbol of national spirit and freedom. The writer elevates personal spiritual experience to the level of collective memory, demonstrating the dialectical link between time and consciousness. The study applies artistic, comparative, mythopoetic, and contextual analysis methods to reveal the author's stylistic, linguistic, and aesthetic characteristics.

The artistic nature of «The Secret of a Century» is distinguished by its philosophical treatment of time and space as interconnected categories and its depiction of collective trauma and historical consciousness. Symbols such as dust, light, silence, road, and window form a multilayered semantic system that encourages readers toward reflection and self-analysis.

The findings show that Bekturganov's prose contributes to the development of a new aesthetic paradigm in contemporary Kazakh literature — one grounded in cognitive, symbolic, and philosophical dimensions. «The Secret of a Century» stands as a work that redefines the understanding of national memory and spiritual continuity through artistic expression.

Key words: Qayyr Bekturganov, the secret of a century, neomodernism, postclassical prose, psychological narrative, fragmentary narration, poetics of consciousness, new direction of Kazakh literature.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАТЕГОРИЙ ВРЕМЕНИ И ПРОСТРАНСТВА В РАССКАЗЕ КАЙЫРА БЕКТУРГАНОВА «ТАЙНА ВЕКА»

МУТИЕВ З.Ж. , КУЛЬБАЕВА А.А. 

Мутиев Зинулла Жаксылыкович – Кандидат филологических наук, доцент, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан

E-mail: zinulla_mutiev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4121-4171>

***Кульбаева Айнура Акбулатовна** – Магистрант 2-курса, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан

E-mail: ainkullbaeva@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-7187-9477>

Аннотация. В статье рассматривается рассказ Каира Бектурганова «Тайна века» как произведение, отражающее феномен взаимосвязи исторической памяти и человеческого сознания в эстетической эволюции современной казахской прозы. Цель исследования — выявить соотношение исторического и экзистенциального времени в структуре произведения, определить смысловую функцию архетипических образов и символических деталей, а также особенности неомодернистского и постреалистического мировоззрения автора. Несмотря на малый объем, рассказ отличается сложной, многослойной поэтической структурой, сочетающей философскую глубину и психологическую рефлексию. Через внутренний монолог, символическое повествование и интеллектуальную интроспекцию писатель раскрывает единство внутреннего мира человека и исторического пространства.

Образ Махамбета в рассказе представлен не только как историческая личность, но и как символ национального духа и свободы. Автор поднимает индивидуальный духовный опыт до уровня коллективной памяти, демонстрируя диалектическую связь между временем и сознанием. В исследовании применяются

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №4 (82), желтоқсан 2025
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
художественный, сравнительный, мифопоэтический и контекстуальный методы анализа, позволившие раскрыть языковые, стиливые и эстетические особенности прозы Бектурганова.

Художественная природа «Тайны века» проявляется в философском осмыслении категорий времени и пространства, в отражении коллективной травмы и исторического сознания. Символы пыли, света, тишины, дороги и окна формируют многослойную семантическую систему, побуждающую читателя к рефлексии и внутреннему анализу.

Результаты исследования показывают, что проза Бектурганова формирует новую эстетическую парадигму современной казахской литературы, основанную на когнитивных, символических и философских принципах. Рассказ «Тайна века» представляет собой произведение, по-новому осмысляющее идею национальной памяти и духовной преемственности.

Ключевые слова: Каир Бектурганов, тайна одного века, неомодернизм, постклассическая проза, психологический нарратив, фрагментарное повествование, поэтика сознания, новое направление казахской литературы.

ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ УНИВЕРСАЛЬНЫХ УЧЕБНЫХ ДЕЙСТВИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РОДНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

МАКАРОВА В.Ф.^{1*} , КАЮМОВА Г.Ф.² 

***Макарова Венера Файзиевна¹** – Доктор филологических наук, доцент, Институт языка, литературы и искусств имени Г.Ибрагимова Академии наук Республики Татарстан, г. Казань, Российская Федерация

E-mail: makarova_vf@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6344-3712>

Каюмова Гелюся Фаридовна² – Кандидат филологических наук, доцент кафедры татарской литературы, Казанский (Приволжский) федеральный университет, г. Казань, Российская Федерация

E-mail: gulfar21@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7243-7346>

***Еспенбетова Айнагүл Мейрамбекқызы¹** – Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: aikami@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0026-9678>

Исенов Өтеген Ихсанович² – Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан

E-mail: utegen59@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6616-5252>

Аңдатпа. Мақала XIX ғасырдың 2-ші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму тарихына арналған. Авторлар мәселе төңірегінде жарық көрген отандық және шетелдік еңбектерге тарихнамалық шолу жасайды. Өлкедегі капиталистік қатынастардың таралуы, сауда-саттықтың дамуы, мол табиғи ресурстар мен жеткілікті мал өнімдерінің болуы және Ресейдің отаршыл саясатының қазақ жеріндегі өндіруші өнеркәсіптің құрылуына түрткі болған басты фактор ретінде талданады. Экономикалық өңірдің басты салалары ретінде Қазақстанның түрлі аймақтарындағы былғары өңдеу, май шайқау мен әзірлеу, сабын қайнату, ұн тарту, темекі, шарап дайындау және былғары өңдеу, май қорыту мен шайқау, сабын қайнату, ұн тарту, темекі, шарап дайындау және тау-кен ісі, мұнай өңдеу, тұз өндіру кәсіпшіліктерінің құрылуы және қызметі сипатталады. Деректік статистикалық талдаулар арқылы өнеркәсіп орындарында өндірілген өнімдердің сандық, пайыздық көрсеткіштері беріледі. Ресей империясының қазақтарға қатысты экономикалық саясаты және шетелдік және ресейлік компаниялар иелерінің кәсіпорындарындағы жергілікті қазақтарды қанауы, отаршылдық сипаты талданады. Сонымен қатар, авторлар XIX ғасырдың 2-ші жартысы мен XX ғасырдың басы аралығындағы қазақ даласындағы түрлі кәсіпшіліктердің өндірістік қызметін және даму тенденциясын көрсететін сандық көрсеткіштер мен статистикалық есептік деректер негізінде салыстырмалы талдау жасайды.

Түйін сөздер: өнеркәсіп, капитализм, экономика, сауда, даму, шикізат, шаруашылық, кәсіпшілік.

Кіріспе.

Қазіргідей жахандық даму үдерісінде еліміз әлемдегі қуатты елдермен бәсекелестікке түсе алатын даму серпінін басын кешіріп келеді. Осындай аз ғана уақыттан үлкен өзгеріс пан дамудың жоғарғы сатысына жеткен еліміздің өткен ғасырлардағы тарихын, әсіресе XIX ғ. Отарлық жағдайдағы әлеуметтік экономикалық дамуын ой елегінен өткізіп, оның тәжірибесін сарапқа салуды жөн көрдік және ол Отан тарихында маңызды мәселелердәі бірін құрайтыны анық. Еліміздің экономикалық дамуында кәсіпкерлік пен түрлі шаруашылық салалары аса маңызды рөл атқарады және оның өткен тарихтағы даму жолын білу бүгінгі тарих пен болашақты болжауға мүмкіндік береді.

XIX ғасырда қазақ даласы Ресейдің қоластындағы отар ел болды. Сауда-саттықтың ілгерілеуі, мол табиғи қор мен жеткілікті мал өнімінің болуы қазақ даласында өндіруші өндірістің қалыптасуына ықпалы етті. Сонымен бірге, XIX ғ. 80-ші жылдары қазақ елінің экономикасын игеруді көздеген Ресей империясының және жергілікті фабрика-зауыттардың иелерінің өз өнімдерін кеңінен өткізуге ұмтылысы өндіруші өнеркәсіптің қарқынды дамуына жағдай туғызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының объективтілік және тарихилық қағидалары басшылыққа алынып, дәуір шындығы бейнеленді. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды талдауда логикалық бірізділікпен жүйелілік қағидаты сақталынды. Кәсіпшіліктердің қызметін және даму тенденциясын көрсететін сандық көрсеткіштер мен статистикалық мәліметтер есептік деректер негізінде іріктелініп қарастырылды. Мақаланы жазу барысында өндіріс орындарындағы өнімнің даму немесе құлдырау көрсеткіштерін анықтауда салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы әртүрлі кәсіп түрлерінің дамуы туралы деректер Қазан төңкерісіне дейінгі еңбектерде көрініс тапқан. Қазақ халқының күнделікті тұрмысында

қалыптасқан кәсіп түрлерінің болғандығын сол дәуірдің зерттеушілері А.И. Левшин мен А.К. Гейнс еңбектері дәлелдейді [1]. Кеңестік кезеңде жарық көрген М.Н. Покровскийдің еңбегінде XIX ғ. 2-ші жартысы мен XX ғ. басы Ресей империясы тарихында сауда капитализмінің дамыған кезеңі ретінде қарастырылды [2]. Осы тұжырымға сәйкес М. Вяткин, Ғ. Тоғжанов және Л. Студенецкий еңбектерін жариялады [3].

1920–1930 жылдары С.Д. Асфендияров қазақтардың нарықпен өзара байланысын және оның қоғам дамуына оң ықпалын атап көрсетті. Алайда, кеңестік тарих ғылымындағы қатаң идеологиялық шектеулер елдің өткендегі нарықтық қатынастар мен кәсіпкерлік генезисін терең зерттеуге мүмкіндік бермеді. Е. Бекмаханов төңкеріске дейінгі Қазақстандағы капиталистік қатынастардың дамуына Ресейдің прогрессивті ықпалын ерекше көрсетті [5]. Ал П.Г. Галузо, керісінше, Қазақстан экономикасында әскери-феодалдық және капиталистік қанау әдістері үстем болғанын дәлелдеп, Ресейдің прогрессивті ықпалы туралы тұжырымды жоққа шығарды [4].

Орта Азия мен Қазақстанның Ресей елімен сауда-экономикалық байланыстары, тауарлы-капиталистік қатынастардың дамуы мәселесі зерттеуші Н.Г. Аполлова, М.К. Рожкова және Т.К. Литвинова еңбектерінде қарастырылды. Мәселен, Н.Г. Аполлованың зерттеу жұмысында Қазақстанның XVIII-XIX ғ. I-жарт. сауда қатынастары сараланып, жергілікті қазақ саудагерлерінің тек делдалдық қызметпен шектелмей, Орынбор, Петропавл, Троицк сияқты бекіністер арқылы мал саудасымен белсенді айналысқаны көрсетілген [5]. Осы кезеңдегі Торғай облысындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуы тарихы және ондағы татар, орыс көпестерінің қызметі жайындағы маңызды мәліметтерді Г.С. Султанғалиеваның зерттеуінен кездестіруге болады. Сондай-ақ тарихшы Ж.К. Қасымбаевтың Шығыс Қазақстан қалаларының экономикалық тарихына арналған еңбегін ерекше атап өтуге болады [6].

Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде қазақ қоғамының урбанизациялану процесі, ауыл шаруашылығы, сауда және тау-кен өндірісінің дамуы кеңінен қамтылды. Мысалы, М. Прайс солтүстік және шығыс аймақтардағы сауда көлемінің ауқымдылығын атап өтіп, жыл сайын тек Петропавлдан Еуропалық Ресейге 30 мың тоннаға дейін ет экспортталғанын жазады [7, 44]. Жетісуда жаңа өнеркәсіп салаларының дамуы нәтижесінде көпестер мен жұмысшы топтарының қалыптасуын Л. Морган дәлелдейді. Ол, сондай-ақ, Құлжаға барар жолда Аякөзге тоқтап, Шыңғыстау кен орындары туралы мәлімет қалдырған Аткинсон ізімен зерттеулер жүргізген [8].

XIX ғасырдың соңындағы Қазақстандағы тау-кен өндірісі мен экономиканың басқа да салаларының жағдайын француз дипломаты Клавдий Оланьон «Сібір және оның экономикалық болашағы» атты еңбегінде сипаттаған. Сонымен қатар, Д. Аббот Маңғышлақ пен Жайық бойын, Дж. Кохрейн, Г. Ланселл, Т. Аткинсон Қазақстанның шығыс аймақтарын, С. Грэм Жетісу өңірін, ал Ю. Скайлер мен Дж. Макгахан оңтүстік бағытты зерттеген [9]. Олар Верный, Шымкент, Әулие-Ата, Қапал, Аякөз, Өскемен, Семей, Ақмола, Гурьев, Орал қалаларының тұрмыс-тіршілігі, халқының саны, ұлттық-әлеуметтік құрамы және сәулет ескерткіштері туралы құнды мәліметтер қалдырған.

Қазіргі кезеңде тарихшылар Х. Абжанов пен М. Қозыбаев қазақ қоғамында кәсіпкерлік топтың қалыптасу тарихын және XIX ғ. 2-ші жартысы және XX ғ. басы аралығындағы тау-кен өнеркәсібіндегі шетелдік капиталдың рөлін арнайы зерттеген [10].

Нәтижелер және оларды талқылау.

XIX ғасырдың ортасында қазақ жерінде Еуропа мен Ресейде кең тарала бастаған капиталистік қатынастардың ықпалы сезіле бастады. Қала тұрғындары мен мал шаруашылығымен айналысатын ауыл халқы арасындағы байланыстардың нығаюы, сонымен қатар тұрмыстық тұтыну тауарларына сұраныстың артуы мал өнімдерін өңдейтін кәсіпорындардың құрылуына алып келді.

Қазақ халқының экономикалық өміріндегі өзгерістердің негізгі факторлары ретінде XIX ғасырдағы нарықтық қатынастардың ене бастауы, ру басшыларының қауымдық жерлерді иемденуі, сондай-ақ қазақтардың құнарлы жайылымдық жерлерін тартып алған патша

өкіметінің отаршылдық саясатының күшеюі атап өтіледі. Бұған қоса, дәстүрлі көшу-қону жолдарының бұзылуы мал шаруашылығында дағдарыс туғызды. Бұл тарихи алғышарттар қазақ қоғамында мүлктік және жеке меншіктік жіктелудің бұрынғы кезеңдерге қарағанда анағұрлым қарқынды жүруіне себеп болды. Мұның айқын дәлелі ретінде 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағы деректерінде қазақтардың жаңа әлеуметтік топтарының тіркелгендігі көрсетіледі. Қала халқының ішінде саудагер-көпестер ерекше орын алып, мол қаржы жинақтай отырып, тек сауда жасаумен ғана емес, өз кәсіпорындарын ашу арқылы да экономикалық өсімге ықпал етті. Атап өтерлік жайт, мемлекет кәсіпорын иелеріне әрдайым қолдау көрсетіп отырды.

XIX ғасырда Қазақстан өнеркәсібінде дамыған негізгі екі сала болды: жер асты пайдалы қазбаларын іздеп-табу мен бастапқы өңдеу өндірісі және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу. Шикізат қоры мол өлкеде барлау жұмыстары бұрыннан жүргізіліп келгендіктен, қазақ даласында алғашқы өнеркәсіп орындары пайда болып, түрлі кәсіп түрлері қалыптасты.

Өңдеу салаларының ішінде былғары өңдеу, май шайқау мен қорыту, сабын қайнату, қн тарту, темекі және шарап өндіру кәсіптері алдыңғы қатарда болды. Қазақ шеберлері жүннен арқан, киіз үй жабдықтары, былғарыдан тұрмыстық бұйымдар жасап, олардың сапасы мен көркемдігі жоғары бағаланды. Деректер аңшылық кәсібінің, әсіресе ірі аңдарды аулаудың кең таралғанын көрсетеді. Сонымен қатар, аңшылықтан алынған бағалы терілер саудаға шығарылды.

Қазақ жерінде әртүрлі кәсіптердің пайда болуына ықпал еткен факторлардың қатарында патшалық Ресейдің капиталистік қатынастар жүйесіне тартылуы маңызды орын алады. Бұған қоса, көршілес Батыс Сібірдің индустриалдық әлеуеті мен Қазақстан аумағындағы мол табиғи қазба байлықтары шешуші рөл атқарды. Осы кезеңде ерекше дамыған салалардың бірі – түсті металл өндіру болды.

Шығыс Қазақстанда 1828 жылдан бастап жеке тұлғаларға мемлекет иелігіндегі жерлерде алтын өндіруге рұқсат берілген. Мәселен, Баянауыл өлкесінде 1833 жылы Томск губерниясының кәсіпкер көпесі Степан Попов түрлі бағалы металдарды игеруге рұқсат алады. 1834 жылы Қарақаралы уезінде Богословск күміс-қорғасын кенішімен қатар бірнеше кен орындарын ашқан болатын. Сөйтіп, 1836 жылы Семей облысында Черемухов редутынан таяу жерде руда балқытатын зауыт ашылды [11, 73].

XIX ғасырдың ортасында Қазақстан аумағында түсті металл өндірісі бағытында алғашқы өнеркәсіптік кәсіпорындар құрыла бастады. Солардың бірі – Благодатно-Степанов зауыты. 1844 жылы С. И. Поповтың бастамасымен салынған [12, 134]. Зауытта. 17 жыл ішінде (1844–1861 жж.) өндірілген өнім көлемі 78,3 мың пұт қорғасын, 394 пұт қара мыс және 32 пұт алтын аралас күміс болды. Кәсіпорынның қалыптасқан кезеңінде жұмысшылар саны 272 адамға жетті. Алайда өндіріс құрал-жабдықтарының тозуы, кен мен отын тасымалдаудағы қиындықтарға байланысты зауыт өз қызметін тоқтатты. 1865 жылы қалған құрылыстары өртке ұшырады, дегенмен, қысқа мерзім жұмыс істесе де, Благодатно-Степанов зауыты Қазақстандағы болашақ түсті металлургияның бастамасы болды.

1849 жылы Баянауылда Александровск күміс-қорғасын зауыты іске қосылады. Зауыт сол заман үшін ірі болмаса да, елеулі өндіріс ошақтары саналды [12, 91]. Алайда басыбайлы еңбекке сүйену, техниканың артта қалуы және кен қорының сарқылуы себебінен аталмыш зауыт 1873-ші жылы жабылып қалады..

Қазақстан жері тас көмір қорының молдығымен ерекшеленді. Орталық Қазақстандағы Қарағанды кен орнының алғаш ашылуы қазақ жұмысшысы Аппақ Байжановтың (1824–1887) есімімен байланысты. Сондай-ақ, Ертіс бойы мен Орталық Қазақстандағы бірқатар кен орындарын ашуда еңбегі зор Қ. Пішенбаев 1867 жылы Екібастұз көмір кенін, 1895 жылы Майқайын түрлі түсті метал орнын ашқан болатын. Ол Павлодарлық көпес А. И. Деровқа жалданып, маркшейдер ретінде жұмыс істеп, Александров, Талдыкөл, Жамантұз, Қарасор, Шөптікөл, Майкөбен сияқты көмір кен орындарын ашты [11, 34].

Атылмыш кезеңде ресейлік кәсіпкерлерінің қаражаттары Қазақстан жеріндегі мол қазба байлықтарды игеруге бағытталды. Олар кен орындарын жергілікті қазақтардан төмен бағаға

сатып алды. Мысалы, 1840-жылдары көпестер Н. Ушаков пен А. Рязанов ауқатты қазақстардан Қарағанды көмір кендерін, Кспен мыс кенішін, жезқазған және Спасск-Воскресенск мыс кен орындарын иемденді.

1880-жылдардың ортасына таман С.А. Попов (С.И. Поповтың немересі) Қарқаралы уезінің оңтүстік шығысында орын тепкен Космо-Демьяновск зауытын, сондай-ақ Балқаштың солтүстік жағына таяу жердегі Қызылеспе елді мекенінде Степановск зауытын ашты. Бұл зауыт үздік-создық жұмыс істеп, алғашқысы 1913- жылға дейін, соңғысы 1917-жылға дейін жұмыс істеді [10, 262].

Қазақстанның орталық және солтүстік аймақтарында кен өндіру ісімен көптеген кәсіпкерлер айналысты. Олардың қатарында Загряжский, Кузнецов, Пермикин, Перфильев, Бехметьев, Максимовтар болды. Дегенмен, тәжірибенің жеткіліксіздігі, қаржы тапшылығы және өндіріс техникасының төмен деңгейі олардың барлығының табысқа жетуіне мүмкіндік бермеді. Кейбір кәсіпкерлер оңай пайдаға ұмтылып, ақыр соңында банкротқа ұшырады.

XIX ғ. 80-жылдарында Қазақстанда қорғасын өндірісі жанданып, керісінше мыс өндірісі құлдырай бастады. Мұның басты себебі – жергілікті өнімнің сапасы жоғары шетелдік мысқа бәсекелестікке түсе алмауы еді. Дегенмен, электротехника саласының дамуы мысқа деген сұранысты арттырып, 1890-жылдары метал бағасының қымбаттауына әкелді. Соның нәтижесінде Қазақстандағы мыс өндірісі Спасск зауытының қызметіне байланысты жаңа серпін алды.

Өлкедегі тау-кен ісінің жетекші салаларының бірі алтын өндіру еді. Архивтік деректерге сәйкес, 1876 жылы Ақмола облысында бір ғана алтын кен орны жұмыс істесе, екі жылдан соң олардың саны 6 жетіп, 3 пұт алтын өндірілді [13, 37]. 1882 жылдан бастап, алтын өндіру ісінде айқын ілгерілеу байқалды, 10-нан 29-ға дейін саны артты, өндірілген өнім көлемі 7 пұтқа жетті. Бұл кезеңде алтын кен орындарындағы жұмысшылардың саны 431 ден 2086 ға дейін көбейді [14, 34].

1885 жылы Ақмола облысының Қарағанды аймағында тас, көмір, мыс және алтын өндіріліп, Көкшетау уезінде 29 алтын кен орны анықталды. Нәтижесінде 1 508 082 пұт тас көмір, 146 265 пұт алтын өндірілген [14, 34].

Өскемен уезінде алтын өндіретін 125-тен астам кеніш жұмыс істеген [11, 264]. Алайда XX ғасырдың басына қарай олардың саны екі есеге жуық қысқарды. Бұған қаражат тапшылығы, құрылыс материалдарының жетіспеуі, жол қатынасының әлсіздігі және ауыр салық жүйесі себеп болды. Зерттеуші М. Асфендияровтың көрсетуінше, бұл жағдай өнеркәсіп иелерін капиталдарын біріктіруге, өзара серіктестіктер құруға және өндіріс технологиясын жетілдіруге итермеледі.

Алтын өндірісін дамыту мақсатында Ресейдің, Сібірдің және Алтай өңірінің кәсіпкерлері мол қаржы құйды. 1904 жылы Өскемендегі 348 кеніш негізінде «Алтай алтын өнеркәсібі компаниясы», 1906 жылы «Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамы» құрылды. Соңғысы Жезқазған жеріндегі кен орындарын иемденді. XX ғасырдың басына таман қазақ жеріндегі мыс кен орындары шетелдік кәсіпкерлердің акционерлік қоғамдарының қарамағына өтті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанның кен орындары мен мұнай өндірісін игеру ісінде шетелдік кәсіпкерлердің рөлі айрықша болды. Акция иелері негізінен Англия, Франция, АҚШ, Германия, Швеция, Испания және басқа да мемлекеттердің азаматтары еді. 1906 жылы Зайсан уезіндегі бес кеніш пен рудниктің бірігуі нәтижесінде «Марқакөл алтын өнеркәсіп серіктестігі», ал 1912 жылы Өскемен уезінде «Оңтүстік Сібір алтын өнеркәсіп серіктестігі» құрылды. Алайда, кен орындары мен шахталардың тонаушылық сипатта пайдаланылуы және техниканың жаңартылмауы салдарынан олар біртіндеп жұмыс қабілетінен айырылды. Нәтижесінде өндірілген шикізаттың көп бөлігі шетелге тасымалданып отырды.

Ресейлік кәсіпкерлердің кен өндіру ісінде тәжірибесі де, заманауи техникалық құрал-жабдықтары да жеткіліксіз болды. Өндірілген өнімді өткізу барысында түрлі қиындықтарға кезікті. Соған қарамастан Ресей шенеуніктері шетелдік кәсіпкерлерді үнемі қолдап отырды.

Бұл қолдау көбіне жемқорлық сипат алды, яғни олар пара алу арқылы шетелдік капитал иелерінің мүддесін қорғады. Кәсіпкерлердің ішінде кездейсоқ адамдар да болды: қатардағы мұғалімдер, қасапшылар, ұсақ саудагерлер мен тіпті тілмаштар да кәсіпкерлікпен айналысуға тартылды. Өз иеліктерінде капитал болмағанымен, олар Батыс елдеріндегі банктерден несие алып, Қазақстандағы кеніштер мен шахталарды арзан бағамен сатып алды. Жергілікті шикізатты төмен бағамен иеленіп, кейін қымбатқа сатып, банктік қарыздарын өтеп қана қоймай, мол пайдаға кенелді.

Қазақстанның тау-кен өндірісіндегі аса маңызды салалардың бірі – мұнай өндірісі XIX ғасырдың соңына қарай қалыптасты. Алғашқы қадамдарды неміс кәсіпкері С. Леман жасады. Ол «Эмба Каспий» компаниясын құра отырып, 1894 жылы Қарашұңғыл аймағында алғашқы бұрғылау жұмыстарын жүргізді [11, 28]. С. Леман ағылшын кәсіпкерлерімен бірлесіп «Орал-Каспий мұнай бірлестігін» құрды. 1913 жылы Мақаттан мұнайдың табылуы өндіріс ауқымын кеңейтіп, жаңа кәсіпорындардың ашылуына жол ашты.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 1915 жылдың 1 қаңтарына қарай Орал облысының әртүрлі аудандарында 100-3000 фут тереңдікте 142 скважина бұрғыланған болатын. 1900–1917 жылдар аралығында Жем өңірінен бөлек, Еділ-Жайық өзендері аралығы, Мұғалжардың батысы (Мортық, Итассай), Каспий маңының орталық бөлігі (Мәтенқожа), Мақат, Ескеннің солтүстігі және Қарашұңғылда мұнай өндірілді. Солтүстік Ескенде 7, Қарашұңғылда 20 бұрғылау скважинасы жұмыс істеп, ал Қаратонда тәулігіне 80–160 тоннаға дейін мұнай алынған [15, 60].

Бұл кезеңдегі мұнай кәсіпшіліктерін қазіргі Батыс Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің негізін қалаған нысандар ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, мұнай өндіру ісі шетелдік капиталист-кәсіпкерлердің, ең алдымен ағылшындардың қолында болды. Шетелдік компаниялар мол пайда тапты, өйткені олар бірнеше артықшылыққа ие еді: біріншіден, отандық бәсекелес компаниялар болмады; екіншіден, жергілікті қазақ халқы арзан жұмыс күші ретінде пайдаланылды; үшіншіден, ағылшын кәсіпкерлері мұнай барлау мен өндіруде айтарлықтай жеңілдіктерге ие болды. Ал жергілікті халыққа мұндай мүмкіндіктер берілмеді. Нәтижесінде, шетелдік кәсіпкерлер Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінен мол табысқа кенеліп отырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан аумағында бекініс-қалалардың көбеюіне байланысты құрылыс материалдары өндірісі жанданды. Әсіресе кірпіш жасау ісі кең өріс алып, 1860-жылдары Өскемен қаласында – 3, ал Семейде – 16 зауыт жұмыс істеді. Ғасырдың соңына қарай қазақ капиталының қатысуымен өлкеде 355 түрлі зауыт (тері өңдеу, май шығару, жүн түту, май шам өндіру және т.б.) құрылып, олардың жылдық өнім көлемі 2,8–3,1 млн сомды құрады. Тері илейтін зауыттардан басқа сабын қайнататын, салы жасайтын зауыттар да қалыптасты. Өндіруші кәсіпорындардың арасында ұн шығару кәсіпорындары жетекші орынға шықты. Павлодар және Семей қалаларында ірі диірмендер пайда болды [16, 105-п.].

Қазақстандағы алғашқы тау-кен өндірісі негізінен Алтай мен Орталық Қазақстанда шоғырланды. Бұл аймақтарда түсті металдар мен көмір өндіру ісі жолға қойылды. 1855 жылы Өскеменде жұмыс істеген үш тері зауытының жалпы өнім көлемі 10 302 сомға тең болды. Семейде осындай алты зауыт жұмыс істеп, 27 800 сом көлемінде өнім өндірді. Бұдан бөлек сабын қайнататын, сары май өңдейтін, кірпіш күйдіретін кәсіпорындар да пайда болды.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ішінде ұн тарту диірмендері жетекші орынға шықты. Павлодар мен Семей қалаларында ірі диірмендер салынып, жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісі дамыды. XIX ғасырдың 60-жылдарында шарап өндіру ісі де жанданып, ұсақ тауарлы өндіріс зауыттарының саны артты. Мәселен, 1885 жылы Семей облысында 113 зауыт жұмыс істеп, оларда 1524 жұмысшы еңбек етті. Бұл кәсіпорындардың басым бөлігі мал өнімдерін өңдеумен айналысты. Алғашқы ірі өнеркәсіптік ошақтар Ақмола мен Семей облыстарында шоғырланды.

1898 жылғы деректер бойынша Семей өңірінде 13 былғары, 9 сабын қайнататын, 2 сыра ашытатын, 23 кірпіш зауыты жұмыс істеген. Көкпекті, Семей және Павлодар қалаларында 13 май өндіретін, 23 былғары және бірнеше тоң май зауыттары қызмет етті [17, 41.]. Торғай

облысында 42 былғары, май қорыту, сабын қайнату зауыттары, 202 диірмен жұмыс істеген. Мұның барлығы өнеркәсіптің дамуының бағыттарын айқын көрсетеді.

Өнеркәсіп иелерінің көпшілігі саудагер көпестер болды. Олардың қатарында орыс және татар кәсіпкерлерімен қатар, жергілікті қазақ саудагерлері де өз кәсібін дамыта бастады. Архив деректерін зерттеген Г. С. Султанғалиева атап өткендей, XIX ғасырдың соңына қарай қазақ жерінде қасапханалар, мал соятын қоғамдық кәсіпорындар пайда болып, тірі малды шетелге айдап әкету көлемі едәуір қысқарды [6].

Сонымен қатар, балық аулау кәсібі де едәуір дамыды. XIX ғасырдың екінші жартысында Еділ, Жайық, Каспий теңізі мен Зайсан өңірінде қазақ балықшылары да бұл салаға тартылып, кәсіби құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Кәсіпорындарда өндірілген балық өнімдері Астрахань және Ресейдің өзге қалаларына жөнелтілді. Жетісу мен Балқаш өңірінде де балық аулау ісі жолға қойылып, жергілікті базарларда саудаға шығарылды.

XX ғасырдың басына қарай Қазақстанда диірмендер, жүн иіру, тері өңдеу, май шығару сияқты кәсіпорындар кеңінен тарады. Орыс шаруаларының жаппай қоныстануына байланысты бидай өндіру күшейіп, ұн дайындайтын кәсіпорындар қолда бар капиталды шоғырландыруға мүмкіндік алды. 1908 жылы құрылған ұн өндіретін акционерлік қоғам синдикаты өлкедегі ірі өнеркәсіптік құрылымдардың бірі болды. Оның басшылығын белгілі көпестер М. Красильников, М. Артоманов және Л. Мусиндер атқарып, қала басқармасын да өз бақылауына алды.

Қорытынды.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Қазақстандағы тау-кен өнеркәсібі қарқынды дамыды. Қорғасын, мыс және алтын өндірісі өлкенің экономикалық құрылымын айқындап, жұмысшы табының қалыптасуына алғышарт жасады. Жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі қазақ жатақтарын өндіріс орындарына тартты, бұл өз кезегінде ауылдық қоғамның әлеуметтік жіктелуін күшейтті.

Дегенмен, өндірістің дамуында бірқатар қайшылықтар байқалды. Бір жағынан алтын мен мыс өндірісі жаңа технологиялар мен шетелдік капиталдың келуіне байланысты кеңейсе, екінші жағынан қаржы тапшылығы, жол қатынасының әлсіздігі және салық саясаты жергілікті кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін шектеді. Нәтижесінде Қазақстанның бай кен орындары шетелдік компаниялардың қолына өтті.

Осылайша, Қазақстандағы түсті металлургия саласының дамуы табиғи ресурстарды игеру мен шетел капиталының ықпалына тікелей байланысты болды. Бұл үрдіс бір жағынан аймақтың өнеркәсіптік-инфрақұрылымдық әлеуетін арттырса, екінші жағынан жергілікті халықтың экономикалық тәуелсіздігіне кедергі келтірді.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы кезеңінде Қазақстан аумағындағы сауда қатынастарының жандануы, айырбас пен жәрмеңке саудасының дамуы аймақтың отарлық сипаттағы жағдайына қарамастан, жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарды. Сауда айналымының өсуі, табиғи байлықтардың молдығы мен мал өнімдерінің жеткілікті болуы қазақ даласында алғашқы өнеркәсіп ошақтарының пайда болуына түрткі болды. Бұл өндіріс орындарының ішінде жетекші орынды мал өнімдерін өңдеуге маманданған кәсіпорындар иеленді. Сонымен қатар, руданы игеру, майда тауарлы кәсіпшіліктер, тұз өндіру, балық аулау және мұнай кәсібі де дами бастады.

Әдебиеттер тізімі

1. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или кайсак-киргизских орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.; Гейнс Л. Киргизские очерки // Военный сборник, 1866. №1. – С.145-178.
2. Володьков О.П. Проблемы торгового капитализма в работах М.Н. Покровского: диссертации... канд. ист. наук. – Омск, 2002. –120 с.
3. Вяткин М.П. Торговый капитализм в России. М.-Л.; Гос издательство, 1927. – 244 с.; Тогжанов Г. О казахском ауле. Кзыл-Орда, 1927.; Студенецкий Л.И. Очерки по экономике

казахского хозяйства// Известия. 3- СО.ИРГО. – Омск, 1929.

4. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. Алма-ата: Қазақ университеті, 1993. –636 с.

5. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстан с России со Средней Азии 40-60- годы XIX века. – Москва, 1960.

6. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начало XX вв.) – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки, 2001. – 260 с.

7. Есмаганбетов К.Л. Что писали о нас Западе. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 152 с.

8. Morgan E.D. A Journey through Semiretchia to Kuldja in 1880 // Proceedings of the Royal Geogr. Society and Monthly Record of Geography. 1881. Vol. III. PP. 150-169 pp.

9. Оланын Клавдий. Сибирь и ее экономическая будущность с предисловием Фредерика Пасси; перевод с французского А. Д. Погужова. – С.- Петербург: типография Товарищества «Просвещение», 1903. – 252 с.

10. Козыбаев М.К. Актуальные проблемы изучения Отечественной истории / М.К. Козыбаев// Материалы научной сессии ученых Министерства науки– академии наук РК. – Алматы, 1998.

11. Асылбеков М.А. Алдабергенев Қ. XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отарлау саясатының зардаптары (1860-1917). – Павлодар, 2003. – 369 б.

12. Алампиев П.М. Ликвидация экономического неравенства народов Советского Востока и социалистическое размещение промышленности (Исторический опыт Каз ССР). Издательство академии наук СССР, 1958. – 451 с.

13. Памятная книжка и адрес календарь Акмолинской области за 1887 г. – С. 203.

14. Памятная книжка и адрес календарь Акмолинской области за 1885 г. – С. 34.

15. Обзор Уральской области за 1915 г. –120 с.

16. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві 369-қ.,1-т. 2044-іс,-105-п

17. Памятная книжка и адрес календарь Акмолинской области за 1890 г. – С. 41.

References

1. Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kajsackih ili kajsak-kirgizskih ord i stepej. –Almaty: Sanat, 1996. – 656 s.; Gejns L. Kirgizskie ocherki // Voennyj sbornik,1866. №1. – S.145-178.

2. Volod'kov O.P. Problemy torgovogo kapitalizma v rabotah M.N. Pokrovskogo: dissertacii... kand. ist. nauk. – Омск, 2002. –120 s.

3. Vyatkin M.P. Torgovyj kapitalizm v Rossii. M-L.; Gos izdatel'stvo, 1927. – 244 s.; Togzhanov G. O kazahskom aule. Kzyl-Orda, 1927.; Studeneckij L.I. Ocherki po ekonomike kazahskogo hozyajstvo// Izvestiya. 3- SO.IRGO. – Омск, 1929.

4. Asfendiyarov S.D. Istoriya Kazahstana s drevnejshih времен. Alma-ata: Қазақ universiteti, 1993. –636 s.

5. Apolova N.G. Ekonomicheskie i politicheskie svyazi Kazahstan s Rossii so Sredej Azii 40-60- gody XIX veka. – Moskva, 1960.

6. Sultangalieva G.S. Zapadnyj Kazahstan v sisteme etnokul'turnyh kontaktov (HVIII- nachalo XIX vv.) – Ufa: RIO RUNMC Goskomnauki, 2001. – 260 s.

7. Esmaganbetov K.L. CHto pisali o nas Zapade. Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 152 s.

8. Morgan E.D. A Journey through Semiretchia to Kuldja in 1880 // Proceedings of the Royal Geogr. Society and Monthly Record of Geography. 1881. Vol. III. PP. 150-169 pp.

9. Olan'on Klavdij. Sibip' i ee ekonomicheskaya budushchnost' s ppedicloviem Fpedepika Passi; pepevod c fpanцузского A. D. Pogpuzova. – С.- Petepbupg: tipogpafiya Tovapishchestva «Ppocveshchenie», 1903. – 252 p.

10. Kozybaev M.K. Aktual'nye problemy izucheniya Otechestvennoj istorii / M.K. Kozybaev// Materialy nauchnoj sessii uchenyh Ministerstva nauki– akademii nauk RK. – Almaty, 1998.

11. Asylbekov M.A. Aldabergenov Q. XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында Resei

imperiasynyñ Qazaqstanda жүргızgen otarlau saiasatynyñ zardaptary (1860-1917). – Pavlodar, 2003. – 369 b.

12. Alampiev P.M. Likvidaciya ekonomicheskogo naravenstva narodov Sovetskogo Vostoka i socialisticheskoe razmeshchenie promyshlennosti (Istoricheskij opyt Kaz SSR). Izdatel'stvo akademii nauk SSSR, 1958. – 451 s.

13. Pamyatnaya knizhka i alres kalendar' Akmolinskoj oblasti za 1887 g. – S. 203.

14. Pamyatnaya knizhka i alres kalendar' Akmolinskoj oblasti za 1885 g. – S. 34.

15. Obzor Ural'skoj oblasti za 1915 g. – 120 s.

16. Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memlekettik aphivi 369-q., 1-t. 2044-ic., -105-p

17. Pamyatnaya knizhka i adres kalendar' Akmolinskoj oblasti za 1890 g. – S. 41.

РАЗВИТИЕ РАЗЛИЧНЫХ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА И В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

ЕСПЕНБЕТОВА А.М.^{1*}, ИСЕНОВ О.И.²

***Еспенбетова Айнагул Мейрамбекқызы¹** – Кандидат исторических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан

E-mail: aikami@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0026-9678>

Исенов Отеген Ихсанович² – Кандидат исторических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынулы, г. Костанай, Казахстан

E-mail: utegen59@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6616-5252>

Аннотация. Статья посвящена истории социально-экономического развития Казахстана во 2-й половине XIX - начале XX века. Авторы делают историографический обзор отечественных и зарубежных работ, опубликованных по данной проблеме. Распространение капиталистических отношений в стране, развитие торговли, наличие богатых природных ресурсов и продукты животноводства, а также колониальная политика России анализируются как основные факторы, приведшие к созданию обрабатывающей промышленности на казахской земле. В качестве основных отраслей экономической жизни анализируются создание и деятельности масложировой, мукомольной, кожевенной мыловаренного производства, табачной изделий и горнодобывающей, нефтеперерабатывающей, соляной промышленности в различных регионах Казахстана. Кроме того, авторы, на основе количественных показателей и статистических данных проводят сравнительный анализ производственной деятельности и тенденции развития различных предприятий на казахской земле во второй половине XIX – начале XX вв..

Определяется колониальный характер экономической политики Российской империи и эксплуатация владельцев иностранных компаний, по отношению к казахам.

Ключевые слова: промышленность, капитализм, экономика, торговля, развитие, сырье, хозяйство, бизнес

THE DEVELOPMENT OF PAZLICHNYKH PROMNOSTI IN THE KAZAKH STEPPE IN THE SECOND HALF OF THE 19TH CENTURY AND THE BEGINNING OF THE 20TH CENTURY

YESPENBETOVA A.M.^{1*}, ISENOV O.I.²

***Yespenbetova Ainagul Meyrambekkyzy¹** - Candidate of historical sciences, senior lecturer, Aktobe regional university named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: aikami@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0026-9678>

Isenov Otegen Ihsanovich² - Candidate of historical sciences, associate professor, Kostanay regional university named after A. Baitursynuly, Kostanay, Kazakhstan

E-mail: utegen59@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6616-5252>

Abstract. The article is devoted to the history of the socio-economic development of Kazakhstan in the 2nd half of the 19th century and at the beginning of the 20th century. The author makes a historiographical review of domestic and foreign works published on this issue. The spread of capitalist relations in the country, the development of trade, the presence of rich natural resources and livestock products, as well as the colonial policy of Russia are analyzed as the main factors that led to the creation of manufacturing industry on Kazakh soil. As the main sectors of economic life, the creation and activities of the oil and fat, flour milling, tanning, soap production, tobacco products and mining, oil refining, salt

industries in various regions of Kazakhstan are analyzed. In addition, the authors, on the basis of quantitative indicators and statistical data, conduct a comparative analysis of the production activity and development trends of various enterprises on Kazakh soil in the second half of the 19 th – early 20th centuries. The colonial nature of the economic policy of the Russian Empire and the exploitation of foreign company owners in relation to the Kazakhs are determined.

Key words: industry, capitalism, economy, trade, development, raw materials, farming, business

ТЕНДЕНЦИИ ВЫБРОСОВ ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ СТАЦИОНАРНЫМИ ИСТОЧНИКАМИ ВИТЕБСКОЙ ОБЛАСТИ

ГАЛАЙ Е.И.¹ , КАБИЕВ Е.С.^{2*} 

Галай Елена Ивановна¹ – Кандидат географических наук, кафедра Географическая экология, факультет Географии и геоинформатики, Белорусский государственный университет, г. Минск, Республика Беларусь,
E-mail: e_galai@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7153-9036>

*Кабиев Ерлан Сырымович² – Доктор философии (PhD), кафедра Географии и туризма, факультет Естественных наук, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан
E-mail: yerlanustaz@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-4600-6550>

Аннотация. В статье представлен анализ пространственно-временной динамики выбросов загрязняющих веществ в атмосферный воздух административных районов Витебской области за период 2011–2023 гг. С использованием картографического и сравнительно-географического подходов выполнена классификация районов по уровням загрязнения от стационарных источников относительно среднеобластных значений. Установлено, что в большинстве районов преобладают выбросы углеводородов, а в отдельных – оксид углерода, сернистый ангидрид или твердые частицы. Отмечены выраженные различия в структуре загрязняющих веществ по районам, а также динамика изменений долей основных загрязнителей, таких как снижение выбросов диоксида серы (SO₂), рост доли нелетучих углеводородов (НМЛОС) и оксида углерода (CO). Особое внимание уделено выделению территорий с устойчивыми уровнями загрязнения, а также зонам, демонстрирующим положительную или отрицательную тенденцию по отдельным компонентам. Установлено, что в Витебской области доля стационарных источников остается значительно выше, чем в среднем по Республике Беларусь, что требует принятия дополнительных управленческих мер. Полученные результаты позволяют более обоснованно планировать природоохранные мероприятия, ориентируясь на тип, объем и структуру загрязнений в конкретных административных районах.

Ключевые слова: атмосферный воздух, выбросы, стационарные источники, загрязняющие вещества, административные районы, уровень загрязнения, динамика выбросов, загрязнители.

Введение

В Национальной стратегии устойчивого социально-экономического развития Республики Беларусь до 2030 года особое внимание уделяется поддержанию благоприятных природных условий для жизни нынешних и грядущих поколений. Для достижения этой цели требуется комплекс природоохранных мер, основываться на которых целесообразно лишь после анализа тенденций ключевых экологических показателей. Одним из таких показателей служат выбросы загрязняющих веществ в атмосферу стационарными источниками Витебской области.

По видам экономической деятельности регион формируется прежде всего «обрабатывающей промышленностью», чья доля в валовом региональном продукте за 2022 год составила 21,5 %. Далее следуют «сельское, лесное и рыбное хозяйство» (10,8 %) и «снабжение электроэнергией, газом, паром, горячей водой и кондиционированным воздухом» (5,1 %) [1].

На долю предприятий Витебщины приходится 12,4 % общего промышленного выпуска страны [2]. Область лидирует в Беларуси по выпуску доломитовой муки (100 %), первичных полиэтиленовых полимеров (95,5 %), ковровой продукции (95,2 %), льняных тканей (свыше 90 %), обуви (более 50 %) и электроэнергии (около 30 %) [3]. Производственная деятельность, помимо выпуска продукции, неизбежно сопровождается образованием сточных вод, отходов и выбросами вредных веществ в атмосферу. Следовательно, для обоснованного планирования природоохранных мероприятий важно проследить динамику этих экологических аспектов.

Материалы и методы исследования

Для анализа пространственной и временной динамики выбросов загрязняющих веществ в атмосферу применялись картографический подход [4, 5] и данные из литературных источников [6–12]. Исследование охватывало три временных интервала: 2011–2015 гг., 2016–

2020 гг. и 2021–2023 гг. В каждом из них рассчитывались средние значения выбросов в атмосферный воздух для двадцати одного административного района Витебской области, а также в целом по региону. Кроме того, вычислялось стандартное отклонение, позволяющее оценить степень вариативности показателей.

Согласно методике, предложенной автором [13], была осуществлена классификация районов области по уровню выбросов от стационарных источников за определённый период: выделялись категории от «пониженного» до «очень высокого» относительно среднеобластного значения.

В качестве методологической базы исследования использовались сравнительно-географический и картографический методы, что позволило обеспечить комплексный подход к оценке экологической ситуации в регионе.

Результаты и их обсуждение

Экологическое состояние атмосферного воздуха во многом зависит от объёмов выбросов загрязняющих веществ, в особенности от мобильных источников. Так, в общей структуре выбросов по Республике Беларусь на транспорт приходилось 56,6% в 2016 году, при этом стационарные источники составляли 43,4%. В 2022 году соотношение изменилось: доля транспорта составила 52,3%, а стационарных источников – 47,7%. В отличие от общереспубликанской тенденции, в Витебской области доминирующее значение сохраняют выбросы от стационарных источников: 68,8% в 2016 году и 69,7% в 2022 году, соответственно транспортные источники – 31,2% и 30,3%.

Отмечается, что в 2022 году предприятия региона увеличили объёмы выбросов, в то время как от автотранспорта наблюдалось их снижение. В целом по стране за период с 2016 по 2022 год среднее значение выбросов на квадратный километр снизилось на 110 кг/км², тогда как в Витебской области – на 624 кг/км²: из них на 210 кг/км² за счёт транспорта и на 414 кг/км² – за счёт промышленных источников. При этом на душу населения в области количество выбросов уменьшилось на 14 кг.

Основными источниками загрязнения воздуха на территории Беларуси и в пределах Витебской области выступают технологические процессы, использование и обезвреживание отходов, а также сжигание топлива, которое играет менее значительную роль. Доля Витебской области в общем объёме выбросов по стране составила в 2022 году 15,1%, при этом на стационарные источники приходилось 21,9%, а на мобильные – 11,0%. В отличие от большинства других регионов, здесь сохраняется превалирование выбросов от стационарных объектов.

Согласно данным Министерства природных ресурсов и охраны окружающей среды [6], в 2021 году структура выбросов промышленных предприятий Витебской области включала: 24,8% — нелетучие органические соединения, 20,6% — углеводороды, 17,5% — диоксид серы, 15,1% — оксид углерода, 10,7% — диоксид азота, 4,6% — твёрдые частицы. Основные объёмы поллютантов поступают в атмосферу в процессе сжигания топлива и в результате производственных операций. Так, в 2021 году от сжигания топлива происходили выбросы 34,3% общего объёма диоксида серы, 25,9% оксида углерода и 22,8% диоксида азота. В то же время технологические процессы и утилизация отходов дали 15,9%, 7,2% и 3,7% этих же веществ соответственно.

Сравнительный анализ с 2016 годом показывает, что к 2021 году доля диоксида серы в структуре выбросов уменьшилась на 6%, доля оксида углерода выросла на 1,7%, а НМЛОС – на 1,5%. Прочие изменения по другим веществам были незначительными.

В Оршанском районе в 2021 году структура выбросов выглядела следующим образом: 4,2% — твёрдые вещества, 7,6% — сернистый ангидрид, 29,8% — оксид углерода, 9,3% — диоксид азота, 1,9% — оксид азота, 33,8% — углеводороды (без НМЛОС), 6,7% — НМЛОС, 6,7% — прочие загрязнители. Для Полоцкого района характерны такие значения: 12,4%, 1,4%, 22,0%, 13,0%, 1,7%, 16,0%, 30,6%, 2,9% соответственно. В большинстве районов (81%) области преобладают углеводороды как основная составляющая выбросов. В Браславском и Поставском районах наибольший удельный вес имеют выбросы оксида углерода. В

Чашникском районе в 2021 году основная доля приходится на сернистый ангидрид (40,9%) и оксид углерода (24%), при этом доля твёрдых веществ составила лишь 0,7%.

Анализ средних значений за 2011–2015 годы показал, что большинство районов (например, Браславский, Городокский, Докшицкий, Миорский и другие) находятся на уровне среднеобластных показателей. В этот период предприятия Сенненского района выбрасывали в среднем 800 тонн загрязнителей, а Верхнедвинского – 1280 тонн. По результатам классификации установлено, что к районам с пониженным и низким уровнем загрязнения относятся 20% всех территорий, с повышенным – 10%, с высоким и очень высоким – 19%. Особенно значительными остаются выбросы в Полоцком и Чашникском районах, где расположены крупные промышленные предприятия.

За период 2016–2020 годов наибольшая группа районов также характеризуется среднеобластным уровнем загрязнения (см. таблицу 1). В пределах этой группы минимальный объём загрязнений зафиксирован в Докшицком районе — 0,84 тыс. тонн, а максимальный — в Дубровенском районе — 2,00 тыс. тонн. Низкий уровень выбросов отмечается в 19% районов (Бешенковичский, Россонский, Сенненский, Шарковщинский), что коррелирует с их скромным вкладом в промышленное производство: в 2020 году на предприятия Бешенковичского района приходилось 0,3% областного выпуска продукции, на Россонский – 0,1%, Сенненский и Шарковщинский – по 0,2% [2].

Таблица 1 – Уровень загрязнения атмосферного воздуха Витебской области выбросами стационарных источников, тыс. т

Уровень загрязнения атмосферного воздуха	Административные районы	Средние выбросы загрязняющих веществ за 2016-2020гг., тыс.т
Среднеобластной (0,84-2,18)	Браславский	1,32
	Верхнедвинский	1,98
	Городокский	1,32
	Докшицкий	0,84
	Дубровенский	2,00
	Лепельский	1,22
	Лиозненский	1,68
	Миорский	1,82
	Поставский	1,64
	Толочинский	1,84
	Ушачский	0,86
	Шумилинский	1,26
Пониженный (меньше 0,84)	Бешенковичский	0,64
	Россонский	0,46
	Сенненский	0,66
	Шарковщинский	0,58
Повышенный (2,18- 3,10)	Глубокский	3,10
Высокий (3,20-6,00)	Витебский	5,90
Очень высокий (больше 6,0)	Оршанский	7,84
	Чашницкий	14,40
	Полоцкий	55,10

На основе статистической обработки данных Национального статистического комитета установлено, что среди всех районов Витебской области только два – Витебский и Глубокский – демонстрируют соответственно высокий и повышенный уровни загрязнения атмосферного воздуха по сравнению со среднеобластными значениями.

В Витебском районе размещены такие промышленные предприятия, как ОАО «БелВитунифарм», ОАО «Витебский плодовоовощной комбинат», а также производственные мощности ООО «Альянспласт», выпускающее полимерную упаковку, и предприятия по изготовлению алкогольной продукции [14]. Административный центр области – город Витебск – характеризуется высокой концентрацией промышленных объектов, в том числе 70 крупных. В структуре промышленности города в 2020 году наибольшую долю (55,5%) занимали предприятия по производству и распределению энергоресурсов, обрабатывающая промышленность обеспечила 42,8%, а добывающая – 1,7% [1]. Витебск формирует 29% от совокупного объема промышленного производства области, в то время как на Витебский район приходится около 3% [10].

Глубокский район выделяется как по числу хозяйствующих субъектов, так и по масштабам промышленного производства [15]. В его структуре функционируют 22 предприятия, среди которых ОАО «Глубокский молочноконсервный комбинат», «мясокомбинат», «комбикормовый завод», «Плиский льнозавод» и другие. Молочноконсервный комбинат относится к четвертой категории по воздействию на воздушную среду, эксплуатирует 30 источников загрязнений, выбрасывая 31 наименование вредных веществ, включая оксид углерода, диоксид азота, аммиак и аэрозоли свинца. На мясокомбинате действует 59 стационарных источников выбросов, в числе основных загрязнителей – оксиды азота, серы, аммиак и угарный газ. Газоочистные сооружения на предприятиях отсутствуют. Главными источниками загрязнений в районе выступают котельные, использующие в качестве топлива дрова, мазут и природный газ.

К районам с очень высоким уровнем загрязнений за 2016–2020 годы относятся Полоцкий, Оршанский и Чашникский районы. За указанный период объем выбросов в Оршанском районе достиг 7,84 тыс. тонн, в Полоцком – 55,08 тыс. тонн.

Полоцкий район – один из ключевых центров нефтехимии в стране. Здесь расположены крупнейшие предприятия, включая ОАО «Нафтан» и его подразделение – завод «Полимир», Новополоцкая ТЭЦ РУП «Витебскэнерго», ОАО «Полоцк-Стекловолокно», а также ОАО «Полоцктранснефть Дружба». Эти пять объектов обеспечивают около 95% всех выбросов по району [16]. Наибольшее загрязняющее воздействие оказывают установки серной кислоты, водородные установки, объекты газового хозяйства на территории ОАО «Нафтан». Промышленность города Новополоцка обеспечивает 42,7% общего объема промышленного производства Витебской области, тогда как район в целом формирует 5,1%.

Чашникский район также относится к числу индустриально развитых. На его территории работают 16 промышленных предприятий, 14 из которых сертифицированы по ISO 9000. В Новолукмле сосредоточены предприятия, включая Лукомльскую ГРЭС и заводы по выпуску стройматериалов, керамзита и прочей продукции. В Чашниках действуют предприятия легкой, спиртовой и целлюлозно-бумажной промышленности [17].

Оршанский район представлен разнообразными производствами – от станкостроения до пищевой промышленности. Здесь находится единственный в Беларуси крупный льнокомбинат, и район обеспечивает 7,7% промышленного производства области [1].

По уровню выбросов за 2021–2023 годы к среднеобластной категории отнесены Верхнедвинский, Шумилинский, Толочинский, Миорский, Лиозненский, Лепельский, Дубровенский, Докшицкий, Городокский и Глубокский районы. В Шумилинском районе зарегистрировано 1,2 тыс. тонн выбросов, во Верхнедвинском – 2,4 тыс. тонн; стандартное отклонение по этим данным составило 1,73 тыс. тонн.

К пониженной категории загрязнения относятся Бешенковичский, Браславский, Россонский, Сенненский, Ушачский и Шарковщинский районы. Уровень выбросов в них варьируется от 0,58 тыс. тонн (Россонский) до 1,06 тыс. тонн (Браславский). Поставский район продемонстрировал показатели на уровне 3,55 тыс. тонн за 2021–2023 гг., что соответствует повышенному уровню. Районы с высокими и очень высокими выбросами в этот период – Витебский, Оршанский, Чашникский и Полоцкий.

Сравнительный анализ за два временных интервала (2016–2020 гг. и 2021–2023 гг.)

